

Екі айда бір шығатын, мектепке дейінгі сәби тәрбиесіне арналған, ғылыми әдістемелік, педагогтік журнал

№1 (196) қаңтар-ақпан 2020 ж.
Журнал 1994 жылдан бастап шыға бастады

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дуанбекова
Бейбітқұл Сатыбалдықызы
Бөлім редакторы – Әсем Ғабиденқызы
Дизайнер – Әмір Әбсадық

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Әбішқызы Сайраш
Бәтібаева Сәуле
Бейсенбиева Күләш
Беркімбаева Шамша
Жұмабекова Фатима
Қалыбаева Рахима
Шимашева Рахат

Теруге жіберілген күні 11.11.2019
Басуға қол қойылған күні 25.11.2019
Таралымы 900
Қалпы 84x108
Копьютерлік басылым
Баспа табағы 4,0
Шартты баспа табағы 4,67
Тапсырыс 21
Индекс 75745

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Алматы қаласы
Халиулина көшесі 212/25
Ұялы тел: 8 701 258 89 26,
8 701 307 16 18

Электронды пошта:
duanbekova58@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №8955-Ж куәлігі берілген.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Отбасы және балабақша» ЖШС
«VEDA PRESS» баспаханасында басылды.
тел. +7 (727) 266 55 87
тел. +7 (727) 266 27 65
© «Отбасы және балабақша».
№1 (196) қаңтар-ақпан 2020 ж.

МАЗМҰНЫ

ТӘРБИЕШІ, СІЗ ҮШІН: ОҚЫ, ҮЙРЕН, ҚОЛДАН

С.Е.АСКАРОВА. Мектепке дейінгі мекемеде Н.А.Зайцев технологиясын қолданудың тиімділігі..... 2
А.А.СУЛЕЙМЕНОВА, Г.А.САМРАТОВА. Ф.Фребель әдістемелерінің өзектілігі..... 3
М.Б.АБЕУОВА. «Қиын баламен жұмыс» 4
М.Т.ИБРАЕВА. «Сиқырлы қалашыққа саяхат» 6
А.КАЛИЕВА. «Ұрпақ тәрбиесі – ел болашағы» 8
Ұ.С.ШЫҒЫСБАЕВА. «Бүгінгі бала – ертеңгі тұлға» 9
Н.А.ЖИБЕКОВА. Театр – ғажайып, сиқырлы әлем 10
А.Б.СӘМЕН. Би қойылымдары арқылы баланың танымдық қабілетін жетілдіру 11

БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАМЫЗДА

И.Н.ЖОЛДАНБАЕВА. Инновациялық үдеріс арқылы педагогтардың күзиреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы 12
Ш.Н.САДЫРОВА. «Қарым-қатынас жасауды үйренеміз» бағдарламасы негізінде педагогтармен өткізілетін шеберлік сыныбы 13
Н.Д.СҰЛТАНОВА. «Мейірімді адам - мәдениетті қоғам» 16
Л.М.ИЛЬЯСОВА. «Нн» дыбысы және әрпімен таныстыру 17
Х.Ж.БАТЫРОВА. «5 саны мен цифры» 18
А.Қ.АБУЕВА. «Қыс қызығы» 19
А.САХБАЛИЕВА. «Ғажайып қар ұлпалары» 20
А.С.ИМАНГАЛИЕВА. «Тәуелсіз еліміздің болашағы – бүгінгі жас ұрпақ» 21
Г.Ө.БЕКБАУЛИЕВА. «Мен табиғаттың бөлшегімін» 22
А.Х.УНДАГАНОВА. «Құстар біздің досымыз» 23
Л.М.УМБЕТАЛИЕВА. «Жәндіктер әлемі» 24
Г.Т.БАЗАРҒАЛИЕВА. Сюжетті-рөлдік ойын мазмұнын жаңарту 25
Г.О.ФЁДОРОВА. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» 26
М.И.АХМЕТОВА, Б.Р.ТУЛЕШОВА. «Әуежай» 27
Н.А.КЕНЕТАЕВА. «Бала тәрбиесі тал бесіктен басталады» 28

БАЛАБАҚША ТЫНЫСЫ

З.ҚАЛМАҒАНБЕТОВА. Баланың психикалық даму ерекшеліктері 33
М.С.БАТЫРҚҰЛОВА. «Бала тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану әдісі» 34
Г.М.УМИРБАЕВА. «Баланың шығармашылық қабілетін дидактикалық ойындар арқылы дамыту» 35
Ж.К.УРКИНБАЕВА. «Дыбыс және әріптер» 36
Г.С.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА. «Мен және менің отбасым» 37
Б.Г.ХОДЖАЕВА. «Өз-өзімді құрметтеймін» 38
Б.О.МОЛДАБАЕВА. «Табиғаттағы қауіпсіздік ережесі» 39
Қ.Н.УЗБЕКБАЕВА. «Күлдіргіш бізде қонақта» 40
Д.Д.ТАЛАСБАЕВА. «Ғажайыптар әлеміне саяхат» 41

ТӘСІЛ НЕГІЗІ –ТӘЖІРИБЕ

Г.А.ТУРСАНИНА. «Ата мен әжеде қонақта» 42
Р.ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ. «Көңілді ноталар» 43
М.З.ОСПАНОВА. «Саусақ театры» 44
С.Н.УЙДИЕВА. «4 саны және цифры» 45
Г.С.ЖИЕНБАЕВА. «Түстер» 46
А.Е.АБДИЕВА. «Сандар», «Цифры», «Numbers» 47
Б.Д.СЕЙЛЖАНОВА. «Су – тіршілік көзі» 48
А.Ж.КЕЛГЕНБАЕВА. «Қонжық бізде қонақта» 49
Г.Д.ТУРАЛИЕВА. «Көңілді қыс» 50
Ұ.Б.ОРЫНБАЕВА. «Ұлпа қарлар» 51

ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ

ТЕЛЕГЕНОВА Г.О. «Развитие интеллектуальных способностей детей через развитие мелкой моторики» 52
БАЙБОЛОВА Г. К. «Связь игр детей с трудом» 53

ВОСПИТАТЕЛИ ДЕЛЯТСЯ ОПЫТОМ

АЛИЕВА А.Г. «Моя Родина – Казахстан» 55
САПАРГАЛИЕВА А.К. «English with Matt» 56
АҚМЫРЗА Ә.М. «Domestic animals» 57
УРАЗГАЛИЕВА М.Л. «Все профессии важны, все профессии нужны» 58
БУКАРЕВА Н.С. «Путешествие на поезде» 60
МУХАМБЕТАЛИЕВА Г.З. «Салон красоты» 61
ДЮСЕНОВА Р.Т., АБДИЕВА Б.С. «Ателье» 62
КАРА С.И. «В поисках цветка здоровья» 63

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ Н.А.ЗАЙЦЕВ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**АСКАРОВА Саяра Ершатқызы,
Павлодар қаласындағы
№30 сәбилер-бақшасының әдіскері**

Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолданудың маңызы зор. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық технологиялардың элементтерін ұтымды пайдалану нәтижесінде жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелей аламыз. Оқуды, жазуды және санауды меңгеру бойынша әдістерді толық әрі көлемді түрде өз ісінің шебері, питейлік ұлы педагог-новатор Николай Александрович Зайцев әзірлеген болатын. Ол «Зайцев кубиктері» атты еңбектің авторы. Оның әдістемесі бойынша – ойын арқылы оқытудағы еркіндік – сабақтың негізгі ережесі. Зайцев орталығындағы сабақта балалар секіріп, көп қозғалыс жасап жүре беруіне болады. Балалар таблицадан кубикке көшеді, тақтаға қарайды, қолдарын шапалақтайды, аяқтарын топылдатады. Мұның барлығын жан дүниесімен жасайды. Бұл жәй демалу үшін жасалатын сергіту сәті емес. Н.Зайцевтің айтуы бойынша, кез-келген ойынның негізі ізденіс пен өзіндік қалауды құрайды. Балалар ойнай жүріп оқып, сөздерді буынға бөліп, екпін қойып, сөздерге дыбыстық талдау жасап, сөйлем құрастырып, санап, жазып үйренеді. Зайцев әдістемесі сезіну, есту, көру сияқты сезім мүшелерінің жұмыс атқаруына жағдай жасайды. Сезім мүшелерінің жетілуі қоршаған ортаны жоғары деңгейде қабылдауға негіз болады. Бұл, балалардың сөйлеуін, шығармашылық қабілетінің белсенді түрде дамуын қамтамасыз етеді. Зайцевтың әдістемесімен жұмыс жасай келе педагог балаларды оқу мен жазуға үйретуден басқада мақсаттар мен міндеттерді нық қоя білуі керек.

Технологияның негізгі мақсаттары: Мектепке дейінгі 5 жастағы баланы санауға, оқуға үйрете отырып, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Фонемалық принципты қолданбау. Балаларды оқу арқылы жазуға үйрету. Көрнекіліктерді кеңінен пайдалану, баланың білімді барлық сезім мүшелерімен қабылдауын қамтамасыз ету.

Зайцев әдістемесінің дидактикалық құрамы 4 бөліктен тұрады: Текше. Кесте. Құрамалы суреттер. «Түзу жазамын» көмек құралы.

Бұл әдістеме бойынша оқу мен жазуды білмейтін, әріптерді танымайтын, дыбыстық-әріптік талдауды мүлдем немесе жеткілікті деңгейде білмейтін балалар-

мен жұмыс жүргізіледі. Жұмыс шартты түрде 4 кезең бойынша өтеді. (Әрбір кезеңнің ұзақтығын өзгертуге болады).

Оқыту кезеңдері: Алғашқы оқыту кезеңі – дайындық. Оқытудың негізгі кезеңі. Үшінші кезең. Қорытынды кезең.

Зайцев текшелері – ақпаратты хабарлаудың бірнеше жүйесін пайдалана отырып, ойын кезінде жаңа біліммен оқыту үшін дамытушы материал. Жиынтықта 52 текше берілген, оның 17-сі қайталанатын. Сондай-ақ, құрамалы қағида бойынша – жуан, қосу, жіңішке, буын болып саналатын кестелер жасалған. Барлық текшелер былай ажыратылады: толықтырылған (дыбыс бойынша), өлшемсіз, салмағы, түсі. Картондар буктемелер арқылы кубикке жиналады, оған қосымша 3 қағаз таблицасымен (2 оқуға, 1 математикадан), әдістемелік нұсқаулықпен қамтылған.

Зайцев текшелері мен кестелері бөлмеде, топта (тіпті барлық текшелер) бірден үстелге жайылады, ал, кестелер текшелердің үстінде шамамен педагогтың бойына сай қабырғада ілулі тұрады. Кестелердің биікте ілінуі – балалардың көру қабілетінің нашарлауы мен омыртқасының қисаюының алдын-алу болып табылады. Кестенің астында текшелерден сөз және сөйлем құрау үшін ілгіш ілінеді. Текшелер белгісіне қарай бөлінеді.

Өлшем бойынша: Көлемді (қатаң дыбысты құрылымды). Кішкентай (жіңішке дыбысты құрылымды). Толықтырылуы немесе дыбысына байланысты: Алтын (дауыссыз дыбыс берілген текше). Темір (ұяң дауыссыз құрылымды). Ағаш (дауысты басып шығатын текшелер). Темір – ағаш (жуан белгі құрылымына арналған текшелер).

Кестеде жазылған әріптердің түсіне байланысты: Дауысты – көкшіл; дауыссыз – көк; жуан және жіңішке белгі – жасыл. Бірқалыпты немесе қосарланған текшелер. Қосарланған текшелер саны – алты. Олар:

1. ЙА, ЙЯ
2. ЖЁ, ЖО, Ж, ЖЬ
3. ШЁ, ШО, Ш, ШЬ
4. ЦИ, ЦЫ
5. ЧЁ, ЧО
6. ЩЁ, ЩО, Щ, ЩЬ

Тыныс белгісі берілген текше. Текшелер салмағы бойынша ажыратылады.

Текшелердің ерекшеліктері: 12 түс бойынша, көлемі бойынша, дыбыстық орындалуы, салмақ бойынша, вибрациялық толқу, аудио жазбалар.

2-3 жастағы балаларды оқытып үйрету үшін сөздердің құрылымы мен оқылуының арасындағы айыр-

шылықты ұғынудың қажеті жоқ. Бұл жастағы баланың сөйлемнің мағынасын толық біліп қабылдауы, ойлауы жеткілікті түрде дамымаған. Алайда, бала сөзді және жеңіл сөз тіркесін құруға қабілетті. Қорыта келгенде текшелермен ойнау арқылы балалардың сөздік қоры артады, логикалық ойлау қабілеті қалыптасады, логопедтік кемшіліктері түзетіледі, кимылдау, қиялдау, есте сақтау, жылдамдық пен шапшаңдық сияқты іс-әрекеттері мен білімдері нығайтылады. Баланың сәби кезінен бастап сауатты жазуға дағдысы қалыптаса бастауы да маңызды болып табылады. Одан басқа, бала өздігінен жұмыс жасауды үйренеді, тілді үйрену кезі жақсы көңіл-күймен және эмоциялы түрде ойда сақталып қалады. Негізі сабақты – көңілді және қызғылықты түрде өткізу

керек. Әрекет барысында бала өзара қарым-қатынасқа түсіп, ұжыммен жұмыс істей алады. Текшелермен жұмыстың түрлері өте көп. Сондықтан оларды әр ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қолданса, ол баланың ақыл-ойын дамытып, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қызығушылығын арттырады. Оқу іс-әрекет барысында бала өзін еркін ұстайды, оның ізденімпаздық, тапқырлық, байқағыштық, зерттеушілік, буындарды тану, салыстыру, ойлау қабілеті оянады. Және сөздік қорын молайтады.

Құрметті әріптестер, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» – деп, ұлы Абай атамыз айтқандай сауатты да білімді ұрпақ тәрбиелеу мақсатында үнемі ізденісте болайық.

Ф.ФРЕБЕЛЬ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

**СҮЛЕЙМЕНОВА Айгүль Альмуханқызы,
САМРАТОВА Гульжан Арыстанқызы,
Қостанай қаласындағы №61 бөбекжай-
бақшасының тәрбиешілері**

Фридрих Фребель – атақты неміс педагогы, алғашқы балабақшаның негізін қалаушы және жеке тәрбие жүйесін әзірлеушісі. Ф.Фребельдің еңбектері әлі күнге дейін өзекті болып қалады және мектепке дейінгі білім беруде қолданылады. Бұл баланы тәрбиелеу және дамыту үшін оның ережелерін пайдаланудың мәні бар екенін білдіреді. Бүгінгі күнде де оның әдістемелерінің өзектілігін жоғалтпауының себебі неде екенін білгіңіз келе ме? Біз әдістеменің артықшылықтары мен кемшін тұстарын таразылап, «Фребель сыйлары» ойын жинағы туралы ой бөліспекпіз. «Фребель сыйлары» ойын жиынтығының құрамындағы «сыйлықтар» саны алты. Кемпіркосактың барлық түстерін (жіппен 7 доп) ажыратуға және кеңістікті бағдарлауға үйретеді (жоғары, төмен және т.б.). Шар, текше және цилиндр бірдей өлшемде – геометриялық пішіндермен және олардың айырмашылықтарымен таныстырады. Үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы жинақтар – бірнеше бөлікке бөлінген кубтар (текшелер, призмалар, кірпіштер және т.б.) құрылысқа арналған конструкторлар ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар, болашақ ғалымдарға гимараттар, көпірлер, мұнаралар және т.б. құрылыстар үшін «өмір нысандары» әзірленген. Ата-аналардың пайымдауынша бұл әдістің сөзсіз артықшылығы балаға, оның қажеттіліктері мен



жеке қабілеттеріне назар аудару болып табылады. Ал ата-аналармен бірлескен іс-әрекет отбасының әрбір мүшесінің психологиялық жайлылығы мен дамуын, берік байланыстар мен өзара түсіністікті орнатуды қамтамасыз етеді. Әдістеменің қандай кемшіліктерін айта аламыз? Фребель әдістемесі Мектепке дейінгі педагогиканың дамуына үлкен әсер етті және кеңінен таралған. Бірақ бастапқы түрде технологиялардың даму деңгейіне және біздің уақыт жылдамдығына сәйкес келмейді. Қалай ойлайсыз, неге бүгінгі таңда бұл әдістеме, мысалы, Монтессори сияқты танымал емес? «Фребель сенсорлық тәрбиенің негізін қалаушы болғанын атап өткен

жөн. Сонымен қатар, Мария Монтессори ойлау, сезім, көру және дыбысты дамыту үшін сенсорлық жаттығуларды белсенді қолданды. Сонымен қатар, Фребель әдістемесі балалардың қызметін барынша регламенттейді, соған қарағанда Монтессори әдістемесі педагог балаға көп қырлы даму үшін орта жасай отырып, процесті тек бақылап отыруына бағытталған».

Тәрбие принциптері егер балаларды дамыту мен оқыту әдістемесінде ең бастысы – уақытты тексеру болса, онда бұл ардагердің құрметті атағына лайық, өйткені ол бұл әдістемені 250 жыл бұрын ойлап тапты. Біз атап өткендей, жүйе бізге ғылыми еңбектер мен педагогикалық қызметтің негіздерін ғана емес, сонымен қатар балабақша сыйлады! Неміс педагогының сөзіне қарағанда, жеке тұлғаның қалыптасуы қажет. Енді әдістеменің негізгі аспектілерін қысқаша белгілеп көрейік:

Ойын. Фребель тұтас ойын кешенін әзірледі: доптар, блоктар жиынтығы (конструктор), олар кубтық қорапша, қағаз оригами – бұл ойындар ерте жастан бастап қол жетімді формада балаларға геометрия ережелерін түсіндіреді. Кеңістікті бағдарлауды қалыптастырады. Біз «дарындар» туралы толығырақ айтамыз.

Тіл дамыту. Бұл жерде біз шағын моториканы дамытудың маңыздылығы туралы атап өтсек, қағазбен, таяқшалармен, бояулармен, жапсырмалармен жұмыс жасау сөзге оң әсер ететініне көз жеткіздік.

Шығармашылық сабақтар кезінде балалар әңгімелесіп, орын алған жағдайды талқылауы керек. Қорытындылай келе, ғалым баланың қызметін регламенттеу үшін сөз сөйледі. Ата - ана мен тәрбиеші-жолсерік, олар баланы оның сабақтарында шектеу міндетін өзіне алады, дамудың барлық аспектілеріне уақыт бөледі. Бұл күшті және дамыған тұлғаны тәрбиелеу үшін маңызды.

Қоршаған махаббат. Фребель балалармен шынымен ұнайтын нәрсемен айналысу керек екенін талап етті. Сонымен, оның балабақшасында балалар көп ән айтып, жануарлар туралы тарихты тындап, гүлдерді көрді.

Ұжымдық тәрбие. Ғалым балаларға өз құрдастарымен көбірек уақыт өткізу өте маңызды деп санайды. Жазалардың болмауын талап етеді. Педагог балаларға қатысты кез келген түрдегі қатыгездікті жоққа шығарды.

Фребель әдістемесінің де өз кемшіліктері бар. Олардың кейбіреулері туралы айтып береміз, олардың барлығы субъективті, артықшылығы сияқты. Біріншісі – мектепке дейінгі баланың іс-әрекетін нақты регламенттеу. Басқа тәрбие жүйелерінен айырмашылығы, балаға толық көлемде дербес болуға мүмкіндік бермейді. Және бұл көптеген ата-аналарға ұнамайды. Біріншіден, балаға көп көңіл бөлуге тура келеді (Сіздің ұлығыз немесе қызыңыздың үнемі не істеуі керектігін қадағалауыңыз керек). Екіншіден, барлық балабақшаларға ұсынуға мүмкін оқыту бойынша әдістеме. Бұл мектепке дейінгі мекемелерде балаға ұзақ уақыт беріледі, бұл жүйенің мәніне қайшы келеді. Үшінші – бала өз бетінше өседі. Мұндай қарама-қайшылық бәрінен де күшті сезіледі. Бір жағынан, біз үйлесімді тұлғаны дамытамыз, балаға бос уақытты толық бөлеміз, бірақ қызығушылықтары бойынша өзіндік бос уақыты жоқ, кері жағы да бар. Ол шешім қабылдап, өз іс-әрекетіне жауап бере алады. Артықшылықтарына тоқталар болсақ, бұл ғалымның мектепке дейінгі білім беру институтына қосқан үлесі. Оның көмегімен балабақшалар көптеген елдерде мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде жетекші орынға ие болды. Ұлы педагог біртұтас әдістеме құрды, оны практикалық құралдармен жабдықтады және өмірге енгізді.

«ҚИЫН БАЛАМЕН ЖҰМЫС»

**АБЕУОВА Макпал Бекболатқызы,
Семей қаласындағы №7 «Ақ бота»
ясли-бақшасының педагог-психологы**

Осы тақырыпты қозғаудағы мақсатым, баланың қиын тәртібімен жұмыс істеуде тәрбиешілердің психологиялық сауаттылығын арттыру, олармен жұмыс істеудің тиімді жолдарын ұсыну және баланың қиын тәртібінің пайда болу себептерімен таныстыру. Қиын балалар дегенде, көбінесе гипербелсенді және агрессивті балаларды айтып жатады. Сонымен қатар қобалжығыш,

ұялшақ, тұйық баланы да жатқызуға болады. Қобалжуы басым балалар – кез келген әмірлік жағдайларда, тіпті ол елеусіз мәселе болса да, үнемі алаңдаумен болатын адамның жеке психологиялық ерекшелігі тән балалар. Өздеріне қоятын талаптары тым жоғары, өздеріне әрдайым сын тағады. Олардың өзін бағалауы өте төмен, барлық жағынан басқалардан нашармын деп есептейді. Мұндай балалар қашанда ересектердің қолдауын күтеді. Балалардың қобалжуының туындау себептері: Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы және түрлі себептерден пайда болатын ішкі қақтығыстар.

Қобалжуы басым балалармен 3 бағытта жұмыс жасау ұсынылады: Өзін-өзі бағалауын жоғарылату. Баланы

қобалжытатын жағдайларда өзін басқаруға үйрету. Денесін қысымнан босату.

Агрессивті балалар – тіл алмайтын, қатарластарына өте қатал қарайтын, төбелескор, шектен тыс белсенділік танытатын балалар. Ондай бала басқа балаларға үнемі шабуыл жасайды, оларды мазақ қылады және ұрады, ойыншықтарын алып қояды, сындырады, бір сөзбен айтқанда балабақшаның «қорқынышына» айналады. Олар ересектердің түсінігі мен қолдауына мұқтаж. Сондықтан біздің міндетіміз – балаға уақытылы жәрдем беру.

Балалардың агрессивті тәртібінің себептері: Ата-аналарының қабылдамауы. Олардың тарапынан дұрыс қатынас жасалмауы. Жағымды эмоционалдық байланыстардың үзілуі. Орынсыз айтылған сындар мен баланы төмендететін ескертулер. Ата-ана назарынан тыс қалу. Физикалық белсенділігіне шектеу қою және баланың жеке ерекшеліктері, оның мінезі, темпераменті де өз әсерін береді.

Мұндай балалармен жұмыс 3 бағытта жүргізілуі керек:

1. Баланың ашу-ызасымен жұмыс істеу – яғни балаға өз ашу-ызасын басқа адамдарға зиянын тигізбей шығаруды үйрету.

2. Өзін-өзі бақылауды үйрету.

3. Баланың сезімдерімен жұмыс істеу – өзінің және басқа адамдардың көңіліне қарау, өзін басқа адамның орнына қоя білу, басқаларға сену сияқты қасиеттерді үйрету.

Гипербелсенді балалар – қозғалыс белсенділігі шектен тыс жоғары балалар. Олар бір сәт тыныш отыра алмайды. Күнімен қозғалыста, біреудің артынан қуады, секіреді, жүгіреді, тыным таппайды. Оның бірнәрсеге қызығушылық танытуы өте сирек. Бала үнемі қозғалыста болса да ебедейсіз келеді, жүгіріп жүріп заттарды құлатады, ойыншықтарды сындырып алады, жиі құлап қалады. Көңіл-күйі күрт өзгереді. Бірде қатты қуанып жүрген бала, енді бірде бітпейтін еркелігін көрсетеді.

Гипербелсенділіктің туындау себептері: Генетикалық себептер (тұқым қуалау арқылы беріледі); биологиялық себептер (аяғы ауыр кезде мидың жарақаттануы, туу кезіндегі жарақаттар); әлеуметтік-психологиялық себептер (ата-аналардың ішімдікке салынуы, тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылмауы).

Мұндай балалармен қалай жұмыс жасау керек?

- Олар жазалауды қабылдай алмайды, керісінше, мақтау сөз оларға жақсы әсер етеді.

- Қиын жағдайда баланы құшақтау, жұбату, өзіне жақын тарту жағымды нәтиже береді, ал үнемі ұрысу, шектеу қою жағдайды одан бетер өршітеді.

- Баламен бірлесіп оның күнделікті күн тәртібін ұйымдастыру оның дұрыс қалыптасуына көмектеседі.

- Баланың талпыныстарын жиі айтып, мақтап отыру оның құштарлығын арттырады.



- Гиперактивті бала көпшілікті көтере алмайды, сондықтан оған бір ғана адаммен болу пайдалырақ.

- Мұндай балаларды қатты шаршатпау керек, шаршау олардың өзін-өзі басқаруын төмендетіп, белсенділігін арттырып жібереді.

Ұялшақ балалар – өзін және өз мүмкіндіктерін басқа адамдар алдында көрсетуден қысылатын балалар. Ұялшақтыққа себеп болатын факторлар: Ерте анасынан айрылу. Ата-аналарының шектен тыс қаталдығы. Балаға қойылатын талаптардың көптігі.

Ұялшақ балалармен қалай жұмыс істеу керек? Бұл сауалға жауап ретінде төмендегідей кеңес береміз.

1. Оны басқа балалармен салыстырмаңыз және де оның сәтсіздіктерін бетіне баспаңыз. Керісінше, оның аздаған жетістіктерін атап сол үшін мақтай біліңіз. Басты міндет – балаға шынайы сенім білдіру.

2. Оны асықтырмаңыз, жаңашылдыққа үйренуіне уақыт беріңіз. Ұялшақ балаға жаңа жағдайлармен танысуға, қарауға, мұндағы тәртіпті түсінуге біраз уақыт қажет.

3. Баланы батыл болуға күштемеңіз. Ересектердің батылдыққа үйретіп айтқан кеңестері еш нәтиже бермейді. Себебі, бала 7 жасқа дейін сезімдер мен бейнелер әлемінде өмір сүреді.

4. Балаға да, баланың көзінше де айқайлауға болмайды.

5. Балаға шектен тыс талап қою өте қауіпті. Бала оның тәртібіне, жетістіктеріне қарамастан өзін бағалайтындығын сезінуі керек.

6. Бала өз мүмкіндіктерін көрсете алатын, өзіне деген

сенімділігін арттыратын, қатарластарының құрметіне ие болатын жағдайлар қалыптастыруға тырысыңыз.

Тұйық балалар – онша сөйлемейтін, балалармен онша ойнамайтын, тек жалғыздықты қалайтын балалар. Мұндай балалар табиғатынан үндемейді, көзін үнемі төмен салып жүреді, иығы еңкіш тартып тұрады, бірнәрсе айтсаң қалтырап кетеді, сөйлегенде ешқашан бетіңе қарамайды. Балалардың тұйық мінезінің түрлі себептері бар: Баланың жеке психологиялық ерекшеліктері, жандүниесінің нәзіктігі. Баланың жанұяда жалғыз өскендігі. Ата-аналарының туыстарымен дұрыс араласпай, баланың көзінше тек жағымсыз пікірлер айтуы. Ата-анасының балаға дұрыс көңіл бөлмеуі. Табиғи, туа біткен кемістіктің болуы.

Тұйық балалармен жұмыс жасауда мынадай кеңестерді есте сақтаған жөн:

1. Ар-намысына тиіп, ақыл айта бермеу;
2. Бақылау арқылы баланың бойындағы қорқыныштарын анықтап, оны жеңуге көмектесу;
3. Сөйлеу, зейін, іс-қимыл дағдыларының қалыптасуына көмектесу;
4. Эмоционалдық жайсыздықтан құтылуға көмектесу;

5. Белгілі бір іске деген қызығушылығын арттыру.

Қиын балалармен қарым-қатынастағы қиыншылықтар және оларды шешу жолдары ретінде тәрбиешілерге ұсынысым:

1. Өзіне назар аударту, жылау, шулау, сөзді бөлу, тыңдамау кезінде мән бермеу керек. Өз ашуың мен ренішіңді білдірме. Алайда, өзін дұрыс ұстағанда көңіл бөліп сөйлесу қажет.

2. Басқаларға билігі жүретінін көрсеткісі келеді, одан сұрағанды жасаудан бас тартады. Осындай жағдайда тәрбиеші баланы мәжбүрлейді, ашуға беріледі. Ал бала одан бетер қырсыға түседі, заттарға зиян келтіреді немесе бүлдіреді.

3. Өз бетімен үйренуге қабілетсіз, көмек күтеді. Көп жағдайда мұндай балалар қорғансыз күйде қалады. Ал тәрбиеші баланың қабілетсіздігімен келіспей, оның мүмкіндіктеріне сенуі қажет.

«Қиын бала» мәселесін шешуде тәрбиеші бойынан табылуы тиіс сапалар: Мейірім, махаббат, сыйластық, шыдамдылық. Әр балаға мейіріммен қарап, махаббатқа толы сезіммен тәрбиелеп, баланы тұлға ретінде сыйлау. Әр балаға шыдамдылықпен қарау. Оптимистік көзқарас. Баланың жақсы қасиеттеріне сенім білдіру қажет.

«СИҚЫРЛЫ ҚАЛАШЫҚҚА САЯХАТ»

**ИБРАЕВА Молдир Тилекбайқызы,
Орал қаласындағы №1 «Айгөлек»
бөбекжайының педагог-психологы**

Мақсаты: Балалардың эмоционалдық сезімін, коммуникативті дағдыны, тактиліді сезінуді, сезімталдықты дамыту. Балалар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Жағымды іс-әрекеттен жақсы әсер алуға тәрбиелеу.

Түзету-дамыту: Эмоционалдық қысымды тежеу, эмоционалдық үрейді жою, адамгершілікке тәрбиелеу.

– Сәлеметсіңдер ме балалар! (Сәлеметсіз бе).

– Мен бүгін өте қайрымдымын, жағымды көңіл-күйдемін. Оны сендермен бөліскім келеді. Мен өз қайрымдылығымды Айқынға беремін. (Екі алақанмен баланың қолына береді. Осылайша шеңбер бойымен жалғасады).

– Балалар, сендерге көп рахмет. Қазір бізде қайрымдылық одан да көп болып ұлғайды. Мен сендерге ойын ұсынамын. Ойнағыларың келе ме? (Иә).

– Барлығымыз шеңберге тұрып, қайтадан отырайық. Басымызды төмен қаратып, қолдарымызбен тізелері-

мізді құшақтап, өзімізді жерден жаңа шыққан кішкентай өсімдікпіз деп елестетейік. Күн түскен сайын біздің өсімдігіміз өседі, жайлап өсеміз. Күн өте жарық болып түскен сайын біздің өсімдіктеріміз де жайқала түседі. Басымызды көтеріп, күнге қолымызды созамыз. Міне біздің де өсімдіктеріміз биік болып өсті. Балалар, ненің дыбысы естіледі? (Желдің дыбысы естіледі).

– Сәлеметсіз бе. Сіз кім боласыз?

Құм адамы: Сәлеметсіз бе. Мен құм адамымын. Біздің елімізде құмнан қатты құйын жел болды. Жолындағылардың бәрін басып қалды. Сіздер бізге көмектесесіздер ме?

– Балалар, құм елінің тұрғындарына көмектесе аламыз ба? (Иә).

– Олай болса, құм еліне ұшақпен барайық. Ұшаққа отырып, белдеуімізді тағайық. Ал қане, бәріміз ұшамыз. (Балалар қолдарын екі жаққа созып, айналады).

– Балалар, біз сендермен нағыз құм еліне, шөл далаға келдік. Айналаның барлығы құм. Құммен танысайық. Құм еліне кіру үшін оның ережесін білуіміз керек. Құмды шашып, лақтыруға, оны ұстаған соң, қолды ауызға салуға болмайды. Ешкімді ренжітпеуіміз керек.

Жаттығу: «Сәлеметсің бе, құм!».

Мақсаты: Психофизикалық қауырттықты төмендету.

Жабдық: Құмжәшік.

Саусақтармен, алақандармен құмды жайып, іздер салу. (Балалар өз құмзарларына барады).

Ойын барысы: Тәрбиеші әртүрлі «құммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әртүрлі әдістермен құмға қол тигізу. Балалар кезекпен саусақтарын құмға тигізеді, содан соң екінші қолымен, содан барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді; жеңіл қауырттылықпен құммен жұдырықтарын қысады, содан соң баяу оны құмжәшікке төгеді; құмға алақанның ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жанасады; құмды саусақтары, алақандары арасымен уқалайды.

– Құмды ұстап көрейік. Құм қандай? (Құм нәзік, өте майда ұсақ, салқын, сусылдақ).

– Біз құм салқын болмау үшін алақанымызбен құмды басайық. (Балалар құмды алақанмен басып, жылы құмды бір-біріне ұсынады. Жылы құм шеңбер бойымен айналып психологқа жетеді).

– Рахмет, құм қандай жылы. Ал енді сапарға шығу үшін жол жасайық. Жол түзу, ирек болуы мүмкін. Енді жол жалпақ бола бастайды. (Балалар ортаға жиналып, құмнан тау жасайды. Таудың үстіне шығады).

– Міне балалар таудың басына шықтық. Нені көруге болады? (Қаланы, шөл даланы көруге болады).

– Дұрыс айтасыңдар. Енді таудан түсеміз. Балалар, құмның үстінен басқанда не қалады? (Іздер қалады).

– Жарайды, біздің құмды шөл далада қандай жануарлар жүруі мүмкін? (Балалардың жауабы).

– Біздің құмды шөл даламызда кенгуру кетіп барады, ізін салайықшы? (Балалар екі саусақпен кенгурудің ізін салады).

– Енді жылан жорғалап бара жатыр. (Қолдарын қырынан қойып ирелектетеді).

– Балалар жануарлар құмды даламызда не іздеп жүр деп ойлайсыңдар? Құмды құйынды жел барлық суды алып кеткен. Суды қайта әкелу үшін құдық жасайық (ыдыстан түтікшелер беріледі). Мұрын арқылы демді ішке алып, үрлеп шығару арқылы құдық жасаймыз. (Балалар тапсырманы орындайды).

– Балалар, біз құдық жасап жатқанда, бұлттар келеді. Алдымен аздаған жаңбыр басталады. Кейін жаңбыр күшейе түседі. (Балалар алдымен құмды төменнен аздап себелейді. Кейін күштірек, қатты жаңбырда қолмен жоғардан төменге себелейді).

– Ал сендерге қандай жаңбыр ұнады? (Күшті, қатты жаңбыр ұнады).

– Біздің құдығымыз суға толды, рахмет сендерге балалар. Енді жануарлар шөлдерін қандырады. Бұл қаланың тұрғындары бізге не айтады деп ойлайсыңдар? (Алғыс).

– Біз жауап ретінде не айтуымыз керек? (Оқасы жоқ).

– Біз әрі қарай саяхаттауға басқа қалаға жолға шығамыз. Ол үшін құмнан мұқият, аяқ ұшымен арқамызды түзеп, қолымызды жанымызға созып өтуіміз керек. Міне, алдымызда «Қуаныш қаласы». Бірақ құмды құйын жел қаладағы барлық қуанышты алып кеткен. Енді оларда не қалды? (Көңілсіздік қалды).

– Бұл қаланың көңілін көтеру үшін әртүрлі асыл тастарды табайық. Ол үшін алдарыңдағы елекпен құмды илейміз. Құм түбіндегі түрлі-түсті асыл тастар «Қуаныш» қаласының тұрғындарының көңілін көтереді деген ойдамын. Балалар, көңілсіздік эмоциясын, ашу-ызса эмоциясын көрсетейікші? (Балалар эмоцияларды көрсетеді).

– Қаланың тұрғындарына қуаныш сыйлауға көмектесуіміз керек. (Балалар қуанышты эмоцияны салады).

– Қала тұрғындарымен осы қуанышымызды бөлісейік. Ол үшін қолымыздағы құмды алып шыны ыдысқа салып күлімдейміз. Сендер қала тұрғындарына қуаныш сыйладыңдар. Айқын, сен қандай көңіл-күймен бөлісесің? (Қайрымдылығыммен, қуанышыммен бөлісемін).

Ойын: Ұшақ.

– Балалар, енді біз келесі қалаға жолға шығайық. мынау неге ұқсайды? (Кемпіркосаққа ұқсайды).

– Біз осы кемпіркосақ арқылы келесі «Фантазия» қаласына барамыз. Құмды құйынды жел бұл қаланың барлығын бұзып, ештеңе қалдырмағандықтан тұрғындар кетіп қалған. Балалар, тұрғындарды қайтару үшін қаланы қайта тұрғызайық. (Балалардың жұмысы).

– Балалар, біз «Фантазия» қаласын тұрғызып бердік. Қала тұрғындары да біртіндеп келіп жатыр. Барлығына рахмет. Қаламыз толықтай тұрғызылғасын бұл жерге күннің шуағы да түсті. Қане, барлығымыз «Күн көзі мен жаңбыр» ойынын қала тұрғындарымен бірге ойнайық.

Ойын: «Күн көзі мен жаңбыр».

Ойынның шарты бойынша балалар «Жаңбыр жауады» дегенде қолшатырдың астына тұра қалады. «Күн шықты» дегенде бөлменің ортасына жиналады.

– Ауа райы қандай тамаша! Күннің көзі жарқырайды! (Балалар қозғалып билейді).

– Қараңдар, жаңбыр жауды! (Балалар қолшатырға қарай жүгіреді).

– Міне, біз сендермен біраз ойнадық. Біздің сикырлы қалашығымызда үнемі жылы және жарық болсын! (Желдің дыбысы естіледі).

– Құм адамы, біз қаланы қайта тұрғыздық.

Құм адамы: Балалар, сендерге көп рахмет. Құм елінің тұрғындары сендерге өздерінің қайрымдылығы мен шуақты күнін сыйлайды.

– Қане, балалар, ұшағымызға мініп, бөбекжайымызға қайтайық. (Балалар ұшаққа отырады. Психолог балаларды мадақтап, қолдарына смайлик күнді жапсырады).

«ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ»

(Семинар-тренинг)

А.КАЛИЕВА,
Атырау қаласындағы
№15 «Балбөбек»
бөбекжай-бақшасының
әдіскері



Мақсаты: Заманға лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру, тың идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдыққа бейімдеу. Тәрбиешілердің эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру, кәсіби шеберліктерін арттыру, топтасып жұмыс жасауды дамыту.

Қатысушылар: Педагогтар.

Жұмыс түрі: Топтық жұмыс.

Тәсілі: Тәжірибелік жаттығулар, жағдаяттар тапсырмалары, сұрақ-жауаптар.

Көрнекілігі: Ноутбук, көгілдір экран, сұрақ карточкалары.

Ұранымыз: Ойымызды ашық айтамыз. Бір-бірімізді тыңдаймыз. Бір-бірлеп сөйлейміз. Белсенді қатысамыз. Бір-бірімізге сый көрсетеміз.

Семинар эпиграфы:

*«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса.
Үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса».*

1. «Амандасып алайық».
2. «Таңды қалай қарсы аламын» жаттығуы.
3. «Ою-өрнекті құрастыру».
4. «Жалғасын тап».
5. «Суреттер сөйлейді».
6. «Еңбек ағашы» жаттығуы.
7. «Коллаж» шығармашылық жұмыс.
8. Рефлексия.

– Құрметті әріптестер, сәлеметсіздер ме! «Ұрпақ тәрбиесі – ел болашағы» атты семинар-тренингке қош келдіңіздер! Бүгінгі таңда заман талабына сай, жаңашыл, мейірімді, кәсіби шебер маман болуымыз қажет. Бүгінгі семинар-тренинг кәсіби шеберліктеріңіздің артуына, топпен жұмыс жасауды дамытуға ықпалын тигізеді деп сенемін.

I. «Амандасып алайық» ойыны.

– Мен алақанымды соғамын, сіздер бір-біріңіздің қолдарыңызды қысасыздар. Мен қоңырау соғамын, күлімсіреп, бір-біріңізді құшақтайсыздар.

II. Жаттығу: «Таңды қалай қарсы аламын».

Шарты: Тренингке қатысушы қонақтар шеңбер құрып, өздерінің таңды қалай қарсы алатындарын айтулары керек. Мысалы мен бастайын. «Мен таңертең тұрғанда оятқышқа (будильник) қараймын да, әлі 5 минуттай бар екен ғой. Жата тұрайыншы деп қайтып қоямын»...

III. «Ою-өрнекті құрастыру».

(Әр тәрбиеші нақыл сөздердің жауабын және мағынасын тауып құрастыра отырып, қазақтың ою-өрнегін шығарады).

IV. «Жалғасын тап».

Берілген мақал- мәтелдердің жалғасын табу.

1. Әдепті бала арлы бала, ... Әдепсіз бала сорлы бала.
2. Ұяда не көрсең, ... Ұшқанда соны ілерсің.
3. Әдепті бала ата-анасын мақтатар, ... Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар.
4. Ана сүтін ақтамағанды, ... Ешкім жақтамайды.
5. Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, ... Шеше тұрып қыз сөйлегеннен без.
6. Қарағайға қарап тал өсер, ... Қатарына қарап бала өсер.
7. Үйінде ұл-қызы бардың, ... Көгінде сөнбес жұлдызы бар.
8. Ананың сүті – бал, ... Баланың тілі – бал.
9. Ананың ойы ұяда, ... Баланың ойы қияда.
10. Итпен ойнасаң – үрерсің, ... Баламен ойнасаң – күлерсің.
11. Балаға өз тіліңмен сөйлеме, ... Өз тілімен сөйле.
12. Ағаштан ағаш сәнін алады, ... Адамнан адам тәлім алады.
13. Бала тәрбиесі ... бесіктен.
14. Мейірімділікті анадан үйрен, ... Әділдікті данадан үйрен.
15. Бала өсірген ата-ана, ... Бала болып ойнайды. Бала оқытқан ұстаздар ... Бала болып ойлайды.

V. «Суреттер сөйлейді».

Педагогтарды топқа бөлу.

Тапсырма: Үлестірмелі суреттер салынған парақтар әр топқа таратылады және педагогтар сол суреттерге қарап, суретті сөйлетуі керек.

1. Ақ қағазға сызылған төртбұрыш ішінде қара нүкте орналасқан.
 2. Оның болашағы да соншалықты жарқын, шуағын төккен күн астында әр ұлттың балалары қол ұстасып тұрғаны бейнеленген.
 3. Түнгі аспан, жымыңдаған жұлдыздар, жарығы сөнбеген бір үй бейнеленген.
- Кілті: I-тапсырма бойынша: Ортасында қара нүктесі бар үлкен ақ кеңістік. Бұл- бала алғаш дүниеге келгенде осы ақ қағаздай пәк, сол қағазға ата-анасымен бірге біз-

дер, яғни ұстаздардың салған бейнесі қаншалықты дұрыс болса, сол нәтижемен салыстыруға болады.

2-тапсырма бойынша: Ұлты басқа болғанымен, бұл балалардың жан дүниесі бірдей. Сондықтан да ұлағатты ұстаз оларға күн сәулесіндей, бірдей мөлшерде мейірім шуағын төгеді.

3-тапсырма бойынша: Түн. Айнала жым-жырт. Аспанда жымыңдаған жұлдыздар. Түгел ел ұйқыда, бірақ ояу бір кісі бар. Бұл тәрбиеші. Ол қанша жыл ұстаз болғанымен, балабақшада да, үйде де ертеңгі оқу қызметіне үлкен жауапкершілікпен дайындалып келеді.

VI. Жаттығу: «Еңбек ағашы».

Нұсқау: Қазір сіздерге стикерлер мен қаламдар тартылып беріледі. Оған сіздер өз ойларыңызды жазып, әр қайсысын өз орнына ілесіздер.

ДІҢІНЕ – Педагог қандай болу керек?

ЖАҒЫРАҚТАРҒА – Педагог еңбегінің нәтижесі.

ТАМЫРЫНА – Тәрбиеленуші қандай болу керек?

Тренер талдауы: Міне сіздер «Еңбек ағашын» құрастырып шықтыңыздар. Сіздердің еңбектеріңіздің жемісі осы емес пе, керемет, рахмет!

VII. «Коллаж» шығармашылық жұмыс.

Аталған ойын тренингін шараны аяқтау барысында қорытынды ретінде ұсынуға болады. Ойын кезінде қағаздарды жерге шашу ерсі көрінуі мүмкін. Дегенмен барлық қатысушылар үлкен қызығушылықпен қатысып, дем алады. Ойын бөлмеде өткізуге арналған.

Ережесі: Барлық қатысушылар дөңгеленіп тұрады. Олардың қолдарына пайдасыз болып қалған А4 қағаздары бір данадан беріледі. Ырғақты музыка қосылған кезде нұсқаушымен бірге би қимылдарын қайталап қағазды тігінен лента тәріздес етіп музыканың ырғағымен

екі рет жыртады. Қайтадан би қимылдарын қайталап тағы жыртады. Сөйтіп қолдарындағы қағаздары біткенше ұзынша тілімдерге бөледі. Музыка тоқтағаннан кейін нұсқаушы шеңберде тұрған бойымен үшке бөледі. Жай музыка қосылған кезде әр топ жерде шашылған қағаз қиындыларынан өз ойларындағы бейнені салу керек. Салған суретке тақырып қояды. Барлығы жұмыстарын аяқтағаннан кейін әр топ өз суреттерін қорғайды. Суретте не бейнеленгенін, қазіргі көңіл-күйлері қандай екенін және суреттің тақырыбын айтады. Кейбір шығармашылық топ суретті әнмен, өлең жолдарымен жеткізуі де мүмкін. Салынған суреттерге барлығы қошеметтерін білдіріп, шапалақтайды. Ойын аяқталады. Нұсқаушыға жүктелетін негізгі міндет жерде шашылған қағаздарды жинау. Ал жаз мезгілінде ойнатсаңыз «Шөжелерім» әнінің әуенін қосасыз. Барлығы балапандар, ал бір адам балапандардың анасы болады. Анасының қолында жәшігі болады. Балапандар жерде шашылған жемдерді (қағаздарды) көп жинап, анасының жәшігіне тез апару қажеттігін ескертесіз. Ойын көңілді нотада аяқталғанын қатысушылар сезбей де қалады.

VIII. Рефлексия.

– Құрметті әріптестер, біздің кездесуіміз аяқталып келеді. Сондықтан өз ойларымызды ортаға салып, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық! Тренинг сіздерге не берді? Қандай сезімде болдыңыз? Ұсыныс-тілектеріңізді айтыңыздар!

Құрметті әріптестер, біздің кездесуіміз өз мәресіне жетті. Бірақ біздің жолымыз әлі соңына жеткен жоқ, біз әрдайым қозғалыстамыз. Олай болса, шығармашылықтарыңыз толағай табыстарға толы шебер маман иесі болуларыңызға тілектеспін!

«БҮГІНГІ БАЛА – ЕРТЕҢГІ ТҰЛҒА»

**ШЫҒЫСБАЕВА Ұлбала Сағатбекқызы,
«Құлыншақ» балабақшасының тәрбиешісі**

Әлемдік ғалымдардың пайымдауынша бала ана құрсағында жатқан алты айынан бастап сыртқы әлеммен тығыз байланыста болады екен. Болашақ ананың көңіл күйі, эмоциясы, талғамы, сөз сөйлеу мәнері бәрі баланың ертеңіне тікелей қатысты болады, ал сол шарана өмірге келіп, жарық дүниені көрген сәттен бастап тұлғалық бітімін түзеудің қадамын жасайды, оның ең алғашқы көмекшісі – анасы. Бала ананың аялы алақаны, ақ сүті, жұмсақ жүрегі, жылы сөздерімен ғана емес, оның іс-әрекеті арқылы болашаққа бағдар алады. Ата-аналар балаларын өздерінің өнегелі істерімен, асыл қасиеттерімен

тәрбиелейді. Бала әр нәрсеге сенгіш және еліктегіш келеді. Әр бала еркелегенді, ойын ойнағанды ұнатады. Бұл тек балаға тән қасиет. Баланы аялап, жылы сөйлеу, оның ақылды, мейірімді азамат болып өсуіне көп ықпалын тигізеді. Ал баланы ұрсу, балағаттау оның бойындағы өшпенділік қасиеттерді оятады. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин «Бақша ағаштары» атты әңгіменің түйінінде бала да осы ағаш сынды жас күнінде күтім жасалмаса қисық кетуі әбден мүмкін дейді. Иә, шынында да бала жас шыбық сынды өте нәзік оны сындырып алмай, тамырын теренге жайған мәуелі ағаш сынды болсын десеңіз еркелегенін естілікке, қызығушылығын еңбекке, талабын талпынысына айналдыра білген жөн. Болашаққа қырандай алғыр, жолбарыстай қайратты, сауысқандай сақ, қарлығаштай

мейірімді, құмырсқадай еңбекқор болуы үшін табиғатпен тілдесе білуді үйрету керек. Ол үшін баламен бірге уақытты маңызды өткізе білген жөн. Бұл ретте анаға көмекші мектепке дейінгі мекеме. Біздің елімізде баланы жан-жақты дамытуға мемлекет тарапынан керемет жағдай жасалған. Тұңғыш президентіміз, елбасы Н. Назарбаевтың тікелей қолдауымен тәуелсіздік алған жылдар ішінде балабақша, мектеп саны едәуір артты. Бала екі жастан бастап балабақшаға қабылданып, жылы жүректі, жоғары білімді, білікті маманның тәрбиесіне өтеді. Мұнда әр баламен жан-жақты жұмыс жүргізіліп баланың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту үшін тәрбиешілер тынбай еңбек етеді. Осы кезеңдерде бала көпшілікпен жұмыс жасай білу, өз ойын дұрыс әрі нақты

жеткізе білу әдебін қалыптастырады. Осы орайда тәрбиеші өз тарапынан бала қиялына қанат бітіріп, арман максаттардың орындалуы еңбектің жемісі екенін бала санасына құя білуі маңызды. М.Жұмабаевша қорытындыласақ «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер». Ендеше, бала тәрбиесін шындауға талпынған тәрбиеші, «Бүгінгі бала – ертеңгі тұлға» деген қағиданы жадымызда ұстап, болашақтың тұтқасын сеніммен табыстайтын ұрпақ тәрбиелеу өз қолымызда екенін ұмытпайық...

*Маңғыстау облысы
Қарақия ауданы
Құрық ауылы*

ТЕАТР – ҒАЖАЙЫП, СИҚЫРЛЫ ӘЛЕМ

**Н.АЖИБЕКОВА,
Сарыағаш қаласындағы №1 «Гүлжан»
бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі**

Қазіргі заманда мектепке дейінгі баланың тілін дамытуға арналған тәсілдер өте көп. Солардың ішінде театр маңызды орын алады. Көрермендер театрға барып спектакль көріп, одан рухани ләззат ала отырып, жағымды, жағымсыз бейнелерді талқылайды. Театр – тәрбие ошағы, ғажайып сиқырлы әлем. Театр тәрбиешінің баламен, баланың құбылыстармен өзара әрекетін ұйымдастырудың бір түрі. Театрландыру баланың танымдық белсенділігін арттырады. Бала қуанады, күледі, таңқалады, қайғырады, ойнайды, жаны ашиды, қоршаған ортаны таниды, ой-өрісі, сөйлеу қабілеттері дамиды.

Театр – балабақшада баланы мәдениетке, әдемілікті көруге, әдептілікке, үлкенді сыйлауға, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге, адалдыққа, шыншылдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейді. Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған киімдерінің жоктығы. Ертегілер балалардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктелінбейді. Қазақ жазушыларының балаларға арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегі өлең шумақ ретінде берілсе, балалар оны тез түсініп, тез рөлмен ойнай еді.

Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамыта-

ды. Қазақтың өнер жұлдыздарының бірі Ш.Айманов «Театр – адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері – тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеумен дамыту ісіне байланысты максаттарды шешуде сахна (театр) ерекше рөл атқарады. Сахналандырылған ойындар желілі рөлдік ойындардан тек желілі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Сахналандырылған ойындар ойын-қойылымдары болып саналады. Өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие. Сондықтан балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады. Театрландырылған ойындарға дайындық мынандай кезеңдерден тұрады: Ойынның мақсаты айқындалып, керекті материалдар, құрал-жабдықтар дайындалады. Ойынның сценарийі құрылады. Рөлдер бөлінеді.

Балабақшада қолданылатын театр түрлері өте көп. Солардың ішінде өз тәжірибемде пайдаланып және зерттеп көрген дәтүрден тыс театр түрлері мыналар:

1. Алжапқыш театры.
2. Қолшатыр театры.
3. Қасық театры.
4. Орамал театры.
5. Қалпақ театры.

Алжапқыш театры – бұл дәстүрден тыс әрі ұйымдастырылуы өте жеңіл театр түрі. Басқа театр түрлерінде қойылымды көрсетуге ыңғайлы орынды, қуыршақтарды және ширма таңдауға тәрбиешінің біраз уақыты кетеді.

Ал алжапқыш театрында тәрбиеші алжапқышты өзіне тағады да, қойылымды бастап кетеді. Алжапқыш мектеп жасына дейінгі балаларға ертегіні айтып беруде өте ыңғайлы. Бұл театрды мен өзім тәжірибе жүзінде пайдаланып көрдім, балалар ертегіні қызығушылықпен тыңдап, ертегінің желісін өздері айтып үйренді. Осы аталған театр түрлерін балабақшада қолдана келе өте тиімді екенін және қызықты екеніне көз жеткіздім. Театр жұмыстарын ұйымдастыруда жақсы жетістікке жету үшін, әр ертегіні қызықты өткізуге тырысамын және әр баланың ерекшелігін ескере отырып рөлдерді бөліп беремін. Тек қана қызықты ертегіні таңдамай, оның жүргізілу формасын да қызықты етіп таңдаған жөн. Сондықтан әр театр түрін ұйымдастырарда балалардың дағдыларын қалыптастыруға, өз ойларын еркін жеткізуге үйретуді жоспарлаймын. Осы мақсатқа жету үшін театрландырылған ойындардың дәстүрден тыс түрлерін ұйымдастырып, жүргіземін. Өздеріңізге белгілі, қазіргі техниканың дамыған заманында балалардың ұялы телефонға қызығушылықтары басым болып бара жатыр. Осы қызығушылықтарын өзімізге аудару үшін тынбай ізденісте болуымыз керек. Осы мақсатта мен тәрбиеші ретінде балаға үнемі жаңа театр түрін көрсетуге, онымен таныстыруға тырысамын. Бүгінгі жас ұрпаққа қамқор-



лық жасап оларды ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелесең ғана еңбегің жемісті болмақ! Ендеше балаға дұрыс жан-жақты тәрбие беруге көп көңіл бөлген жөн. Қалай десекте, театр – балалар үшін мереке, демалыс орны. Балаларының ертеңгілікте, сахнада ойнаған рөлдерін көру ата-налар үшін зор бақыт деп білемін. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер үшін аса маңызды деп есептеймін.

БИ ҚОЙЫЛЫМДАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

**СӘМЕН Айнаш
Бержанқызы,
Орал қаласындағы №38
«Жазира» бөбекжайының
II-санатты хореографы**



Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой қабілеттерін жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілуде. Өйткені, осы кезеңде балалардың танымдық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі мол. Баланың ақыл-ой ерекшеліктері шығармашылық, ізденгіштік сипаттарға ие, бірақ оны дұрыс бағытта дамыту жағдайлары әртүрлі. Сондықтан баланың танымдық қабілетін дамыту, оның бағыттарын анықтау ең алдымен оның жас және дара ерекшеліктерін ескеріп тәрбиелеуге байланысты. Мен өз жұмысымды қызықты сахналық би қойылымдары арқылы балалардың логи-

калық ойлау қабілеттерін дамытуға бағыттадым. Балалар сахналық билерді қызыға орындайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға сахналық билерді үйрету үшін би жетекшілері түрлі би қойып, оның мағынасын жеткізе білу үшін көп ізденетіні белгілі. Алайда, жақсы, сапалы балалар биін қою, хореографтың эстетикалық талғамына, педагогикалық шеберлігіне, психологиясына, тәлім-тәрбиесі мен біліміне байланысты.

Тұрмыстық мерекелер көркемдік безендірілуі мен құрылымы жағынан өзгеше. Балалар үшін асыға күтетін сүйікті мереке – Жаңа жыл. Бұл мереке ертегідегі сияқты сиқырлы ғажайыптарға толы. Сондықтан балалар мерекеге бар ынтасымен дайындалады. Би өнерін дұрыс үйрету – бұл тарихымызды, салт-дәстүрімізді, ұлттық сазымызды таныта отырып тәрбиелеу. Сонымен қатар балалардың дене бітімінің әдемі қалыптасуына үлесі зор.

Менің мақсатым болашақта мектеп жасына дейінгі балалардың бойына ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді би өнерімен ұштастыра дарыту. Шығармашыл, өнерлі, ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Балалардың танымдық қабілетін жетілдіру.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІС АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ЖОЛДАНБАЕВА
Индира Нагашбайқызы,
Атырау қаласындағы №34
«Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының директоры



Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістер – «білім берудегі инновация» ұғымы тәрбие мен білім берудің жаңа құралдарын, әдістері мен технологияларын әзірлеумен және енгізумен байланыстырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту-тәрбиелеу процесінде инновациялық жұмысты ұйымдастырудың негізгілері: өзекті проблемаларды шешу жолдарын белсенді түрде іздестіру қажеттілігі; педагогикалық ұжымның халыққа ұсынылатын білім беру қызметінің сапасын арттыруы, оларды неғұрлым түрлендіруге деген ниеті; педагогтардың енгізілген жаңалықтар арқылы ұжым жұмысын жақсартуға ұмтылуы; жекелеген педагогтардың қол жеткізген нәтижелерімен шектеліп қалмауы, үнемі ізденісте болуы; жас мамандардың ұмтылысы; ата-аналардың жекелеген топтарының өз балаларының білімділік деңгейіне деген талаптарының артуы; Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары арасындағы бәсекелестікке дайын болу. Осыған орай педагогтардың кәсіби біліктілігін дамыту маңызды орында және мектепке дейінгі ұйым педагогтарының



кәсіби біліктілігін арттыру жолдарының бірі – ғылыми-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Ғылыми-эксперименттік жұмыс-тәжірибеде жаңа білім мен дағдыларды дереу қолдана алу мүмкіндігін, жұмыс нәтижесін уақытында бақылау және түзетуді көздейді.

Біздің бақшада педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру жұмысының өз жүйесі енді қалыптасып келеді. Себебі, бақшаның бүлдіршіндерге есігін айқара ашқанына биыл 3 жыл. Ұжымның педагогикалық құрамының денін жас мамандар құрайды. Сондықтан педагогтардың жаңа технологияларды игеруіне ықпал етіп, жұмыстың жеке шығармашылық стилін қалыптастыруына, өз-өзіне баға беруіне, өзін-өзі бақылауына, өз білімін және біліктілігін көтеруге ынталандырып, биік мәдениетті ынтымақтастыруға жағдай жасаудамыз. Біз алдымен педагогтармен жұмысты жобалап, сол жұмысты жүйелі жүргізуге тырыстық.

Біздің қызметіміздің негізгі бағыты – педагогикалық шығармашылықтың еркіндігін, білім беру кеңістігіндегі инновацияны қолдануды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау. Педагогикалық ұжымның әлеуеті инновациялық үдерістерді жүйелі түрде енгізудің қажетті жағдайлары болып табылады. Сондықтан біз бұл жұмысты педагогтардың кәсіптік және шығармашылық мүмкіндіктерін терең және жан-жақты зерделеуден бастадық. Инновациялық міндеттер мен мүмкіндіктерді анықтағаннан кейін біз келесі – жобалық идеяларды әзірлеу кезеңіне көштік. Біздің әдістемелік қызмет педагог шығармашылығына көбірек қозғау салатын жұмыстардың инновациялық, тиімді және нәтижелі нысандарын тұрақты түрде іздестіріп отырады. Бұл жұмыс нысандары педагогтарды мүдделері бойынша біріктіруге, әріптестерімен топтан тыс жерлерде қарым-қатынас орнатуға, шығармашылық идеяларымен және атқарылған жұмыстарымен бөлісуге, жас маман мен жаңашыл-педагогтың әлеуетін көруге мүмкіндік береді. Жобалық идеяларды әзірлеу жұмысының жағымды нәтижесі: педагогтың кәсіби шеберлігінің және кәсіби педагогиканың құзіреттілігінің өсуі; педагогтардың бірінші және жоғарғы біліктілік санатымен санының артуы; қалалық деңгейдің кәсіби сайыстарына педагогтың қатысу белсенділігінің көтерілуі.

Біздің әдістемелік қызмет педагог шығармашылығына көбірек қозғау салатын жұмыстардың инновациялық, тиімді және нәтижелі нысандарын тұрақты түрде іздестіріп отыруымен маңызды деп білемін.

«ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГТАРМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ

САДЫРОВА
Шынар Файзоллақызы,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
әдіскері



Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балаларды қауіпсіз жағдайлардан сақтануға тәрбиелеу кезінде педагогтарға рефлексиялық және коммуникативтік дағдыларды дамытудағы заманауи тәсілдерді меңгерту. Төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік ережесін сақтауға байланысты өткізілетін тәжірибелік сабақтарда рефлексиялық тәсілдерді енгізу үшін педагогтардың отбасымен бірлесе жұмыс жасауын жандандыру. Оларға тиімді қарым-қатынас жолдарын үйрету. Өртүрлі жағдайларда байланыс орнату мүмкіндігін кеңейту. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Ресурстар: Слайдтар, музыка, театрлық костюмдер, қарындаштар, қағаз парақтары, жануарлар бейнеленген карталар, өрт сөндіргіш машина.

Модератор: Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгін біз сіздермен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған шебер-сынып өткіземіз. Сондай-ақ, «Қарым-қатынас», «Қауіпсіздік» аралдарына саяхат жасаймыз. Алдымен сіздерге «Compliment» жаттығуын ұсынамын. Барлығыңыз шеңбер жасап, дөңгелене тұрыңыздар. Сол жақтағы көршіңіз есіміңіздің бірінші әріпіне сәйкес, сын есім сұрағына жауап беретіндей қасиетіңізді атайды. Жаттығу осылайша жалғаса береді. Кез-келген адамның жағымды қасиеттерін көре білу, ең бастысы оған дұрыс теңеу таба білу – адамның қабілеттілік деңгейін көрсетеді.

Жаттығу: «Сынған телефон».

– Бұл жаттығуда біз ақпаратты дұрыс жеткізе білудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеміз. Әр топ бірінші рет естігенін ой елегінен өткізіп, салыстыра отырып, «Дұрыс телефон» қағидасына сәйкес бірнеше фразадан өтуі керек. Қатысушылардың

біріне ақпарат беріледі, содан кейін ақпарат тізбек бойымен келесі қатысушыға жеткізіледі.

1. Күзде жаңбыр жауған сайын, жаңбыр жауып, көшелер суық және шуақты болғанда, студенттер көбінесе кеш емес, сабаққа дайын емес, мұғалімдер үшін үлкен кедергі болып табылады.

2. Аулада шөп-шөпте шөп бар.

Түсініктеме: Неліктен мұндай нәтиже болды? Мен сөйлем таңдарда қатысушылар дұрыс түсініп, оларды бұрмалаусыз жеткізе ала ма? Ауызша хабарлама жіберу мүмкіндігінің шегі қандай?

Мәтіннің мазмұнын түсіну, оны қысқаша түсінікті тілмен түрлендіріп жеткізе білудің маңызы зор. Вербальды қарым-қатынастан басқа, ауызша емес қарым-қатынас бар. Вербальды емес байланыс – бұл сигналдар, мінез, қимылдар, әдет-ғұрыптар, бет-әлпет арқылы қарым-қатынас жасап, өзара түсіністік орнату. Осы мақсатта келесі жаттығулардың көмегімен біз бір-бірімізді сөзсіз түсінетінімізді көрсетеміз.

Жаттығу: «Сіз кімсіз?».

– Мен сіздерге жануардың аты жазылған карталарды беремін. Егер сіз «піл» деген жазуы бар картаны алсаңыз, онда қарсы тұрған топтағы қатысушыда осындай сөз жазылған карточканың бар екенін біліңіз. Картаңызда жазылған жазбаны өзіңіз ғана көретіндей етіп, оқып шығыңыз. Енді картаны алып тастауға болады. Жүктелетін міндет – жұбыңызды табу. Бұл жағдайда кез-келген жануардың қимылын қолдануға болады. Алайда оған тән дыбыстарды айтуға және жариялауға болмайды. Сіз жұпты тапқан кезде, қасына тұра қаласыз, сөйлеменіз. Тек сонда ғана барлық жұптар бір-бірін таба алады. (Жануарлар тізімі: мысық, аю, түлкі, қоян, маймыл, ешкі).

Топтың барлық мүшелері жұптарын тапқаннан кейін, баяндамашы әрбір жұптан: «Сен кімсің?» деп сұрайды. Жұбыңызды табуға не көмектесті? Барлығы байланыстан басталады. Бұл қалай болуы керек? Вербальды емес қарым-қатынастың белгілі бір ережелері бар. Негізгі мақсат – барлығына ортақ. Мұнда ежелгі қарым-қатынас өсиеттері: Қарым-қатынас жасайтын адамға сену, оған құрметпен қарау. Бейтаныс адаммен сөйлескенде сөздердің мазмұнды болуына мән беру. Ынта кою мен күлімсіреу арқылы жасалған қарым-қатынастың сіздің пайдаңыз үшін

шешілуі маңызды. Сөйлегенде, адамның көзіне қараңыз. Ал көзқарас достық ниетте және түсінікті болуы керек. Бір мысалды тыңдаңыз: Бір күні Сократқа бір адам келіп: – Сенің досың сен туралы не айтқанын білесің бе? Сократ: Сіз бұл жаңалықты айтып бермес бұрын, оны үш електен өткізіңіз. Біріншісі – ақиқат елегі. Сіз маған айтатын ақпаратыңыз шындық екеніне сенімдісіз бе? Сол кезде досы ойлап: – Мен оны басқалардан естідім. – Міне, көрдіңіз бе, сіз сенімді емессіз. Екінші – жақсылық елегінен өткізейік. Бұл жаңалық маған ұнай ма, мен үшін жағымды бола ма? – Мүлде жоқ. Ақыр соңында, үшінші елек пайдалы елек. Бұл жаңалық пайдалы бола ма? – Бұған күмәнім жоқ. – Міне, көрдіңіз бе? Сіз маған жаңалық туралы шындық пен жақсылықтың жоқтығын айтқыңыз келеді. Сонымен қатар, бұл пайдасыз. Сонда мұны неге айтасыз. Мен мұны неге тыңдауым керек? Менің алтын уақытымды алып, босқа айтпай-ақ қойыңыз – деген екен.

Экранда және картада мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі маңызды мәселелер көрсетілген.

– Дені сау баланы қалай тәрбиелеу керек?

– Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу.

– Балаларды еңбекке қалай үйрету керек?

– Мектеп жасына дейінгі балалар үшін қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сіз осы мәселелермен келісесіз бе? (Жауаптар).

– Енді сіз бұл мәселелерді өзіңіздің көзқарасыңызбен реттеп отырыңыз. Сандармен белгілеңіз. (Тапсырма).

– Сіздің ойыңызша, мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудегі бірінші мәселе қандай? Неліктен олай ойлайсыз? (Жауап).

– Иә, мен сізбен келісемін. Патриоттық тәрбие білімнің барлық деңгейлеріне сәйкес келеді. Адамгершілік сезім сияқты патриоттық тәрбиені мектепке дейінгі жасынан бастап беруді ұмытпау керек. Егер сіз адамгершілік тәрбиесі дәнін бала бойына уақтылы сепсеңіз, сіз Отанға деген баланың махаббат сезімін жоғарылата аласыз. Сіз келісесіз бе? (Жауап).

Денсаулық – бұл әр адам үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін құндылық. Денсаулықты адамның өзі сақтап, нығайтады. Біздің ата-аналарымыз балаларының денсаулығына ерекше мән береді. Бұл өте маңызды мәселе. Баланың толыққанды, уақтылы дамуы қашанда жан-жақты қарастырылады. Ендігі кезекте балаларға қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мәселесін талқылап көрейік. Алдымен «Сіздің өміріңізді қалай қорғауға болатынын білесіз

бе?» деген сұраққа жауап беріңіз. Сіз қандай әдістер мен тәсілдерді қолданасыз? (Жауап).

– Бұл әдістерді барлық дәстүрлі білім беру қызметінде қолдануға болады. Сонымен қатар, балаларды тәрбиелеуге бағытталған әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыруға көп көңіл бөлінуіне көмек береді. Қауіпсіздік – бұл тек алған білімдерінің көлемі ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жағдайларда дұрыс әрекет ету мүмкіндігі. Ересектер үнемі жас балаларға қамқорлық жасайды. Өйткені, әртүрлі өмірлік жағдайларды бала шатастыруы мүмкін. Қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру сөзсіз бірқатар тыйым салумен байланысты. Сонымен қатар, өз балаларына деген сүйіспеншілік пен қамқорлық жасайтын ересектер кейде «ұстаманыз», «кет», «жок» деген сөздерді жиі қайталайтынын байқамайды. Неліктен? (Жауаптар).

– Егер тәрбиеде тым көп тыйым болса, бала оларды толықтай орындауға қабілетсіз болады. Және сөзсіз оларды бұзады. Мәселен, ересектер тыныш, ал балалар қауіпсіз болды. Сіз не ойлайсыз? (Жауаптар).

– Иә, балаларды қауіпсіз мінез-құлық дағдысына үйрету кезінде негізгі принциптерді сақтау қажет. Жол қозғалысы ережелерін, өрт қауіпсіздігін және көшелерде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйретіңіз. Түрлі жұмыс түрлерін қолданыңыз. (Викториналар, конкурстар, театрлық қызметті пайдалану, жоба әдісі). Отбасылармен қарым-қатынаста жұмыс істеу керек. Өйткені ата-аналар балаға отбасында тәрбие беретін тәрбиешісі болып табылады. Мектепке дейінгі балалардың қауіпсіздігі мен өмірлік жүйелеріне модельдеуді пайдалануға болады. Мәселен: күнделікті өмірде, қоғамда, табиғатта қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру. Балаларды физикалық және психикалық зорлық-зомбылық нысандарынан қорғау. Балабақшаны аяқтау сатысында баланың ережеге және әлеуметтік нормаларға бағынуы қажеттілігі туындайды. Бұл дағдыларды жетілдіру үшін іс-әрекеттің көрінісін ынталандыратын, қызметтің мақсаты мен мағынасын білетін әдістер қолданылады: схемалау, модельдеу, әңгімелеу түрлері, демонстрация, талдау, мақал-мәтелдер.

Мектепке дейінгі балалардың қауіпсіз қарым-қатынасы үшін рефлексиялық дағдыларды дамытуға бағытталған әдістемелер.

Үлгілеу немесе схемалау: Ересек балаларға ертегілер туралы әңгімелейді, оны схемациялауға, яғни, осы немесе басқа жағдайға барынша қарапайым түрде тартуды ұсынады. Содан кейін кейіпкердің әдеттегі белгілерін білдіретін ертегілердегі схемаға суреттеніз. Сонан соң диаграммада не жазылғанын, нәтижесін

талқылаңыз. Үлгілеуді «Қызыл телпек» ертегісінің мысалында қарастыруға болады. Мен схеманы дайындадым. Ол ертегідегі қыздар, әже, қасқыр, аңшылардың шартты белгілерін белгілейтін диаграммада бейнеленген. Қызыл телпек қасқыр өзін және әжесін жеп қоймас үшін не істеуі керек? (Содан кейін, диаграммада не жазылғанын айтыңыз, нәтижені талқылаңыз).

«Модельдеу»: Мұнда басты мақсат баланың эмоционалды жауап беруі, оның ойдағыдай жағдайға енуіне, екіншісінің имиджін көруге және түсінуге көмектесу. Модельдеудің 2 тәсілі бар. Нақты жағдаятты талдау: нақты немесе бірнеше салдарлары бар (оң және теріс) жағдай қалыптастыру. Балалар мәселені окшаулау керек. Оны қалыптастырып, мәселені шешуге арналған құралдарды тандайды. Бұл жағдайда қазірдің өзінде қабылданған шаралар талданады.

Жағдайларды шешу. Шешілмеген жағдай модельденді. Балалар проблеманы тек қана тұжырымдап қана қоймай, оны шешуге мүмкіндік береді. Модельдеудің алғашқы әдісін қарастырайық. Жағдаят. Үйдің кіреберісінде Буратино бейнеленген лимонад деп жазылған бөтелке тұрды. Сәкен бұл шырынды өте жақсы көргендіктен әжесі өзіне қалдырып қойған екен деп алып ішеді. Бір ұрттағаннан кейін оның лимонад емес, басқа нәрсе екенін сезеді. Себебі, бензиннің дәмі мен иісі балаға ұнамай қалды. Ол қатты айқай салып, әжесіне жүгірді. Неге бұлай болды? Сәкен не істеу керек еді? Осы жағдайды модельдеу кезінде біз «Ненің иісі», «Жейтін-жемейтін» ойындарын ойнатуымызға болады.

«Демонстрация» әдісі: Пікірлесу кезінде ата-аналар мен тәрбиешілер өздерінің іс-әрекеттерін көрсетуі керек. Біз елсіз аралда тұрмыз. Қиындықтар кездеседі. Бірақ, біз жақсы өмір сүре алдық. Өйткені бәрі жақсы ойландырылған жоспардың арқасында болды. Сіздің әрекетіңіз: аралдағы адамдар үшін пайдалы кеңестер тізімін жасайық. «Қауіпсіздік аулалары» біздің жұмысымыздың картасы. (Картаны көрсету).

– Сіз не ойлайсыз, қазір не туралы сөйлесеміз? (Денсаулық туралы).

Ойын: «Зерттеушілер».

Қауіпсіздік аралы. (Жол жүру ережесі).

– Әлемдегі жол ережесі аз емес. Олардың бәрін үйренуіңіздің еш зияны жоқ. Қозғалыс ережелерін білудің пайдасы көп.

Жағдаятты моделдеу.

Бірінші топ жағдаятты көрсетеді, екінші топ сол жағдаятты шешуі қажет.

1-жағдай: Балалар жолда доппен ойнайды.

2-жағдай: Поезд жүріп жатыр, ал мотороллердегі бала рельстен өтіп барады. Бұл аралда біз адам өмірінің қауіпсіздігі туралы сөйлесетін боламыз.

Блиц-сұрақ: Өрт тудыратын қандай жағдайлар? Қызыл Телпек қандай қауіпсіздік шарасын ұмытты? Танымайтын адаммен машинаға отырар ма едіңіз? Бауырсақ үйден рұқсатсыз кеткенде қандай жағдайға душар болды? Төбеде өмір сүретін Карлсонға балконда ойнап, ішке секіруге болады? Орманда қандай қауіпті жағдайлар болуы мүмкін? Найзағай ойнап тұрғанда суға неге шомылуға болмайды? Су тасқыны, өрт, қуаншылық, жер сілкінісі бір сөзбен қалай аталады?

Баланың орнына өзімізді қойып, ойын ойнайық:

1. «Өрт машинасын жинаңыз».

2. «Сұрақ-жауап».

Өрт қауіпсіздігі талаптарын әрдайым және барлық жерде орындау қажет. Балалар негізгі ережені есте сақтау керек: «Отпен ойнама және басқаларға жол берме!».

«Төтенше жағдайлар»: Мұндай жағдайларда мінез-құлық ережелерін білу және үйрету өте маңызды. Мен бүгін өрт болған жағдайда балалар мен ересектерге арналған мінез-құлық туралы жаднама жасауды сұраймын. Ата-аналардың бір тобы өрт кезінде не істеуге болатындығын, ал екіншісі тыйым салынғанын тандайды. (Тапсырманы орындаңыз).

Үй тапсырмасы: Презентацияға «Қауіпсіз өмір» коллажын жасау. Ата-аналар жиналысын өткізу.

«Қауіпсіздік» жобасының тұсаукесер фрагменті. Драматизация.

Ертегілердің театрлық қойылымдарының үзінділері көрсетіледі. Сіздің кейіпкерлеріңіз ертегі кейіпкері, оның іс-әрекеттерін эмоционалды және айқын түрде көрсетуіңіз керек. (Қатысушылар тапсырманы орындайды).

Менің қызметімнің нәтижесі қандай?

Балалардың қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы көзқарастарында жағымды динамика байқалады. Жақсы педагог, кәсіпқой, әрдайым өзінен осындай сұрақтарды сұрап, оларға жауап беріп, өз дағдыларын жақсартады. Адамдар жиі концерттерде, кездесулерде қол шапалақтайды. Шапалақтау арқылы олар әрекет ететін адамға деген көзқарасын білдіреді. Модераторға деген көзқарас өзгеше болуы мүмкін. Бүгін біз белсенді жұмыс жасадық. Сондықтан, өзімізге шапалақтап, баға беріп көрейік. Шапалақтау да алуан түрлі болады. Мысалы: Күдікті; мәдениетті; ынталандыру; риза болған шулы.

Назар аударғаныңызға рахмет!

МЕЙІРІМДІ АДАМ – МӘДЕНИЕТТІ ҚОҒАМ!

(Адамгершілікке тәрбиелеу жобасы)

СҰЛТАНОВА Н.Д.,
№34 «Нұрбәбек»
бәбекжай-бақшасының
психологы



«Әркім өз жолын тауып кететіндей бала тәрбиесі жеңіл нәрсе ме? Жоқ. Бала тәрбиесі – жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер».

М. Жұмабаев.

«Мейірімділік» – адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру, тек жақсылық ойлау. Игілік жасау, адамдар арасындағы сыйластық, жанашырлық. Мейірімді мол адамның жүрегі жылы, қолы ашық. Кең пейілді адамның жүзі жылы, жолы кең. Олай болса адамдардың бір-біріне деген мерей шапағаты – ол әдептіліктің белгісі және ізгіліктің жолы ерте жастан басталуы қажет. Бүгінгі таңда отбасы мен балалар арасында қатыгездік пен немқұрайлылық мәселесі жиі кездеседі. Бұл шамадан тыс еркелік болған кезде көрінеді. Балалар отбасы мен балабақшада жақын адамдарына, құрбы-құрдастарына деген қарым-қатынастың бастапқы тәжірибесін алады. Мектепке дейінгі жылдардағы қоғамның моральдық нормаларын игеруді үйренеді. Ересектердің міндеті – балаларды жауапкершілікке, адамгершілік мінез-құлық негіздерін құруға үйретеді. Бұл балабақша мен отбасының ынтымақтастығымен ғана жүзеге асады. Сондықтан, мен бақшамызда «Жақсылық жасауға асығыңыз» жобасын жасақтадым. Бұл жобаның өзектілігі: Балалардың психологиялық тұрғыда агрессиялық мінез-құлқын бәсеңдетуге, ата-аналармен бірлесіп мейірімділікке, сүйіспеншілікке ерте жастан тәрбиелеуге мүмкіндік беру.

Жобаның мақсаты мен міндеттері: Оқу үрдісіне қатысушылардың барлығының бірлескен қызметін жандандыру; құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, балаларды басқа адамдарға мейірімділік көрсетуге тәрбиелеу. Балалардың «жақсы», «жаман», «ізгі ниет» ұғымдары, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсініктерін айқындау; басқалардың іс-әрекетін бағалау қабілетін қалыптастыру; сыпайы қарым-қатынас ережелері туралы білімдерін бекіту.

Қарым-қатынас дағдылары: Достарын тыңдай және сыйлай білуге, басқа балалардың іс-әрекетіне мейірімділік танытуға тәрбиелеу. Баланың игі істер жасауға деген ынтасын ояту. Ата-аналардың балалармен адамгершілік қағидаттарына негізделген қарым-қатынас құру қажеттілігінің қалыптасуына ықпал ету. Ата-аналарды бірлескен шығармашылық жұмыстарға тарту; педагогтар арасындағы толеранттылық мәселесі бойынша теориялық ақпаратты толықтыру. Педагогтарға мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндерді адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге ықпал ететін практикалық материалдар ұсыну. Белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып, тәрбиешілердің кәсіби іс-әрекеттерін модельдеу.

Күтілетін нәтижелер: Балаларда – жақсылық пен жамандық туралы идеялар, бір-біріне, туыстарына және айналасындағы адамдарға мейірімділік көрсету жолдары туралы білім қалыптасады; балалар үйренеді және мейірімділік жасауға дайын болады. Психологиялық жайлы атмосферада өседі және айналасына жағымды ахуал орнатуға дайын болады. Педагогтардың мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениеттің негізін қалыптастырудағы кәсіби біліктілік пен шеберлік деңгейі артады. Ата-аналар үшін отбасы мен балабақша арасындағы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселелерінде психологиялық қарым-қатынас орнайды. Ата-аналар баламен тұлғааралық қарым-қатынас саласында, баланың жас ерекшелігіне қарай психологиялық-педагогикалық даму деңгейі туралы ақпараттандырылады.

Еліміздің егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген қазіргі кезеңде балаларды қоғамның лайықты ізбасары етіп дайындау, тәрбиелеу үшін осы бастан оқу тәрбие жұмыстарын жаңашыл технологиялармен толықтырып, ұлттық ұлағаттылыққа баулып отырумыз қажет. Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие жұмысының түрлерін, өткізілетін іс-шараларды үнемі өзгертіп, дамытып отырудың маңыздылығы осы жоба негізінде көрсетілген. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі «Тәрбиенің – тал бесігі» балабақша болғандықтан, бұрынғыдан да зор жауапкершілік бізге жүктелуде. Мәдениетті қоғам мен тәрбиелі ұрпақты ізгілендіруге ата-аналар және біз бірлесе жұмыстанғанда ғана нәтиже бермек.

Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу тәрбиешілердің бірден бір міндеті болып табылады. Баланың тәрбие алуына қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауына әрбір ата-ана педагогика-психологиялық әдіс-тәсілдерге сүйенгені дұрыс.

«НН» ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРПІМЕН ТАНЫСТЫРУ

ИЛЬСОВА
Ләззат Мұратқызы,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі



Білім беру саласы: «Қатынас».

Бөлімі: Сауат ашу негіздері.

Мақсаты: Балаларды «Нн» әрпімен таныстыру. «Н» дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап, сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.

Ресурстар: «Нн» әрпі және дыбысына байланысты суреттер, интерактивті тақта.

Әдіс-тәсіл: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, біз өткен оқу қызметінде қандай әріптермен таныстық? («Аа», «Тт») әріптерімен таныстық.

– Балалар, әріп дегеніміз не? (Әріпті жазамыз, көреміз).

– Ал дыбыс дегеніміз не? (Дыбысты айтамыз, естиміз).

– Сөз неден құралады? (Сөз дыбыстан құралады).

– Дыбыстар нешеге бөлінеді? (Дауысты, дауыссыз болып екіге бөлінеді).

– Жарайсындар, балалар! «А» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? («А» дыбысы дауысты).

– Осы дыбысқа келетін сөздерді айтайықшы. (Алма, айна).

– «Т» дыбысы дауысты ма дауыссыз ба? («Т» дыбысы дауыссыз. Түйе, тарак).

– Балалар, енді экрандағы суретке назар аударайық. (Нан, найзағай, айна, күн т.б.). Балалар, бүгін біз «Н» әрпімен танысамыз. Бұл әріп екі түзу таяқшадан және көлденең түзу таяқшадан қосылған. Ол сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі. Мен сендерге «Н» дыбысын айтамын. Сендер қайталап айтыңдар. «Н» дыбысы айтылғанда тіліміздің ұшы жоғарғы тісіміздің түбіне тиеді. Тіліміздің төмен түсуінен «Н» дыбысы пайда болады. Кедергіге ұшырап шыққан дыбысты дауыссыз дыбыс дейміз. «Н» әрпі дауыссыз дыбыс. Дауыссыз дыбыс болғандықтан оны көк түспен белгілейміз. (Слайд).

– Енді тілімізге жаттығу жасайық. Сендер менімен бірге қайталаңдар.

На-на-на, ең бақытты Ана,

Он-он-он, киіп ал сен де тон.

Қызықты сәт: Пошташы тапсырма жазылған хат пен диск береді.

– Қане, балалар, тапсырманы орындайық. Мнемокесте арқылы өлең шумақ құрастыру.

Нан қоқымын шашпандар,

Жерде жатса баспандар.

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастандар.

– Жарайсындар! Сендер сурет арқылы өлең шумақты өте жақсы құрастырып, айтыңдар.

Сергіту сәті.

– Балалар, енді келесі тапсырманы орындайық. Сендердің алдарында калташалар берілген. Алдарыңда тұрған «Т», «А», «Н» әріптерінен сөздер құрастырып, оларды буынға бөліп дыбыстық талдау жасаңдар. (Балалар тапсырманы орындайды).

Ойын: «Кім тапқыр?».

Ойын шарты: Балаларға тапсырмалары бар ұяшықтар беріледі. Балалар ұяшықтарды таңдай отырып, ондағы көрсетілген сұрақтарға жауап береді.

– Жарайсындар! Бүгінгі оқу қызметінде «Нн» әрпімен таныстық. Дыбысына байланысты көптеген мәліметтер білдік. Мен сендерге риза болып тұрмын. Сондықтан сендерге көңілді смайликтерді ұсынамын.



«5 САНЫ ЖӘНЕ ЦИФРЫ»

БАТЫРОВА
Ханым Жолдасқызы,
№34 «Нұрбәбек»
бәбекжай-бақшасының
тәрбиешісі



Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қ М Ұ Қ.

Мақсаты: Балаларды 1-ден 5-ке дейін санауға машықтандыру. 5 санымен және цифрлармен таныстыру. Балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. Азайту таңбасын қолданысқа енгізу.

Шаттық шеңбері.

Жарқын, жарқын үніміз,

Болашақтың күніміз.

Балабақша үйінің,

Жайнап тұрған гүліміз.

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Бір тәулікте неше мезгіл бар? Бүгін аптаның нешінші күні? (Балалардың жауабы).

Нақтылау: 1-4 сандарының ішінен карточкалар арқылы 4 санының цифрын табу. 4-ке дейін санау, 4 цифрын жазу.

– Балалар, таңертең топтың алдынан бір конверт тауып алдым. Оның ішіндегі тапсырма бойынша тақтаның алдындағы бірнеше қақпаның есіктерін ашып, алтын қақпаға жетуіміз керек. Оның ішінде сыйлықтар және тапсырма бар. Тапсырманы орындаймыз ба? (Иә).

1-қақпа. (Тапсырманы оқып беру).

Тал басында тізіліп,

4 жапырақ тұр еді.

Жел соқтыда үзіліп,

Ұшып кетті біреуі. (3)

Көлден ұшып екі қаз,

Қосылды тағы екі қаз.

Көлден ұшты неше қаз? (4)

Үш алманың біреуін,

Досың сұрап алады.

Айтшы сонда нешеуі,

Өз қолында қалады. (2)

2-қақпа: Мынау қандай геометриялық пішіндер?

Олардың қандай айырмашылықтары бар? (Балалар тапсырманы орындайды).

Уақытты бағдарлау.

– Анамызға ереміз, бақшаға біз келеміз. Бұл қай уақыт? (Таңертең).

– Сабакты да оқимыз, тамақтанып аламыз. (Түс).

– Апайменен қоштасып, үйімізге қайтамыз. Бұл қай мезгіл? (Кеш).

– Үйлерде шам жанады, маңай тастай қараңғы. Аспанда ай мен жұлдыздар толады. (Түн).

3-қақпа: Кітап пен дәптерді көлеміне қарай салыстыру. 1-ден 5-ке дейін тура және кері санау.

Жұмбақ:

Төрт бұрышты,

Бір ауызды. (*Сандық*)

Үш тілі бар,

Үшеуі де жүреді. (*Сағат*)

Үш көзі бар қырағы,

Жол тәртібін ұғады.

Өткендерге көшеде,

Көзін қысып тұрады. (*Бағдаршам*)

Мақал-мәтелдер.

Дана бір жерде,

Жалқау мың жерде.

Ағайын алтау,

Ана біреу.

Бір тал кессен,

Он тал ек.

Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрамыз,

Бойымызды жазамыз.

Оңға екі рет иіліп,

Солға екі рет иіліп.

Орнымызды табамыз.

– Балалар, міне, қақпаға да жеттік.

Тақтаға 5 аққала ілінеді. (1. 2. 3. 4. 5). 5 цифрын ауада жазу. 5 цифрын тақтаға жазып көрсету. Алу «-» таңбасымен таныстыру.

– Тақтада 5 аққала бар. Күн шығып олар еріп кетті, неше аққала қалды? (Балалардың жауабы).

– Аққалаларды алып тастап, азайттық. Бұл «-» (алу) таңбасы. (Жазып көрсету).

Дидактикалық ойын.

Балаларға карточкалар таратылады. Үшбұрыштарды санап, қарандашпен керекті цифрды жазу. Балалардың жұмысын саралау. Жұлдызшалармен мадақтау.

«ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ»

АБУЕВА
Амангүл Қыдырқызы,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі



Білім беру саласы: Коммуникация.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі: «Сөйлеуді дамыту».

Смарт мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктері жайлы түсініктері қалыптасқан. Негізгі ойды дұрыс жеткізе алады. Әңгіменің жалғасы мен соңын құрастырады. Сұрақтарға жауап бере алады. Ойын арқылы балалардың ойлауы, есте сақтау қабілеттері дамыған. Әр мезгілдің өзіндік ерекшеліктерін бағалай біледі.

Әдіс-тәсілдері: Ресурстар, топтастыру, ойын, ға-жайып сәт.

Шаттық шеңбер:

Біздер жақсы баламыз,

Өсті ақыл санамыз.

Қонақтармен ең алғаш,

Амандасып аламыз. (Балалар қонақтармен аманда-сады).

– Балалар, алдымен мына әдемі қорапшаны ашып көреміз бе? (Иә).

– Оның ішінде өте көп әдемі суреттер бар екен. Солардың ішінен таңдаған суретке сәйкес орнымызға барып отырамыз. (Балалар ақшақар, мұз, қар, талдағы шық суреттерін тандап, төрт топқа бөлініп орындарына отырады).

– Балалар, мына бейнекөрініске назар аударың-даршы. Мұнда жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Қыс).

– Олай болса, бүгін қыс мезгіліне тоқталайық. Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады? (Жерді қар, өзен-дерді мұз басады. Құстар ән салмайды. Ағаштар өспейді. Жәндіктер тығылып қалады. Адамдар қалың киінеді).

– Қыс мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар. Желтоқсан, қаңтар, ақпан).

– Қыс айлары жайлы не білеміз?

1-бала: Желтоқсан – жыл аяғы, қыстың басы, ол суық ызғарлы болады.

2-бала: Қаңтар – жыл басы, қыстың ортасы, ол ең қарлы ай. Бұл айда қатты суық, үскірік аяз болады.

3-бала: Ақпан – жел мен боранның айы. Бұл айда суық, дүлей боран болады.

– Қыста айнала ақ көрпеге оранып, тап-таза күйге енеді. Қалай ойлайсындар, қар дегеніміз не? (Қар кіш-кентай мұз кристалдарынан тұрады. Аязды күні аяқ астында қар сықырлайды).

Тәжірибе: Мұзды балаларға көрсетіп, оның қасиет-терін зерттеу.

– Мұз текшелерін жылы жерге әкелдік. Енді оның неге айналатынын көрейік. Мұз жылы жерде еріп, суға айналды. Қалай ойлайсындар, мұздың дәмі, иісі бар ма? Ол ауыр ма, әлде жеңіл ме? (Мұздың дәмі болмайды, иісі жоқ. Ол қатты әрі ауыр болады).

– Ал мұздың пайдасы бар ма? (Мұздың пайдасы да зияны да бар. Пайдалы жағы – балмұздақ жасайды. Су астында мекендеушілерге мұз қорқынышты емес. Зиян-ды жағы – оны жеуге болмайды. Құласаң ауыртады, лақтырғанда ауыр тиеді. Мұздың бетінен жүруге бол-майды. Қыста қарда шанамен ойнаймыз. Қардан аққала жасаймыз).

Ғажайып сәт: Есік қағылып топқа аққала кіреді.

Аққала: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен жолымнан адасып қалдым. Сендердің қыс туралы әңгімелерінді естіп, маған көмектеседі деген үмітпен келдім. Жылы жерге көп шыдай алмаймын. Еріп кетуім мүмкін. Мына менің қолымдағы тапсырмамды орындап берсеңіздер, менің жолым ашылып, әрі қарай сапарымды жалғастыра-р едім. (Балалар аққаламен амандасып, оған көмектесуге дайын екендіктерін айтады).

Тапсырма: Слайдта сандар беріледі 1, 2, 3. Ортаға үш бала шығып сандарды таңдайды. Сан арқылы қыс мезгілінің қызықты да әдемі суреттері ашылады. Сол суреттерге қарап әр бала сөйлем құрастырып әңгімелеп береді.

– Балалар, біз аққалаға қыс туралы тақпағымызды айтып берейік.

Жансұлтан:

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады қатады,

Жып-жылтыр боп жатады.

Аралайды бақшаны,

Үзілмейді жақсы әні.

Гүлденеді бақшалар,

Жауса жаусын ақша қар.

Еразим:

О, алақай қыс келді!

Бізге қуаныш әкелді.

Дала қарға оранды,

Бала біткен қуанды.

Елемейді ешкімді,

Суықпенен боранды.

Күні бойы тынбайды,
Суығына тоңбайды.

Қайсар:

Қыста қармен ойнаймыз,
Қызыққа біз тоймаймыз.
Таудан төмен сырғанап,
Шаңғы, шана тебеміз.
Қыс тамаша келбеті,
Табиғаттың бейнесі.
Ақ боран қатты аязы,
Салады түрлі суретті.

(Аққала балаларды мадақтап, рахметін айтып әрі қарай сапарына аттанады).

Сергіту сәті:

Жел улейді у-у,
Боран соқты зу-зу.
Қатты-қатты жел соқты гу-гу,
Шыдай алмай ағаштар ах-ах,
Билеп кетті қалтырап пах-пах.

Ойын: «Жыл мезгілі».

Смарт мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін біледі,

атауларын атайды, мезгіл өзгерістерін талқылай алады.

Шарты: Төрт топқа төрт түрлі ойын тапсырманың ресурстары таратылып беріледі. Ойын басында балаларға түсіндіріліп айтылады. Балаларға қызықты болу үшін төрт топқа әртүрлі ойын тапсырмалар ұйымдас-тырылады.

1. Қыс мезгілін безендіру.
2. Қыстап қалатын құстарды тауып, жабыстыру.
3. Қыс мезгілінің киімдерін тауып, жабыстыру.
4. Қыс мезгілінің құрастырма бөліктерін тауып, суретті толық құрастыру.

Балалар ойынды барлығы бірлесе ойнап, әр топ өзінің ойын тапсырмаларын қорытындылап айтып шығады. Әр топтың жұмысын бағалау мақсатында «Шапалақ» әдісі қолданылады.

1 шапалақ – қанағаттанарлық

2 шапалақ – жақсы

3 шапалақ – өте жақсы.

Балалар бір-бірінің топпен жұмыстарын 3 шапалақпен көрсетті.

Балаларды мадақтап қонақтармен қоштасу.

«ҒАЖАЙЫП ҚАР ҰЛПАЛАРЫ»

САХБАЛИЕВА Айнұр,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
бейнелеу өнері пәнінің
мұғалімі



Білім беру саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Мүсіндеу.

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін мүсіндеу оқу қызметі арқылы жүзеге асыру. Өнерге деген қызығушылығын, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Қол моторикасын, қиялын, ойлау және ізденімпаздық қабілетін арттыру. Балаларды сыйластыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Үлгі суреттер, слайдтар, ермексаз, дөңгелек қағаз пішін, сулы сүлгі, тактайша.

Билингвальды компонент: Қар-снег. Қар ұлпасы-снежинка.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс).

– Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар? (Қыста

аппақ қар жауады, күн суық болады. Күн қысқарып, түн ұзарады).

– Қар неден тұрады? (Қар ұлпалардан тұрады).

Ойын: «Аққала құрастырамыз».

Ойынның шарты бойынша балалар геометриялық пішіндердің арасынан дөңгелек пішінді тауып, аққала құрастырады. Екі айналымды ойынға үш баладан қатысады.

Жұмбақ:

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тонады. (Қар)

Қолы жоқ сурет салады,

Тісі жоқ тістеп алады. (Аяз).

Сергіту сәті.

Мүсіндеу оқу қызметінің барысы.

Қауіпсіздік ережелері: Ермексазды ауызға салуға болмайды, қатты езбейміз, алақанды сулы шүберекпен сүртеміз.

– Балалар, біз бүгін қар ұлпаларын мүсіндейміз. Қар ұлпалары көлденең және тік сызықтардан тұрады. Мүсіндеу оқу қызметінің тәсілдеріне есу, ширату, домалақтау, шымшу, созу, илеу жатады. Біз есу тәсілін (алақанның ортасына ақ түсті ермексазды салып жұмсартып алып есеміз) қолдана отырып ұзын сопақшаларды жасап көк түсті дөңгелек қағаздың үстіне көлденең және тік орналастырамыз. Қар ұлпасын үлгіге қарап жасаймыз. (Балалардың жұмысы).

«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ – БҮГІНГІ ЖАС ҰРПАҚ»

ИМАНГАЛИЕВА

**Ардақ Сапиқызы,
Атырау қаласындағы
№25 «Еркемай» бөбекжай-
бақшасының әдіскері**



«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан жақсы қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз».

Н.Ә.Назарбаев

Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделіп жүргізілгені абзал. Оның ішіне рухани-адамгершілік қасиеттер мен отаншылдық сезімді ұдайы дамытып отыру бағытындағы іс-әрекеттер кіріктірілуі тиіс. Балабақша қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, ұлттық құндылықтардың оның ішінде салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру ең басты қағидат болуы қажет.

Атырау қаласындағы «Балапан» бағдарламасы аясында 2013 жылы ашылған №25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасының ұжымы осы қағидаттарды негізге ала отырып, Тәуелсіз еліміздің болашағы – бүгінгі жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде тың серпінмен еңбек етіп келеді. Балабақша – баланың жүйелі түрде білім-тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық орны. Оның балаға беретін тәлім-тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сонда қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстазға тікелей байланысты. Ұстаз – киелі мамандық. Ол ертеңгі болашақ иесін, ұлтын тәрбиелейді. Бала тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, оны өмір сүруге икемдеу, адами қасиеттерді бойына дарыту – ол оңай шаруа емес.

Тәрбиеші – суретші, әртіс, әдебиетші, ақылшы, дос және бала жанын бағамдар психолог. Осындай мейірім мен сүйіспеншіліктің аймағы – біздің «Еркемай» бөбекжай-бақшасы. Сондай-ақ, ол мәңгілік балалық пен жастықтың ордасы. Балабақша бізге өз мүмкіндігімізді толық көрсетуге, баламен бірге балаша ойнауға, ойлауға, еркелеуге, қиял әлеміне шарықтауға, ертегілер еліне саяхат жасауға мүмкіндік береді. Бүлдіршіндерді ата дәс-

түрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін бақшамыздың негізгі бағыты баланың дамуына бағытталған бірыңғай білім беретін кеңістік құру – отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту болып отыр. Осы міндетті жүзеге асыру барысында ата-аналармен бірігіп жұмыс істеудің әртүрлі формасы қалыптасқан. (Өңгімелесу, дөңгелек үстел, пікірталас, психологиялық тренинг, т.б.).

Ең бастысы – балабақшаны тек оқу-тәрбие ошағы деп санамай, баланы түсінетін, әрдайым көмек қолын созатын әлем деп сезіну.

Біздің мамандығымыз – бұл біздің өмір жолымыз. Біздің балабақша – бұл бөлек әлем, гүлденген көгал. Оның әр кірпіші, әр бұрышы ешқашан ескірмейтін мейірім мен сүйіспеншіліктен тұрады. Бақша бізді баланың ең нәзік – жан дүниесін сезінуге, аялауға, бағалауға үйретеді. Педагогтардың балаға қуаныш сыйлауға, талмай еңбек етуге деген тілегі мен талпынысы балабақшаны мейірімділік пен сүйіспеншілік ордасына айналдырды. Кәсіптік қызметімізде бізге көмектесетін бақшадағы әр тәрбиешінің шығармашылық белсенділігі, жаңалыққа құмарлығы. Жаңашылдық пен ізденімпаздық-біздің мекеменің басты ұстанымы. Бұл тұрғыда жүйелілік пен ізденушілік үлкен орынды алады. Педагогикалық шеберлік педагогтың әдіс-тәсілдерді меңгерудегі білік-дағдыларына тікелей байланысты. Педагогикалық шеберлік – өскелең ұрпақты тәрбиелеу өнері. Біздер балаға қиындығы мен қарама-қайшылығы мол өмірді, қоршаған ортадағы құбылыстарды түсінуге көмектесуіміз қажет. Тек педагог қана бала жанының қаншалықты сезімтал, ұғымтал екендігін бағалай біледі. Біздің балаға береріміз – махаббат, сүйіспеншілік, мейірім, қамқорлық. Ақын Фариза Оңғарсынова өлеңге қосып жырлағандай, «Үй жақсы ма, бақша ма?» деген сұраққа біздің балабақшаның әр бүлдіршіні қуана «бақша» деп жауап береді. Балалар – өмір гүлі. Ал гүлдер ешқандай жасандылықсыз, шынайылықпен баптағанда ғана өседі.

Қорыта айтсам, осы мәуелі ағаштың тамыры – ата-ана, дінгегі – тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз. Балалардың күлкісі мен мейірімі арқасында біздің балабақша жыл өткен сайын гүлденіп, көркейіп, жасара түсуде. Бойымыздағы бар білімімізді, асыл қасиеттерімізді періште бөбектерге арнай білсек, олардың жүрегіне жол тауып, өзіндік «мені» бар дәрежеге жеткізсек, Отанды, адамзатты сүюге тәрбиелесек – біздің балабақшамыздың нағыз мейірім алаңына айналғаны.

«МЕН ТАБИҒАТТЫҢ БӨЛШЕГІМІН»

БЕКБАУЛИЕВА
Гүлжамал Өмірханқызы,
№25 «Еркемай» бөбекжай-
бақшасының
I-санатты тәрбиешісі



Білім беру саласы: «Әлеуметтік орта».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Экология негіздері.

Мақсаты: Балаларға табиғаттың баға жетпес байлығын ұғындыру. Оны қорғап, аялау қажеттігін түсіндіру. Қоршаған ортаға деген түсініктерін кеңейту. Экологиялық тәрбие беру. Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға үйрету. Балаларды мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Табиғат, жанды, жансыз табиғат.

Билингвальды компонент: Табиғат-природа.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс мезгілі).

– Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? (Күн суық болады, қар жауады).

– Балалар, қыс мезгілі қандай тамаша! Қар жауады, ауа тазарады, қармен ойнаймыз. Аққала жасаймыз. Әр жыл мезгіліне табиғаттың беретін өз сыйы бар. Қыс мезгіліне де табиғат осындай сый жасаған. Біз бүгін осы табиғатымызға, туған жеріміздің байлықтарына кеңінен тоқталамыз. Балалар, табиғат жанды және жансыз болып екіге бөлінеді. Қане, экранға назар аударайық. (Слайд).

– Жанды табиғатқа адамдар, жан-жануарлар, өсімдіктер, құстар, ағаш, гүлдер жатады. Өйткені олар өседі, дем алады, көбейеді. Ал жансыз табиғатқа тас, су, тау, құм, ауа жатады. Олар өспейді. Қоректенбейді. Алайда осы жанды табиғат пен жансыз табиғат бір-бірімен тығыз байланысты. Тіршілік атаулы оларсыз өмір сүре алмайды.

Тосын сәт: Саяхатшының келуі.

Саяхатшы: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен сонау Ресейден Қазақстанның табиғатын тамашалау үшін келдім. Қазақ елінің барлық қалаларын аралап келе жатырмын. Қазақстанның табиғаты өте керемет, тамаша екен. Бүгін жолым Атырау қаласына түскесін, сіздерге соға кетейін деп, арнайы келдім. Атыраудың табиғатымен, байлығымен танысықым келеді.

– Қош келдіңіз, отырыңыз. Қазір балалар сізге қаламыздың табиғаты, байлығы жөнінде әңгімелеп береді.

Бейнекөрініс. (Атыраудың табиғаты, қазба байлықтары, балықтар туралы әңгімелеп беру).

Саяхатшы: Қандай керемет! Балалар, менің қолымда сикырлы қорапша бар. Оның ішінде сендерге арналған сыйлығым бар еді. Бірақ қорапша ашылмай тұр. Сендер маған табиғат туралы мақал-мәтел айтып берсеңдер, ашылады.

– Қане, балалар, табиғат туралы мақал-мәтел айтып берейік.

Табиғатты аяласаң,

Табиғатта аянып қалмас.

Судың да, сұрауы бар.

Жаңбыр жауса, жер ырысы...

Саяхатшы: Өте жақсы. Рахмет балалар.

– Балалар, мен сендерге табиғат туралы жұмбақ жасырайын. Саяхатшыға өз білімімізді көрсетейік.

Жұмбақтар. (Слайд арқылы).

Дәмі жоқ, түсі жоқ.

Пайдаланбас кісі жоқ. (Су)

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен күміс шашылды. (Күн)

Өмірде одан мол ештеңе болмайды,

Құшақтасаң құшағың толмайды. (Ауа)

Саяхатшы: Балалар, мен сендерге ризамын! Қазақстанның табиғаты, байлығы өте керемет! Міне мынау менің сыйлығым қабыл алыңдар.

– Рахмет саяхатшы, сау болыңыз.

Сергіту сәті.

Д/ойын. «Табиғатты көркейту». Топтық жұмыс.

– Балалар, үстел үстінде жанды және жансыз табиғаттың суреттері тұр. Сендер осы суреттердің ішінен жансыз табиғатқа жататын бейнелерді алып, табиғатымызды суреттеп көріндер. Сонан соң суретке жанды табиғатымызды қосып жандандырайық. Табиғатымыз көркейді ме? (Иә).

– Міне балалар, жанды және жансыз табиғат бір-бірімен тығыз байланысты. Ал енді біз табиғаттан не үйрендік. Мына суреттерді тақтаға жапсырайық. (Жұптық жұмыс).

Д/ойын. «Табиғаттан не үйрендім?». (Күннен жылулықты. Судан тазалықты. Ағаштан – өсуді. Таудан биіктікті).

– Балалар, біз табиғаттың бір бөлшегіміз. Сондықтан табиғатты қорғауымыз керек. Ағаштарды сындырмайық, құстарға тас лақтырмайық, гүлдерге су құйып, күтіп-баптайық. Табиғатты аялайық.

«ҚҰСТАР БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ»

УНДАГАНОВА
Айсұлу Хамитқызы,
 №25 «Еркемай»
 бөбекжай-бақшасының
 I-санатты тәрбиешісі



Білім беру саласы: «Әлеумет».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен таныстыру.

Мақсаты: Балалардың құстар туралы түсінігін кеңейту, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Тақпақтар, мақал-мәтелдер, тыйым сөздер айтқыза отырып, тілдерін, ойлау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілікке, табиғатты сүюге, оған қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар, мақтау, мадақтау, қорытындылау.

Керекті құралдар: Дала, үй құстары, қыстайтын құстар, альбомның ақ беті, геометриялық пішіндер, желім, сүрткіш.

Алдын-ала жұмыс: Құстар туралы тақпақтар мен мақалдар, тыйым сөздер жаттау.

Кіріспе бөлім: Қыс туралы әңгімелеу.

Жұмбақ.

Түсі қара мақпалдай,

Төсі ақ сыр жаққандай.

Ұшса оқтай зулайды,

Көктен жұлдыз аққандай. *(Қарлығаш)*

– Балалар, енді мен сендерге Т.Тайбазарұлының «Қайтпай қалған қарлығаш» атты әңгімесін айтып берейін. (Әңгімені талдау).

– Балалар, әңгіме не туралы? «Қайтпай қалған қарлығаш» деп неге аталған? (Балалардың жауабы).

– Иә, әңгіме қарлығаш туралы екен. Оның қанаты жаракаттанып, жылы жаққа ұша алмай қалыпты. (Осы кезде есік қағылады).

Тосын сәт: Ақшақардың келуі.

Ақшақар: Мен орманнан келдім. Қыс құстарының орманнан ұшып кеткеніне қынжылып, оларды қайтаруға көмектесулеріңді сұрайды. Сендерге мына құстардың суретін беріп жіберді. (Ақшақар балаларға тапсырманы беріп, шығып кетеді).

– Балалар, Қысқа көмектесу үшін оның орманында қандай құстар қыстап қалатынын біліп алайық. (Бейнетаспа арқылы ормандағы қыстап қалатын құстарды көрсету).

Жұмбақтар:

Қонып алып жарға,

Қарқылдайды *(қарға)*.

Құйрығы ұзын, өзі бұтақтан бұтаққа ауысқан,
 Бұл қандай құс? *(сауысқан)*.

Балалардың тақпағы.

Сергіту сәті.

Қарға біздің қар, қар,

Сауысқаны санқ, санқ.

Торғайларым шиқ, шиқ,

Жапалағым ух, ух.

Көкек көкек, көкек деп,

Ұшады екен желпілдеп.

– Балалар, құстар орманнан бізге неге ұшып келеді? (Олар жем іздеп келеді).

– Олай болса, біз құстарға қамқорлық жасауымыз керек. Оларға жем, су береміз. Ол үшін мына жемсауытқа қазір жем саламыз да, ертең далаға серуенге шыққанда ағаштың басына іліп қоямыз. Құстар келіп жемді жейді, суды ішеді. Сосын құстар риза болып, сендермен дос болады. Қазір біз сендермен ормандағы құстардың біздің балабақшамызға келіп ұшып жүргенін тамашалаймыз. Олардың қалай тамақтанатыны туралы бейнетаспаны көрейік. Табиғат тілашарынан «Қыс ұясын қарайла, бұзылмасын абайла» тіркесін жаттайық.

Дидактикалық ойын: «Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын ажырат».

Ойынның шарты бойынша балалар тақтада көрсетілген суреттердің ішінен қыстап қалатын құстарды және жыл құстарын көрсетеді.

– Балалар, біреу есік қағып тұр ғой. Ол біздің құстарға келген Қыс болар.

Қыс: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сонау орманнан құстарымды іздеп келдім.

– Біз сіздің құстарыңызға қамқорлық жасадық. (Балалар қыстап қалатын құстар туралы айтады).

Қыс: Жақсы, сендер құстар туралы өте көп біледі екенсіңдер. Менің сендерге орманнан алып келген сыйлығым бар. (Қарағайдың жаңғақтарын алып балаларға таратады да, қоштасып шығып кетеді).

Жұмбақ.

Көктемде келіп, күзде кетеді,

Жаздай бауда әндетеді. *(Жыл құсы)*

Барлық жемін бітеудей асайды,

Әйтседе ұзақ жасайды. *(Құстар)*

Мақал-мәтелдер.

Көк құрақ көлдің сәулеті,

Құс пен аң елдің дәулеті.

Ел жағалай қонбаса, бетегелі бел ғаріп,

Қаз, үйрек болмаса, айдын шалқар көл ғаріп.

Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан».

Шарты: Мысық ұйықтап жатады, торғайлар жем шоқып жеп жүреді. Тәрбиеші «Мысық оянды» – деп белгі бергенде, торғайлар жан-жаққа ұшады. Ал, мысық «мияу-мияу» деп дыбыс беріп, торғайларды қуа жөнеледі.

«Қысқы ертегілер» апталығына шолу.

«Қарлығаш пен Дәуіт» ертегісін театрландыру.

(Ертегіні сахналаған балалар ортаға шығып, бастарын иіп өз орындарына отырады). Тәрбиеші сұрақ-жауап әдісімен ойын-сауықты қорытындылайды.

«ЖӘНДІКТЕР ӘЛЕМІ»

УМБЕТАЛИЕВА
Лайлим Маханбетқызы,
№25 «Еркемай»
бөбекжай-бақшасының
II-санатты тәрбиешісі



Білім беру саласы: «Таным». «Шығармашылық».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану. Сурет.

Мақсаты: Балаларды жәндіктер әлемімен таныстыру. Олардың пайдасы мен зияны туралы түсінік беру. Такпақтар, жұмбақтар арқылы балалардың ойлау қабілетін жетілдіру. Жәндіктерді ажырата білуге жаттықтыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекіліктер: Жәндіктер суреттері, дидактикалық материалдар, слайдтар.

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, әңгіме құрастыру, түсіндіру, көрсету.

Билингвальды сыңары: Канкыз-божья коровка, көбелек-бабочка, шыбын-муха.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, танертең балабақшаға келе жатып сиқырлы қорапша тауып алдым. Оның ішінде әртүрлі суреттер бар екен. Қане, қандай суреттер екенін көрейікші. Мынау ненің суреті? (Күн)

– Оның түсі қандай? (Сары).

– Ал, мына суреттегі не? (Еріген қар суы).

– Күн жылы болғандықтан, қарлар еріп, жылғалардан су ағып жатыр.

– Ал мына суретте не бейнеленген? (Шөптер).

– Шөптердің түсі қандай? (Жасыл)

– Ал мына суреттен нелерді көріп тұрсындар? (Көбелек, қанқызы, құмырсқа).

– Балалар, егер де күн жарқырап шықса, қарлар ерісе, жылғалардан су ақса, ағаштар бүршік жара бастаса, бізге қандай жыл мезгілінің келгені? (Көктем мезгілі).

– Дұрыс, көктемде айнала құлпыра түседі, құстар ән салады, ағаштар гүлдейді, табиғат оянып, гүлдер өседі.

Балалар, көктемнің иісін сезгілерің келе ме? Қане, көзімізді жұмып, көктемнің жұпар иісін иіскейік. (Балалар көздерін жұмып, мұрын арқылы тыныс алып, ауызбен демалады, осы кезде тәрбиеші су шашады).

– Бұл не балалар? (Су).

Жаңбырдың тырсылы.

– Балалар, бұл көктемгі жаңбыр. Қане, бәріміз тыныш отырайық. Тынышталмасақ, бұлттар қорқып кетіп қалады. Міне, жаңбырдан соң жарқырап күн шықты.

Д/О: «Күн мен жаңбыр».

Сергіту сәті. «Көбелек».

– Қане, көбелектер бері келіндер, қарандаршы, қандай тамаша! Айналамызда гүлдер жайқалып тұр. Балалар, сиқырлы қорапшада жұмбақтар бар екен. Олардың жауабын дұрыс тапсаңдар, бүгінгі әңгімеміздің не жайлы екенін білесіңдер?

Жұмбақтар:

Гүлдерге қонады,

Шырынын сорады.

Түр-түсі сары-ала,

Бұл не? (*Ара*)

Қылдай белі бүгілген,

Өзінен де жүгі үлкен. (*Құмырсқа*)

– Балалар бұл жұмбақтар не жайлы, оларды бір сөзбен қалай атайды? (Жәндіктер).

– Балалар тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (Қанкыз, шыбын, көбелек, өрмекші).

Слайд: Жәндіктердің суретін көрсету.



– Бұл жәндіктердің пайдасы қандай? (Балалардың жауабы).

– Дұрыс айтасындар, көбелек гүлдерді тозаңдандырады, талшығынан жібек мата алынады. Қоңыз өсімдік-

тердің жапырағын зиянды құрттардан тазартып, емдейді. Топырақты қазып шіріген заттарды ыдыратып табиғат тазалығын сақтауға үлес қосады. Құмырсқа өте еңбекқор, илеуіне қонған құстардың үстіндегі бүргелерін тазартады. Ара гүлдердің шырынынан бал жинайды.

Дыбыстық жаттығу. Тақпақтар.

Нұрислам:

Менің атым құмырсқа,
Шаршамаймын жұмыста.
Дән тасимын жаз бойы,
Демаламын мен қыста.

Марлен:

Гүлден сорып бал жинап,
Терлеп жанын қинады,
Және өзіне жиганын,
Адамдарға сыйлады.

Айша:

О, құмырсқа, құмырсқа,
Шебер-ақсың жұмысқа.
Астық жинап қуысқа,
Қол жаймайсың туысқа.

Ойын: «Қиынды суреттер».

Балалар қиындылардан жәндіктердің суретін құрастырады.

– Балалар, тыңдаңдаршы, шөптің арасынан бір ды-

быс естілетін сияқты. Қане, тыңдайықшы. Балалар, бұл қоңыз ғой. Бәріміз қоңызбен амандасайық.

Қанкыз: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен – қанкызы деген қоңызбын. Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Сендерге айтар бір өтінішім бар. Мен үйіме өзімнің табиғат аясында серуендеп, шөптің арасында жүрген суретімді іліп қойғым келеді. Маған сондай сурет салып бересіңдер ме? (Иә).

– Қанкыздың табиғат аясында, шөптердің арасында серуендеп жүргенін бейнелеу үшін үлгіге қарай отырып, осы суретті аяқтап салуымыз керек. Біз шөптердің суретіне жасыл бояуды пайдаланып, сүйкей жағу арқылы саламыз. Саусағымызды жасыл бояуға батырып, ақ қағазды сол жақ төменгі жағынан бастап, жоғары-төмен сыза отырып жасыл шөптің суретін саламыз. (Балалардың жұмысы).

Сергіту сәті.

Ұзын мұртты құмырсқа,
Келе жатты жұмысқа.
Алды допты қолына,
Қойды допты орнына.
Онға, солға қарады,
Үлкен тау деп ойлады.

Тәрбиеші оқу қызметіне қорытынды жасап, белсене қатысқан балаларды мадақтайды.

СЮЖЕТТІ-РӨЛДІК ОЙЫН МАЗМҰНЫН ЖАҢАҚТАУ

БАЗАРҒАЛИЕВА
Ғалия Төмірбулатқызы,
Атырау қаласындағы
№48 «Родничок»
бөбекжай-бақшасының
жоғары санатты әдіскері



Ойын – ол ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ойын – алысқа меңзейтін, ойдан ойға жетелейтін, адамға қиял, қанат бітіретін ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі. Атақты орыс педагогы В.А. Сухомлинский «Ойын – баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес» – деп айтады. Ойын арқылы баланың рухани сезімі шынайы өмірмен ұштасып, өзін қоршаған орта туралы түсінік алады. Ойында балалар ересектердің рөлін ойнайды, өздері құрастырған ойындарда ойларынан шығарған

жайларды, ересектердің арасындағы шынайы кәсіптік мамандықтарды қайталап орындайды. Балалардың өз еркімен ойналатын сюжетті-рөлдік ойындары мектепке дейінгі тәрбие бүлдіршіндері үшін ең қызықты іс-әрекет. Ойын кез келген әрекет сияқты өздігінен пайда болмайды. Тәрбиешілер тарапынан қалыптастырылып, ұымдастырылады. Балалар берілген сюжетті-рөлдік ойынды ойнай алу үшін оларға эпизод – әрекеті тұрақтандырылып түсінік беріледі. Сондықтан үлкендердің шығармашыл шебер басқаруымен олар қиялдан құралған жаңа сәттерге ауысып отырады.

Сюжетті-рөлдік ойынның осындай өмір шындығы баланың тәжірибелік түсінігін кеңейтеді, ішкі эмоционалдық жайлылық береді. Ойында бала өз еркінше, тәрбиешінің ойын дағдыларын қолдау, жағдай туғызу арқылы ойнауы керек. Балалар ойындарында бүгінгі өмір талабына сай шындықты, үлкендердің еңбегінің көп жақтылықты көріністерін заманға сай оқиғаларды бейнелейді.

Мектеп жасына дейінгі балалар ересектер тобында мазмұны жаңартылған «Телевидение», «КЖО, СТО», «Ателье», «Әуежай», «Пойызбен саяхат» ойындарында

ойындар ортақ болғанмен, сипаты бірдей емес жас ерекшелігіне қарай күрделеніп отырады. Мысалы сюжетті-рөлдік ойын «КЖО»-да бүгінгі өмір талабына сай шынайы автоматтандырылған көлік жөндеу орталығының жұмысы ойналады. Ойын барысында кәсіптік ойындардың мәнін түсінеді. «Пойызбен саяхат» ойынында бірнеше мамандық жағдаяттарынан туындаған іс-әрекеттерді мысалы: бір ойын барысында жолаушы, жолсерік, касса жұмысы, дәрігер мамандықтарының әрекеттері туралы әдістер қолданылады. «Телевидение» ойынында балалар өз қаламыздағы телевидение жұмысымен толық

танысып, рөлмен ойын әрекеті барысында (диктор, журналист, фотограф, жаңалық, сұхбат, ауа райы туралы мәлімет, микрофон) терминдерімен танысады.

Ойын бала үшін нағыз өмір. «Аэропорт» ойынында бала аэропорт ғимаратына кіргеннен бастап, ұшақтан түскенге дейінгі маман иелерінің шынайы өмірі, кәсібімен таныс болады. Жаңартылған сюжетті-рөлдік ойындарды өзіміз жұмыс жасайтын мектепке дейінгі мекемеге енгізу арқылы балалардың әлеуметтік және құндылық-мәнді құзыреттіліктерін қалыптастыруды көздедік.

«ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»

ФЕДОРОВА

**Галина Олеговна,
№48 «Родничок»
бөбекжай-бақшасының
орыс тілі маманы**



Ата-аналармен екі тілде өткізілген сайыс.

Мақсаты: Ата-аналармен сенімді қарым-қатынас құру. Отбасымен бөбекжайда ата-аналардың белсенділігін барынша арттыру. Балаларды жан-жақты тәрбиелеу барысында жағдайлар жасауға жәрдемдесу. Балалардың Отанына, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Жүргізуші:

Қазақстан – сан ғасырлық тарихы бар,
Қазақстан – бұл азат ел танысындар.
Көк байрағы, елтаңба, әнұраны,
Қазақ елі егеменді, сан ұлты бар.

Ведущий:

Под щедрым солнцем золотым,
Под ясным небом голубым.
Мой герб и флаг в себя вобрали,
Весь мир степной, родные дали,
Свободы духи взор прямой.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті әріптестер, ата-аналар және қонақтар! Еліміздің Тәуелсіздік күні мерекесі құтты болсын! Мемлекетіміздің өсіп-өніп, өркендеуі – біздің жетістігіміз. Бүгінгі «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты салтанатты жиынымызға қош келдіңіздер!

Ведущий: Добрый день дорогие коллеги, родители и наши гости! Мы находимся в преддверии радостного

события, праздника объединяющего всех граждан нашего много национального государства. Начинаем торжественный праздник, посвященный Дню Независимости.

Гимн.

Полина:

Тәуелсіздік – бұл менің парасатым,
Күншілмен де тіл тауып жарасатын.
Қорғайтын Елдігіңді ерлігімен,
Қазақтың шығаратын Алашатын.

Мақсат:

Свободен, величав и перевозчан,
Звезде подобный средь земель и стран.
Кюй счастья ты наигрываешь звонко,
Родной мой лучезарный Казахстан!

Би: «Қазақтың ұлттық биі».

1-кезең: Қатысушылармен танысу. Знакомство с участниками.

2-кезең: Екі топқа бөліну. Команда атын және ұранын ойластырып табу, команда капитанын сайлау. Разделиться на две команды. Придумать название команды, девиз и выбрать капитана команды.

3-кезең: «Бәйге». Сұрақ-жауап. Вопросы-ответы. (На русском и на казахском языках 30 вопросов).

4-кезең: Шығармашылыққа қатысты үй тапсырмасы.

Домашнее задание на тему «Моя Родина» (поделка).

5-кезең: Ұсынылған сөздерден төрт шумақтан тұратын өлең құрастыру. Из предложенных слов сочинить стихотворение.

6-кезең: Топтық жұмыс. «Отбасындағы патриоттық тәрбие». Коллективная работа. «Патриотическое воспитание в семье».

7-кезең: Мақал-мәтелді аяқта. Продолжи пословицы. Әділқазылар қорытындысы. Жюри подводят итоги.

Қорытынды.

«ӘУЕЖАЙ»

АХМЕТОВА
Марфуга Исмагулқызы,
№48 «Родничок»
бөбекжай-бақшасының
жоғары санатты
тәрбиешісі



ТҮЛЕШОВА
Бактыгуль Рамазанқызы,
№48 «Родничок»
бөбекжай-бақшасының
I-санатты тәрбиешісі



Мақсаты: Балаларды ойын арқылы Нұр-сұлтан қаласымен таныстыру. Ауыз екі сөйлеу арқылы танымдық қабілеттерін арттыру. Балалардың ой-қиялдарын дамыту. Сөздік қорларын молайту. Рөлдерді сомдауға және бір-бірімен қарым-қатынас жасауға баулу. Әуежай мәдениеті туралы түсінік қалыптастыру. Үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Ұшақтың макеті, ойынға қажетті көрнекіліктер, ұшқыштар еңбегі жайлы альбомдар, әуежай макеті.

Рөлдер: Ұшқыш, стюардесса, кассир, кеден қызметшісі, күзетші, бортингенер.

Билингвальды компонент: Әуежай-аэропорт, ұшақ-самолет, ұшқыш-летчик.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, еліміздің әсем де әдемі қалаларын шарлап, саяхатқа шыққыларың келе ме? (Алақай, саяхатқа шыққымыз келеді!).

– Саяхатқа қандай көлік түрлерімен шығуға болады? (Ұшақпен).

– Дұрыс айтасындар, бүгін біз саяхатқа ұшақпен шығамыз.

Атам шықса сапарға,
Жолың болсын, – дейді апам.

Апам шықса сапарға,
Жолың болсын, – дейді атам.

Жолың болсын, – дейді олар,
Үлкенге де кішіге.

– Олай болса, балалар, Нұр-сұлтан қаласына саяхатқа аттанайық.

Айзере: Сәлеметсіздер ме, кассаға қалай өтуге болады?

Күзетші: Сәлеметсіз бе! Оң жағыңызға бұрылып, кассаға бара аласыз.

Мадияр: Бәріміз әуежайға келдік. Енді кассаға барып билет аламыз.



Кассир: Сіздердің құжаттарыңыз қажет.

Мадияр: Әрине, алыңыз.

Кассир: Жолаушылар, міне сіздердің билеттеріңіз. Сапарларыңыз оң болсын!

Каусар: Рахмет.

Исмайл: Жүктерімізді қайда тапсыруға болады?

Кеден қызметшісі: Біз ең алдымен тексеруіміз қажет. Сонан соң әрі қарай өткізуге рұқсат береміз. Құжаттарыңыз толтырылып жатыр, күте тұруларыңызды сұраймыз.

Стюардесса: Қош келдіңіздер, құрметті жолаушылар!

Феруза: Сәлеметсіздер ме, құжаттарымызды көрсетейін.

Стюардесса: Құжаттарыңыздың барлығы дұрыс берілген. Орындарыңызға барып отырыңыздар. Белдіктеріңізді байлауды ұмытпаңыздар! Ұялы телефондарыңызды сөндірулеріңізді сұраймыз. Ұшақ қозғалуға дайын. Сақ болыңыздар! Қымбатты жолаушылар, сіздер үшін ұшақта барлық жағдайлар жасалынған. Салқын болған жағдайда жамылғыны жамылып отыруларыңызға болады. Қымыз, шұбат, шырын, газсыз суға және т.б. сусындарға тапсырыс берулеріңізге болады. Сіздерге

қызметіміз ұнайды деген үміттеміз. Сізге қандай сусын түрі қажет?

Таир: Кешіріңіз, маған газсыз су бересіз бе?

Стюардесса: Әрине, сусыныңыз міне. Тағы не қалайсыз?

– Қымбатты жолаушылар! Атырау – Нұр-сұлтан бағытындағы «Әйрастана» ұшағы Нұр-сұлтан қаласына жақындап келеді. Ұшақтың төмендеуіне байланысты белдемшелеріңізді тағуларыңызды сұраймыз. Нұр-сұлтан қаласына қош келдіңіздер! Жолдарыңыз болсын! Жүктеріңізді кеден бөлімшесінен аласыздар.

Кеден қызметшісі: Сәлеметсіздер ме, қымбатты жолаушылар! Құжаттарыңызды беріңіздер, тексеріп көрейін.

Ералы: Міне, менің құжатым.

Кеден қызметшісі: Жүктеріңіздің барлығы өз қолдарыңызға тапсырылады.

Ералы: Рахмет сіздерге, еңбектеріңіз жемісті болсын! Бізге «Әйрастана» ұшағының қызметкерлері өте ұнады. Сау болыңыздар!

Кеден қызметшісі: Сау болыңыздар! Келіп тұрыңыздар.

«БАЛА ТӘРБИЕСІ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ»

КЕНЕТАЕВА Нұрлыгүл
Әбілхамидқызы,
«Зере» балабақшасының
меңгерушісі



Балабақша – балалардың тәрбие, білім алып өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға жағдай туғызатын орта. Бұл жерде әр бүлдіршіннің күнделікті өмірі қуанышты да, есте қалатындай болу үшін барлық жағдай жасалған. Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда ойын түрлерін ұйымдастыру мен еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу бағыты жоғары нәтиже береді. Балалардың өзіне-өзі қызмет етуі, үлкендерге көмектесуі, табиғат бұрышындағы еңбектері олардың жеке тұлға ретінде дамуының көрсеткіші болып табылады.

Болашақ дара тұлғаны тәрбиелейтін алғашқы орта – жанұя, ата-ана құшағы. Осы ата-ана құшағынан келген баланы балабақшаның күн тәртібіне бейімдеу кешенді жұмыс. Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың мінез-

құлқы қалыптасады. Сол кезеңде алған тәрбиесі оның болашағына негіз болады. Әрбір ата-ана, тәрбиеші баланың сәби кезіндегі тәрбиесіне жауапты. Баланы бақшаға психологиялық тұрғыдан дайындау, балабақша, ата-аналар үшін күрделі мәселе. Әрине, бұл мәселе жауапкершілікті талап етеді. Мектепке дейінгі мекемеде оқыту бағдарламасының негізгі бағыты – сапалы ұйымдастырылған, жеке тұлғаны мектепке дайындайтын қоғамдық орта қалыптастыру болып табылады. Әрине бұл мәселе тәрбиешілер үшін жауапты міндет. Баланы балабақшаға бейімдеуде күн тәртібінің әрбір сәтін ойынмен ұштастыру, заман ағымының өзгерістеріне, ерекшеліктеріне байланысты ертегілерді түрлендіріп, «Банк», «Ұялы телефон орталығы», «Ғаламтор орталығы» сияқты желілі-рөлді ойындарды, дидактикалық ойындарды іс-тәжірибеде кеңінен қолдану әр тәрбиешіден шеберлікті талап етеді. Бұл тұрғыда біздің педагогтарымыз үнемі шығармашылық ізденіс жолында. Жас ұрпақты ұлттық рухта, ана тілімізде, жан-жақты тәрбиелеу, сапалы білім беру біздің басты міндетіміз болып табылады.

Ақтөбе облысы
Темір ауданы
Кеңқияқ ауылы



*Қожабәева Қарима Қаржауқызы,
Сарыағаш қаласындағы №1 «Гүлжан» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі*



*Куликулова Молдирай Серикқызы,
№1 «Гүлжан» бөбекжай-бақшасының әдіскері*








Сарыағаш қаласындағы №1 «Гүлжан» бөбекжай-бақшасының тыныс-тіршілігінен көріністер





БАЛАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЛМАҒАНБЕТОВА
Зинеп Қойшыбайқызы,
Ақтау қаласындағы
№39 «Хиуаз»
балабақшасының
әдіскері



Психология ғылымы адамның рухани жан дүниесін зерттейді. Белгілі психолог С.Л.Рубинштейн «Жалпы психология негіздері» атты еңбегінде былай деп жазды. «Психология зерттейтін құбылыстардың арнайы шеңбері анық әрі айқын көрінеді. Бұған біздің өміріміздің ішкі мазмұнын құрайтын және бізге тікелей тән уайымдар сияқты сезімдер, ойлар, ұмтылыстар, тілектер, ниеттер, қабылдаулар және т.б. жатады...». Психология біртұтас жүйе ретінде адамның айналасындағылармен қарым-қатынас жасай алуына, әртүрлі ерекшеліктерімен санаса білуіне, оларға игі ықпал етуге, моральдық психологиялық ахуал құруға, ақыл-ойының дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Балалар психологиясы олардың жас және жеке ерекшеліктерін, яғни психологиялық дамуын зерттеумен ерекшеленеді. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы олардың туғаннан бастап жеті жасқа дейінгі дамуының психикалық ерекшеліктерін зерттейді. Балалардың жас ерекшеліктері үш кезеңге бөлінеді:

Бірінші кезең – ерте балалық шақ –туғаннан бастап үш жасқа дейін;

Екінші кезең – балалық шақ – үш жастан бастап он жасқа дейін;

Үшінші кезең – ересек шақ.

Балалар психологиясы бала психикасының өзіне ғана тән аспектісімен қатар, оның дамуын, қалыптасу жолдарын жан-жақты қарастырады. Психикалық даму әрекет, тұлға, таным үшеуінде өзара байланысты болатын сандық және сапалық өзгерістер. Сонымен, психиканың дамуы – өткенді қайталау ғана емес, күрделі, бірте-бірте сапасы артып, өзгеріп тұратын үдеріс. Психикалық даму өсіп қана қоймай, түрлене де алады. Бұл жағдайда сандық өзгерістер сапалық өзгерістерге айналады. Жаңадан пайда болған сапалар өз кезегінде сандық өзгерістерге әкеледі.

Психология ғылымында психикалық даму қоғамдық тарихи тәжірибе тұрғысынан қарастырылады. Баланың психикалық дамуы үшін адамзаттың бойына жинақтаған

қоғамдық – тарихи тәжірибесі маңызды. Даму ұғымына ағзаның өсуі мен пісіп жетілу үдерісін жатқызады. Бұл үдерістер психикалық дамумен өзара тығыз байланыста өтеді, оған ықпал жасайды. Бірақ адамның жеке адам ретінде қалыптасуын белгілеп бере алмайды. Жеке адамның дамуы – бұл оның рухани өсуінің, жетілуінің, жеке адам үшін елеулі болып табылатын барлық сфераларды іс-әрекетте, өзін қоршаған құбылыстарға, адамдарға деген қарым-қатынасқа, танымдық үдерістерінде болатын сапалық өзгерістер үдерісі. Психикалық даму толыққанды болу үшін ми қыртысы мен жоғары жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі маңызды. Бұл ағзаларға зақым келуі немесе дұрыс дамымауы өз кезегінде баладағы психикалық дамуды тежейді. Сондықтан, баланың іште жатқан кезінен бастап барлық жағдай жасалуы оның қалыпты дамуының кепілі.

Мектеп жасына дейінгі балалар деп үш жастан бастап атай аламыз. Өйткені осы жастан бастап, баланы білімге машықтандыру жұмыстары ұйымдастырыла бастайды. 3-4 жас аралығы бала ағзасының жедел өсу кезеңі болып табылады. 4 жастан асқан баланың орташа салмағы 19 кг, бойы 110 см, көкірек клеткасының аумағы 54 см жетеді. Негізгі қимылдарының жетілуінде едәуір сапалы өзгерістер пайда бола бастайды. 4-5 жас арасында баланың психикасында едәуір даму байқалады. Көру, есту және дәм сезу қасиеттері жетіліп, затты сипаттай білетін болады. Кеңістікті бағдарлай алады. Бала «оң», «сол», «алда», «артта» ұғымдарын жақсы меңгеріп, уақыт туралы түсініктері қалыптасады. Зейіні тұрақтанады, есте сақтауы жетіле бастайды. Зейінін шоғырландыра алады. Бұл жастағы балаға көрнекі-бейнелі есте сақтау тән. 5 жасқа қараған шақта баланың үлкендермен қарым-қатынасында жаңа сипаттар пайда болады. Бала үлкендермен танымдық, интеллектуалдық қарым-қатынастар жасауға талпына түседі. Ойын барысында орындаушының ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушы рөлін де атқарады. 5-6 жас аралығында негізгі қимыл түрлерін толық меңгеріп жалпы қозғалыс белсенділігі арта түседі. Бұл жастағы баланың бойы мен салмағы қарқындап өседі. Жоғарғы жүйке жүйесінің қызметі артады. Қимыл-қозғалысы ширап, қолдың буын және саусақтарының ұсақ моторикасы дамиды. 6 жасқа қараған шақтағы баланың салмағы айына 200 гр, бойы 0,5 см-ге өсіп отырады. Бастың ми қабыршағының қызметі кеңейіп, жоғарғы жүйке жұмысының үдерістері жетіле түседі. Бұл жас баланың қиял шығармашылығының жан-жақты дамуымен ерекшеленеді. Өз іс-әрекетін бақылай алатын болады.

«БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСІ»

**БАТЫРҚҰЛОВА М.С.,
№39 «Хиуаз»
балабақшасының
тәрбиешісі**



Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде балаларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеуді жүзеге асыруда, олардың мінез-құлқын қалыптастыруда ұлттық педагогиканың, оның ішінде ұлттық ойынның алатын орны ерекше. Балаларды ойын арқылы тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған сәйкес дәстүрлі құндылықтар негізінде жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеудегі қоғамның қажеттіліктері мен мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуді қалыптастыру жүйесінің жеткіліксіздігі бірнеше қайшылықтар туындатады. Бұл қайшылықтардың шешімін табу мақсатында ойын арқылы тәрбиелеуді мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыру жолдарын анықтап, айқындап, және бұл тақырыптағы зерттеу жұмысымыз «Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындарды қолдану әдісі» деп таңдап алуыма негіз болды.

Іс-тәжірибенің мақсаты: Балаларды ұлттық ойындар негізінде тәрбиелей отырып, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Балаларды ұлттық ойындармен байланысты әдебиеттермен таныстыру. Жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық ойындарды жинақтау. Белсенділік орталықтарында ұлттық ойындарды қолдану әдіс-тәсілдерін нақтылау.

Іс-тәжірибенің әдіс-тәсілдері: Жаңа технологияның негізінде дамытушы орталықтарда ұлттық ойындарды қолдану. Ойын арқылы тәрбиелеу жұмысының мониторингі.

Іс-тәжірибенің болжамы: Егер ұлттық ойындар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жүйеленсе, ойындардың мазмұны жинақталса, әдістемелік көмекші құралдар дайындалса, онда ұлттық ойындардың мәні ашыла түседі. Балалар ойындардың шарттарын біледі, қиындықтарды жеңуді үйренеді.

Ойынды оқу іс-әрекетінде қолдану балалардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіреді. Біздің халықтық педагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан

еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ, ойын болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші рөл атқарады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Арқан тартыс», «Орамал тастамақ», «Бәйге», «Аударыспақ», «Көкпар», «Күрес», «Ханталапай», «Қыз қуу», «Тоғыз құмалақ», «Теңге алу», «Сақина салу», «Асық», «Күн мен түн», «Кім күшті?», «Қазан», «Үкі», «Дауыста, атыңды айтам», «Тапқыр» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану оқу іс-әрекеті тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Балаларды әсіресе, «Сықырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Бала ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Тәрбиеші әр баланың еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді.

Халқымыздың ұлттық ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекетті, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Сондықтан ойындарды отбасы тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдалану қажет. Кейінгі кезде ұлттық ойындардың көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жақын. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысады. Бір-бірінен ептілікті үйренеді. Оның үстіне дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындарымыз: «Тоғызқұмалақ», «Қуыршақ», «Асық ойындары». Қазақтың көне жыр-дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Ойындардың үйретуші мүмкіндіктері туралы бұрыннан белгілі. Көптеген белгілі педагогтар оқыту процесінде ойындарды қолдану тиімділігіне баса назар аударған. Ойын – эмоциялық және ақыл-күштерінің қысымын талап ететін, ерекше ұйымдастырылған

жұмыс. Ойын әрқашан шешім қабылдауды болжайды – не істеу, не айту керек, қалай жеңу керек? Бұл сұрақтарды шешу тілегі ойнайтындардың ойша қызметін шиеленістіре түседі. Балалар үшін ойын ең алдымен – қызықты ермек. Ойында бәрі тең. Ол тіпті әлсіз балалардың да қолынан келеді. Бала ойыны – кең түсінік. Сабақтағы ойындардың орны және ойынға берілетін уақыт бірқатар факторларға байланысты: балалардың дайындығына, оқытылатын материалға, нақты мақсаттар мен сабақ шарттарына және т.б. Егер ойын бірінші бекіту кезінде жаттықтыратын жаттығу ретінде қолданылатын болса, онда оған сабақтың 20-25 минутын беруге болады. Біз оны ойын шарттарын түсіндіру процесіне енгізуді ұстанамыз. Ұлттық қимылды ойындар балалардың қозғалу

белсенділігінің дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай жасайды, қандай да бір оқу-тәрбиелеу тапсырмаларын шешуге жәрдемдеседі. Қимылдық ойындар белгілі ережелер бойынша ұйымдастырылады. Балалар оларға сәйкес әрекет етеді, қарым-қатынас жасайды. Мен ұлттық ойындарды балаларға, серуендерде, сабақ арасындағы уақыттарда, сондай-ақ қандай да бір оқу тапсырмаларын орындау кезінде немесе бой сергіту кезінде ұсынамын. Ұлттық ойындарды ойнатудағы мақсат, бала өз халқының ұлттық мәдениетімен танысады, өз халқының болмысын танып біледі, адамгершілік-патриоттық рухты өз бойына сіңіріп өседі. Ойын баламен мәңгілік өмір сүреді. Сондықтан ойын-баланың өмірінің нәрі деп білеміз.

«БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ»

УМИРБАЕВА
Гулмира Мұхтарқызы,
№39 «Хиуаз»
балабақшасының
тәрбиешісі



Бүгінгі таңда елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып, әлемдік білім беру деңгейіне жету бағытында игі қадамдар жасауда. Мұның өзі мектепке дейінгі педагогика теориясына да ықпал жасап, білім берудің мазмұнын жаңартуға жол ашып отыр. Сондай-ақ, педагогтар алдына қойылған жаңа талап-мақсаттар олардың көп ізденіп, бала тәрбиесінде, оларды оқытуда әдіс-тәсілдерді үнемі жетілдіре отырып, жаңа технологияға байланысты тәжірибеден туған озат үлгілерді күнделікті болмыста көптеп пайдалануға жетелейді.

Мектепке дайындық – бұл мектеп тәжірибесін оңтайландыру мақсатында баланың игерген белгілі білімі және дағдысының нәтижелік көрсеткіші болып табылады, бұл кезеңде күш жұмсалатын, моторлы, әлеуметтік дағдылар, оқу себептері, тіл және танымдық дағдылары тұрақты әрі берік қалыптасады. Сол себепті баланың мектептегі оқуын және оның жеке қасиеттерін дамыту деңгейін арттыруға психологиялық дайындығы 5-6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі білімін жүзеге асыру кезеңінде аса жауаптылықпен өтуі тиіс.

Баланың ой операциясын дамытып талдау, жинақтау, топтау және классификациялауға арналған дидактикалық ойындар, жаттығулар жүргізуге болады. Балаға бірнеше заттардың бейнесі көрсетіледі. Бала сол суреттерге қарап талдап, топтап, жүйелеп, логикалық ой қорытындысын шығара білуі керек. Балалардың қызығушылығын арттырып, білім дәрежесін жетілдіруде ойынның мәні зор екендігіне нақты көз жеткіздік. Дидактикалық ойындардың жіктелуін пайдаланғаннан кейін оның нәтижелігін анықтауға мүмкіндік беретін қорытынды жұмыс жүргізілді. Мектепалды даярлық топ балаларының ақыл-ойын дамытуда дидактикалық ойындарды кеңінен пайдалана отырып, олардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын арттырамыз. Балалардың ақыл-ойы, логикалық ойлауы, байланыстырып сөйлеу тілі дами түсті. Қызығу-танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші екенін ескерсек, дидактикалық ойындарды балабақшаның оқыту үрдісінде пайдаланудың маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту үрдісіне қызықтыру арқылы бала қабілеті ашылып, дарыны ұшталарды, өз күшіне, мүмкіндігіне сенімі артады, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды. Танымдық қызығу оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады. Педагогикада оны қалыптастырудың үш жағдайы қарастырылған.

Біріншісі – оқытудың мазмұны, мұндағы балаларды қызықтыратын мазмұнның берілу түрі, жаңалығы, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, таңдандыратын тарихи деректер, ғылыми білімнің іс жүзінде қолданылуы, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырының ашылуы.

Екіншісі – балалардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру. Бұған жататындар: сабақтың дәстүрлі емес түрлерін өткізу, оларда қолданылатын техникалық және көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру; танымдық ойындар ұйымдастыру; проблемалық және интегративті ұстанымдарды жүзеге асыру; пәнаралық байланыстарды тудыру; ғылымның өмірмен, өндіріспен техника және экологиямен байланысын ашып көрсету; балалардың өздігінен істейтін жұмыстарын және өздігінен білім алуды тиімді ұйымдастыру; шығармашылық және зерттеу жұмыстарын белсенді қалыптастыру; білімді тексеру мен бағалау, мадақтаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

Үшіншісі – тәрбиеші мен балалар, балалар мен ба-

лалар арасындағы қарым – қатынаста сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету. Балалар өзі ұнатпайтын тәрбиешінің оқу-қызметіне ешқашан қызықпайды. Балалар өзара сыйласа алмайтын, тәртіп жиі бұзылатын оқу-қызметінен тезірек құтылуға тырысады.

Қызығуды туғызу үшін тиімді қолданылған дидактикалық ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Дидактикалық ойындарды барлық топтарда қолдануға болады.

«ДЫБЫС ЖӘНЕ ӘРІПТЕР»

УРКИНБАЕВА

Жанар Куралбайқызы,

№39 «Хиуаз» балабақшасының тәрбиешісі

Оқу қызметінің мақсаты: Балаларға дыбыс пен әріп туралы түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы сөздік қорларын молайту. Топтық жұмыста бір-біріне көмектесуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекі құралдар: Суреттер, ойыншықтар, текше, кеспе әріптер.

Психологиялық жаттығу: «Күлімдейік».

– Балалар, адам жанының, жүрегінің кілті біздің езуімізде. Егер біз үнемі достарымызға, ата-анамызға, апайларға күлімдеп, жадырап көңілді жүрсек, біз мейірімді, ақылды болып өсеміз. Айналамызға күлкі сыйлайық.

Олай болса келіңдер, бәріміз бірге күлейік!

Кел балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік,

Қабақ шытқан не керек,

Күліп өмір сүрейік!

Тосын сәт: Топқа музыка әуенімен қонақ келеді.

Дыбыстар әлемінің ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Бұл даярлық тобы ма? Мен өте қызықты әріптер әлемінен келдім. Дыбыстар әлемінің ханшайымымын. Мен сендерге өз әлемім жайлы айтып берейін: Әлде қандай патшалықта емес, әлдеқандай мемлекетте емес, тура өзіңнің аузыңның ішінде ды-

быстар тұрып жатыр. Ал олардың үйі міне, қандай әдемі! Аузыңды көрсетші, аша ғой қане! Үйдің төбесі бар. Еден төменгі таңдай. Есік еріндер. Есік бекем болу үшін сүйек шарбақтарда бар. Бәрі жақсы болар еді, үйдің ішіне ашулы айдаһар кіріп алыпты. Ол басқа дыбыстардың жолына кедергі жасап, есікті жауып алады немесе қоршауды қойып қояды. Олар емін еркін шыға алмайды. Сондықтан көк көйлек киіпті. Мен жайлы не білесіңдер? (Балалар сөз, сөйлем, дауысты, дауыссыз дыбыстар жайлы айтады).

Дыбыстар әлемінің ханшайымы: Сендерге қызықты тапсырмаларым бар. Соларды орындасандар сендерді сыйлықтар күтіп тұр.

– Балалар, ханшайымның тапсырмаларын орындауға дайынбыз ба? (Иә).

1-тапсырма: Бұл не? (Алма).

– Қай дыбыстан басталып тұр? (А).

– Алма сөзінде қанша дыбыс, қанша әріп бар? (4 әріп, 4 дыбыс бар).

– Алма сөзі неше буынға бөлінеді? (Ал-ма, екі буын).

– Дұрыс. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Сөздің естілуіне қарай бірнеше бөлікке бөлуге болады. Оны буынға бөлу деп атаймыз. Алма сөзінде қанша дауысты дыбыс, қанша дауыссыз дыбыс бар? (Екі дауысты, олар (А а) дыбыстары). Өйткені олар әндетіп, кедергіге ұшырамай айтылады. Оларды қызыл текшемен белгілейміз. (Л, М) – дауыссыз. Өйткені кедергіге ұшырап айтылады.

– «Алма» бұл сөз. Алма қандай болады? (Қызыл).

– Яғни, бұл да сөз. Енді екі сөзді байланыстырайық. Қызыл алма. Бұл енді сөйлем болады. Сөйлем сөздерден құралады. Ол тиянақты ойды білдіреді.

2-тапсырма: Балаларға таспадан иттің үруін, машинаның гүрілін тыңдату.

– Балалар сендердің тыңдағандарың дыбыстар. Оларды көзбен көрмегенмен құлақпен естиміз. Сонымен, дыбыс дегеніміз не? (Дыбысты біз естиміз, айтамыз. Олар әріппен таңбаланып жазылады).

3. Дидактикалық ойын: «Қай дыбыстан басталады?» Суреттегі заттың қай дыбыстан басталатынын табу. (Таға, ата, аға, ара).

Сергіту сәті.

4-тапсырма: Сурет бойынша сөйлем құрастыр. Текшемен сөйлем жазу.

Балалар ойын ойнайды. Жемістерді себетке жинайды.

5-тапсырма: Сөздік ойын. «Қарама-қарсы сөздер»

Мен «жоғары» десем, сен...

Мен «үлкен» десем, сен...

Мен «алыс» десем, сен ...

Мен «биік» десем, сен...

Мен «ауыл» десем, сен...

6-тапсырма: Жұмбақтардың шешуін тап.

Үстінен тоны түспеген,
Сонда да араз қыспенен. (Аю)

Алма дерсің, түсіне қарап,
Жүгері дерсің, ішіне қарап,
Татсаң тәтті, бал шәрбәтті. (Анар)

Әрі қызыл, әрі тәтті,
Татқан жанды таңырқатты. (Алма)

Қорытынды: «Өз көңіл- күйіңді сал».

«МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ОТБАСЫМ»

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА
Гүлім Сұлтанқызы,
№39 «Хиуаз»
балабақшасының
тәрбиешісі



Білім беру саласы: Әлеуметтік орта.

Білім бөлімі: Қоршаған ортамен танысу.

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы ұғымын кеңейту. Әртүрлі тапсырмалар, ойындар, мақал-мәтелдер арқылы тілдік қорларын дамыту, өз ойларын айқын жеткізе білуге үйрету. Үлкенді сыйлап, кішіге құрмет көрсете білуге, қамқорлыққа, жақсылық жасауға тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: Отбасының, балалардың суреттері. Дидактикалық ойын.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, ойын.

Шаттық шеңбері.

Тосын сәт: Қонаққа Дымбілместің келуі.

– Сәлеметсің бе, Дымбілмес.

Дымбілмес: Сәлеметсіңдер ме? Балалар, маған сендердің көмектерің қажет. Білгішбектің жасырған жұмбақтарының жауабын дұрыс шешсем, ол мені өзінің «Білгіштер» тобына қабылдайды. Бірақ, мен қанша оқысам да, басыма түк кірер емес.

– Дымбілмес, сен қамықпа. Біздің балалар саған көмектеседі.

Білгішбектің тапсырмалары:

1-жұмбақ:

Тәрде отыр кәріміз,
Қуат берер данамыз.
Әулиедей аялап,
Ардақтаймыз бәріміз! (Ата)

2-жұмбақ:

Әлемдегі ең асыл жан,
Жақсылыққа үйреткен.
Жамандықтан шектейді.
Ешкім оған жетпейді! (Әже)

3-жұмбақ:

Қиын-қиын жолдардан,
Қорықпаймын ол барда.
Асқар таудай ардақтап,
Өтемін оны пір тұтып. (Әке)

4-жұмбақ:

Ботам менің – өмірдегі тірегім,
Ботам менің – кеудемдегі жүрегім.
Егер менің қасымда сен болмасаң,
Бұл өмірде қалай ғана жүремің. (Ана)

– Балалар, біз жұмбақтың жауабын дұрыс таптық.

Дымбілмес: Алақай, мен енді «Білгіштер» тобына қабылданамын. Балалар сендер маған көмектестіңдер. Сендерге рахмет! Енді мен Білгішбекке барып жауабымды айтайын. Сау болыңдар.

– Балалар, отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Олар бізге ең жақын, бізді әркезде қолдап, қол ұшын беріп, көмектесетін, ақыл айтатын, жаман мен жақсыны, оң мен солды үйрететін ең жақын адамдар.

Сергіту сәті.

– Сендердің әрқайсыларыңның өз отбасыларың, аналарың, әкелерің, апайларың, ағаларың, қарындастарың, інілерің бар. Сендер оларды қатты жақсы көресіңдер ме? (Балалардың жауабы).

– Жақсы, үйден ата-аналарыңның көмегімен отбасылық сурет галереясын жасап келулеріңді сұраған едім. Қане, көрмеге назар аударайық.

– Балалар, кім маған өз отбасы туралы айтып береді? (Балалар өз отбасымен түскен суреттеріне қарап әңгімелейді).

Дидактикалық ойын. «Менің отбасым дастарқанда».

Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге үйрету. Балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.

Шарты: Берілген отбасы мүшелерін өз орындарына отырғызу.

– Сендер ойынды өте жақсы ойнап шықтыңдар.

«Ақылды қария – ағып жатқан дария» – деген мақалды қалай түсінесіңдер. Міне, мынау қария – ол атамыз. Ата дегенде бірден қандай ой келеді. (Балалардың жауабы).

– Керемет балалар! Иә, біздің отбасымыздағы ең үлкені, аса сыйлы, ақылшымыз, ол әрине, қариямыз-атамыз. Ал, дария дегеніміз теңізден кіші, өзеннен үлкен су. Ал, су балалар таза болады, бір орнында тұрмай сарқырап ағып жатады. Ендеше қариямыз дариядай жылдар бойы жинаған ақылын бізге айтып отырады екен. Ендеше балалар осы мақалды жаттап алайық. «Ақылды қария – ағып жатқан дария».

«ӨЗ-ӨЗІМДІ ҚҰРМЕТТЕЙМІН»

ХОДЖАЕВА Багира Габитқызы,
№39 «Хиуаз» балабақшасының тәрбиешісі

Білім саласы: Әлеуметтік орта.

Білім бөлімі: «Өзін-өзі тану».

Мақсаты: Балаларға адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсінік беру. Өзін-өзі тани білуге, жақсы істер жасай білуге баулу. Әдептілік туралы түсініктерін кеңейту. Ұқыптылық, жақсылық, адамгершілік ұғымының мәнін ашу. Өзін-өзі бағалай білу түсініктерін қалыптастыру.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, қараңдаршы, қандай суреттер көріп отырсыңдар? (Балалар мектепке бара жатыр. Атаға көмек көрсетуде...).

– Егер біз өз-өзімізді жақсы көретін болсақ, бойымызға осындай игі қасиеттер дариды. Өз-өздеріңді жақсы көру арқылы адамгершілікті, кішіпейілділікті, мейірімділікті, үлкенді құрметтеуді үйренесіңдер.

Күн: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Бар жақсылық жақсы адамның жолында,

Жаман болып тумайды ешкім анадан.

Жаман адам қайдан шыққан соңында?

Соны ойла да өзіңе-өзің есеп бер.

Көктем – өмір, көгерер бәйшешектер,

Екі жол бар жағаласып жататын,

Жақсылыққа апаратын жетекке ер.

– Күн, тілегіңе көп рахмет! Балалар, саған өздерін не үшін жақсы көретіндері жайлы айтып бергісі келеді. Күн, сен өзінді жақсы көресің бе?

Күн: Иә, мен өзімді құрметтеймін. Өйткені, мен үлкенмін, жарықпын, жылы және өте ыстық боламын. Мен балалардың үлкен болып өсуіне, бақшаның гүлденуі мен жердің құлпыруына мүмкіндік беремін.

– Әр адам өзінің жақсы қасиеттерін білуі тиіс. Қане, балаларды тыңдайық.

1-бала:

Жақсыдан үйрен.

Жаманнан жирен.

2-бала:

Бала болсаң болғандай бол,

Ағайынға қорғандай бол

3-бала:

Еңбек адамның көркі,

Адам заманның көркі.

4-бала: Ашу дұшпан, ақыл дос.

Ойын: «Айна».

– Балалар, қане, бәріміз бірдей айнаға қарайық. (Балалар айнаға қарап өздері жайлы айтады).

– Мен жалқау емеспін.

– Мен үнемі таза жүремін.

– Мен ата-анамды құрметтеймін.

– Мен үнемі кіші балаларға қамқор боламын.

– Мен жақсылық жасай аламын.

– Үлкенді құрметтеуді білемін.

Күн: Балалар, сендер де өздеріңнің жақсы қасиеттеріңді біледі екенсіңдер. Әрдайым өздеріңді сыйлап, құрметтендер. (Балалармен қоштасады).

Сергіту сәті.

– Балалар, орындарына еркін жайғасып отырыңдар. Көздеріңді жұмып, терең демалыңдар. Жүрегіміз мейі-

рімге толы. Тек жақсы істерді ойлаймыз. Бойымыздағы жақсы қасиеттер арқылы өзімізді құрметтейміз. Енді көздерінді ашыңдар. (Күтпеген жерден Кірқожалақ келеді).

Бала:

Мынау бала, түрін кара,
Кір-қожалақ қап- кара.
Тырнақ өскен, шашы көптен,
Алынбапты маскара!
– Сен кімсің?

Кірқожалақ: Кім екенімді табыңдар!

Жуынуды ұнатпаймын,
Сабынмен достаспаймын.
Лас боп жүргенді ұнатамын,
Сондықтан да Кірқожалақпын!
– Сен бізге неге келдің?

Кірқожалақ: Мен өзіме дос іздеп келдім. Бұл балалардың арасында кірқожалақтар бар шығар?

– Біз тазалықты сүймейтін және өзін жақсы көрмейтіндермен дос болмаймыз.

Кірқожалақ: Мені қумандаршы. Өзін жақсы көретін бала қандай болуы керек?

– Кірқожалаққа өзін жақсы көретін бала қандай болатынын айтып беріндерші.

Балалар: Біз таңертең жаттығу жасаймыз, тісімізді тазалаймыз, беті-қолымызды жуамыз, шомыламыз. Таза киім киеміз.

– Көрдің бе, Кірқожалақ. Біздің балалар өздерін таза ұстайды, тәртіпті, ұқыпты. Сондықтан да өздерін жақсы көреді. Қане, Кірқожалақты тазалыққа сиқырлайықшы. (1, 2, 3 – «Таза бол»).

Кірқожалақ: Рахмет достар, мен енді таза болып жүремін. Өзімді жақсы көремін. (Қоштасады).

Ойын: «Мен жақсы көремін».

Ойынның шарты бойынша балалар табиғат, ауыл, отбасы, гүл, балабақша бейнеленген суреттерге қарап, оларды не үшін жақсы көретінін айтып береді.

– Мен табиғаттың таза ауасын жақсы көремін.

– Мен ауылдың құрт, май, ірімшігін жақсы көремін.

– Ата-анамды мәпелеп өсіргені үшін жақсы көремін.

– Гүлдің әдемілігі мен иісін жақсы көремін.

– Балабақшамды тәрбие бергені үшін жақсы көремін.

Қорытынды: Өзін-өзі жақсы көру дегеніміз, жақсы қасиеттерге ие болу. Таза, ұқыпты жүру. Достарын, туған-туысқандарын сыйлау, жақсылық жасау. Сонда ғана өз-өзімізді құрметтейміз. (Балаларды мақтау, мадақтау).

«ТАБИҒАТТАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ»

МОЛДАБАЕВА
Ботагоз Омирбайқызы,
№39 «Хиуаз»
балабақшасының
тәрбиешісі



Мақсаты: Балаларды табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетін, дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Өзін-өзі бағалауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер. Орман көрінісі.

Әдіс-тәсілдері: Сөздік, көрнекілік, ойын.

Шаттық шеңбері.

Тәрбиеші балалардан жыл мезгілдері, олардың өзіне тән ерекшеліктері жайлы сұрайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.

– Балалар, бізге Ернар мен Жанар есімді достарын хат жолдапты. Олар орманнан саңырауқұлақ терген екен. Алайда олардың қайсысын жеуге болатындығын

білмейді. Сол себепті сендерден көмек сұрайды. Бірақ, олар өздерінің қандай саңырауқұлақ жинап алғандығы туралы айтпапты. Суреті де жоқ. Олар бізді орманда күтетіндіктерін жазыпты. Сондықтан мен сендерді орманға саяхатқа баруға шақырамын. Барлығымыз көлікке отырамыз. (Тәрбиеші балаларды алдын ала дайындаған орманға алып келеді).

– Міне, орманға келіп жеттік. (Балалар көліктен түседі).

– Балалар, қараңдаршы, айналамызда қоқыстар жатыр. Оны осылай тастап, лақтырып кетуге болмайды. Оған арналған арнайы қоқыс жәшігі бар. Соған тастаймыз. Арасында нанды да тастапты. Ас атасы нан демекші, нанды осылай тастауға бола ма? Нанды біз қастерлеуіміз керек, қоқыстарға тастамаймыз. Оларды біз құстарға, торғайларға шашамыз. Міне, Ернар мен Жанарға да келіп жеттік. Сәлеметсіңдер ме, балалар. (Ернар мен Жанар балалармен амандасып, оларға себеттегі саңырауқұлақтарын көрсетеді).

– Балалар, мынау улы саңырауқұлақтар ғой. Оларды жеуге болмайды. Бұлар адамдар үшін өте зиян. Ернар, Жанар сендер тек улы саңырауқұлақтарды теріп алыпсыңдар. Бұлардың барлығы жарамсыз.

Ернар мен Жанар: Біз білмей қалдық.

– Міне, балалар көрдіңдер ме, егер өздеріне таныс емес өсімдік, саңырауқұлақ немесе жидек көрсендер, оны теріп жеуге болмайды екен. Ал орманда басқа да жеуге жарамды жемістер бар. Мысалы, міне, мына қызыл жидекке қараңдаршы. Мұны адамдар қой бұлдірген деп те атайды. Осыған ұқсас жемісті көргендерің бар ма? (Балалардың жауабы).

– Балалар, табиғат аясында жәндіктерден де абай болуымыз керек. Өйткені мұнда өте қауіпті жәндіктер де бар. Мысалы ара, кене, жылан улы жәндіктер.

Дидактикалық ойын: «Зиянды өсімдіктер мен қауіпті жәндіктер».

Ойынның шарты бойынша балалар алдын ала қиылып берілген суреттердің ішінен серуенге барғанда жеуге болмайтын өсімдіктердің, қауіпті жәндіктердің суретін тақтаға жабыстырады.

– Балалар, сендер білесіңдер ме, орманға, тауға, жалпы табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау

керек? (Жәндіктерден абай болу керек. Отпен ойнауға болмайды. Егер от жаққан болса, кетер кезде оны сөндіру керек. Өйтпесе өрт шығуы мүмкін. Жыланның, кененің шағып алуынан сақтанған жөн. Серуенде жүргенде үлкендерден алыс кетпеу керек. Өзі білмейтін саңырауқұлақтар мен жидектерді теріп жеуге болмайды. Үшкір заттармен ойнамау керек).

Сергіту сәті.

– Жарайсыңдар балалар, саяхатымызды аяқтап балабақшаға оралайық. Міне, балабақшамызға да келіп жеттік. Бүгінгі саяхаттан алған білімдеріңді пысықтап алу үшін тағы бір ойын ойнайық.

Ойын: «Таңдап алда, атын ата».

Ойынның шарты бойынша балалар «Құстың ұясын бұзба», «Ағаштарды сындырма», «Қатты айқайлама», «Құмырсқаның илеуіне тиіспе», «Гүлдерді жұлма» тақырыбына байланысты берілген суреттердің атын атап, оларды тиісті фланеграфқа апарып орналастырады.

Қорытынды.

«КҮЛДІРГІШ БІЗДЕ ҚОНАҚТА»

УЗБЕКБАЕВА
Құндыз Нұрниязқызы,
№39 «Хиуаз»
балабақшасының
тәрбиешісі



Білім беру саласы: «Коммуникация».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Драма.

Мақсаты: Балаларды ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету. Балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру. Кейіпкерлердің іс- әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу. Достыққа, бірлікке, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер, бейнетаспа, ертегі кейіпкерлері.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Шаттық шеңбері:

Біз ерекше баламыз,

Біз әдепті боламыз.

Досымызды көргенде,

Қуанып қарсы аламыз.

– Балалар, бүгін мен өте қуаныштымын. Осы көңіл-күйімді сендермен бөліскім келеді. Қане, бір-бірімізге жақсы көңіл-күйімізді жымию арқылы білдіріп, оқу қызметімізді бастайық.

Ойын: «Сықырлы текше».

Шарты: Текше қырларында әртүрлі көңіл-күй бейнеленген смайликтер жапсырылған. Бір бала ортаға шығып, «Айнал, дөңгелен, бір қабырғаға жат!» деп, текшені ортаға лақтырады. Балалар текшенің бетіндегі суретке қарап, көңіл-күйді салып береді. Кез келген бала көңіл-күйге сәйкес эмоциямен өзі білетін бір тақпақ айтып береді.

Ғажайып сәт: Есікті қағып Күлдіргіш келеді.

Күлдіргіш: Мен әрқашан күліп және бәрін күлдіріп жүргенді ұнатамын. Сендердің де, апайларыңның да көңіл-күйі жақсы сияқты ғой.

– Иә, бізде бүгін ерекше оқу-қызметі болып жатыр. Сондықтан көңіл-күйіміз тамаша. Ал балалар, Күлдіргішпен жақын танысайық. Күлдіргішті кімдер ойнайды? (Актерлер).

– Актер деп кімді айтамыз? (Сахнада өнер көрсететін адамдарды).

– Актерлер түрлі рөлдерді ойнау үшін өздерін қалай өзгертеді? (Костюмдер киеді, беттерін бояйды т.б.).

– Сендер де актер болып ойнағыларың келе ме? (Иә).

– Сендер қандай ертегілерді білесіңдер? («Бауырсақ», «Жеті лак», «Қызыл телпек», «Мақтақыз бен мысық», «Шалқан»).

«Шалқан» ертегісін сахналау.

Сергіту сәті: «Гүл».

Ойын: «Жауабын тап».

Шарты: Жұмбақ жасыру арқылы кейіпкерлердің атын атау. («Бір қазан сүт» ертегісінің кейіпкерлері шығады).

– Балалар, біз бәріміз енді өсіп келе жатқан гүлдерміз. Күн шықты, гүлдер жайлап ашылып, өсіп келеді. Кенеттен баяу жел соға бастайды. Гүлдер желмен жан-

жаққа шайқалады. Бір мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды, гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады. Енді бірде қайтадан күннің көзі ашылып, күлімдеп шығады. Сол сәтте гүлдер де құлпырып, жайнап ашыла бастайды.

Қорытынды: Тәрбиеші қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Оқу қызметінде оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын сұрайды. Балалар әсерлерімен бөліседі.

«ҒАЖАЙЫПТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

ТАЛАСБАЕВА Джумагуль
Буркичбайқызы,
№ 39 «Хиуаз»
балабақшасының
тәрбиешісі



Білім беру саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Драма.

Мақсаты: Балаларды ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету; байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру; тілін дамыту. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Ертегі туралы қуыршақ театры, түрлі-түсті қағаздан жасалған кішігірім көбелектер үлгілері, ширма.

Билингвальды компонент: Ертегі-сказка, қоянзаяц, түлкі-лиса, әтеш-петух.

Шаттық шеңбері.

Арайлап бүгін атты таң,

Шашып бізге шапағын.

Тілейміз сізге ақ таңның

Қуанышын, шаттығын.

– Балалар, сендерді ғажайыптар әлеміне саяхатқа шақырамын. Көзімізді жұмып, тынышталайық. Көз алдымызға ғажайыптар әлеміндегі гүлдерге қонған көбелектерді, сайрап ұшқан құстарды, тауда жүрген аңдарды елестетейік. Ал енді көзімізді ашайық. Ғажайыптар әлеміндегі көріністі бірге тамашалайық. Балалар, сендер көздеріңді жұмғанда не елестетіңдер? (Балалардың жауабы).

Тыныс алу жаттығулары:

– Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Қане, гүлдерді иіскеп көрейікші. Тамаша! (Балалар жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстайды. Сол мезетте мұрын арқылы ауа жұтып, ауа ағымын көбелекке қарай, оны «ұшыру» үшін бағыттайды. Жаттығу 2-3 рет қайталанады).

– Балалар, сендер қандай театрларды білесіңдер? (Қуыршақ театры, конус театры, көлеңке, үстел үсті, саусақ театры).

– Ал, осы театрлардағы рөлдерді кімдер ойнайды? (Актерлар).

– Қандай ертегілерді білесіңдер? Актер болып ойнап көргілерің келе ме? (Иә).

Тосын сәт. Қоянның келуі.

– Сәлеметсің бе, қоян. Сен неге көңілсізсің?

Қоян: Мені түлкі үйімнен қуып шықты.

– Қоян, бәрі жақсы болады. Сен уайымдама.

Сергіту сәті.

– Балалар, мен сендерді ғажайыптар әлеміндегі «Түлкі мен қоян» ертегісін қуыршақ театры арқылы сахналауға шақырамын. Балалар, мәдениет орталығына барғанда өздеріңді тәртіпті ұстауларың керек: ұялы телефонды қолданбаймыз, сағыз шайнамаймыз, қатты сөйлемейміз. (Балалар ертегіні сахналайды).

– Ертегіде не туралы айтылды? Достар қандай болу керек? Түлкінің жасаған әрекеттері дұрыс па? Сен болсаң, не істер едің? (Балалардың жауабы).

– Қоян, сенің көңіл-күйің көтерілді ме? Мен саған мына қуыршақты сыйлаймын.

Қоян: Рахмет. (Балалар қоянмен қоштасады).

Ойын: «Не келе жатыр?».

Балалар шеңберге тұрып, жұмбақтарды шешеді, жануарлардың іс-қимылын қайталап көрсетеді. Сонан соң тәрбиеші қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.

«АТА МЕН ӘЖЕДЕ ҚОНАҚТА»

ТУРСАНИНА Гүльнара Акимжанқызы,
«Колобок» бөбекжай-балабақшасының қазақ тілі мұғалімі

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын, логикалық ойлау, көру, сезіну қабілеттерін дамыту. Қазақ тілінде дұрыс ойлап, сөйлей білуге дағдыландыру. Халқымыздың салт-дәстүріне, өнеріне деген қызығушылығын арттыру. Адамгершілікке, кішіпейілдікке, ұқыптылыққа баулу. Балалардың коммуникативтік әдетін қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер: Өңгімелеу, сұрақ-жауап, диалог, дидактикалық ойындар, ойын ойнату, ән айту, домбырамен ән тыңдау.

Көрнекілігі: Поезд, ұлттық тағамдар, күз бейнесі, дидактикалық карточкалар, жеміс-жидектер, көкөніс муляждары, себеттер.

– Балалар, сәлем сөздің анасы, адамгершіліктің, әдептіліктің баспалдағы. Олай болса, бір-бірімізге жақсы тілек, лебіздерімізді білдірейік. (Балалар тілектерін білдіреді).

– Осы айтылған жақсы тілектер қабыл болып, ниеттеріңе жетіндер! Бүгін бізге әжеміз бен атамыз хабарласып, ауылға қонаққа шақырды. Онда қандай көлікпен барамыз? (Ұшақ, поезд, автобус, жеңіл көлік).

– Біз ауылға поездбен барайық. (Балалар «поездға» отырады).

– Балалар, бүгін күн қандай тамаша, айнала қандай көрікті, әсем!

Сұрақ-жауап: (Мұғалім балалардан күз мезгілінің ерекшеліктері, табиғатта болатын өзгерістер жайлы сұрайды. Балалар сұрақтарға жауап беріп, күз туралы тақпақтарын айтады).

Ән: «Туған жер». (Сөзі Ш.Сариевтікі, музыкасын жазған К.Дуйсекеев).

– Міне балалар, біз ауылға да жеттік! (Балаларды ата мен әже қарсы алады. Олар балалармен амандасып, танысып, жөн сұрасады. Балалар аты-жөнін, жасының нешеде екенін, нені ұнататынын айтып береді).

Әже: Өте жақсы! Сендердің балабақшаларың қалай аталады? («Колобок»).

Ата: Балабақшаларың туралы айтып беріндерші. Онда кімдер жұмыс істейді? (Балабақшамыз биік, үлкен, әдемі, екі қабатты. Бақшамызда меңгеруші, мұғалім, тәрбиеші, күтуші, медбике, аспазшы, күзетші жұмыс істейді).

Әже: Балалар, қане, төрлетіндер, дастархан басына жайғасындар. Шәй ішіндер. Ал атамыз домбырамен ән айтып береді. (Ата домбырамен ән айтады. «Қазақ осы». Сөзі Қадыр Мырзалиевтікі, әні Ә.Телғозиевтікі).

– Қымбатты ата, әже, біздің балалар сіздерге тақпақтарын айтып берсін.

1-бала:

Айтады ертегі жан атам,
Ақсақалын салалап.
Құмарымды тарқатам,
Жер мен көкті аралап.
Аппақ күміс сақалды,
Жақсы көрем атамды

2-бала:

Әжемдей данадан,
Ертекке канамын.
Шақырса даладан,
Жүгіріп барамын.

3-бала:

Аман болсын басыңыз,
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әлі де,
Жүзге жетсін жасыңыз!

Би: «Қамажай».

Әже мен ата: Бәрекелді, жарайсындар! Керемет тақпақ айтып, би биледіндер. Рахмет құлындарым! Коңіліміз бір көтеріліп қалды. Қане, тамақ алып отырындар. Сендер қандай ұлттық тағамдарды білесіндер?

Балалар: Ұннан жасалатын тағамдар: бауырсақ, май шеппек, таба нан. Сүт тағамдары: айран, қатық, қаймақ, қымыз, құрт, ірімшік, уыз, сүзбе, сары май. Ет тағамдары: қазы-қарта, жал-жая, сорпа, сүр ет, қазақша ет, қуырдақ.

Әже: Балалар, біз қай республикада тұрамыз? (Біз Қазақстан республикасында тұрамыз).

Ата: Еліміздің рәміздерін атаңдаршы. (Ту, Елтаңба, Әнұран).

– Отан туралы кім тақпақ біледі?

Отан деген – атамекен,
Отан деген туған жер.
Отан – ана, Отан – үлкен,
Қазақстан – туған ел.

Отан – жерім, Отан – суым,
Отан қуат, нәр берді.
Отан – ұран, Отан – туым,
Отан мәңгі гүлденеді.

Ата: Отан туралы қандай мақал-мәтелдер білесіндер?

Отан оттан да ыстық.
Ел іші – алтын бесік.
Туған жердің ауасы да шипа.
Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
Ер – елінде, гүл – жерінде.
Отанды сүю отбасынан басталады.

Туған жердің жуасы да тәтті.

Құртакандай торғай да, өз ұясын қорғайды.

Ата: Әжелерің сендерге бір жақсы ән айтып берсін. (Әже ән орындайды. Халық әні. «Дедім-ай ау».)

Ата: Жүріңдер, мен сендерге ауладағы жануарларымды көрсетейін. (Ата балаларға сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқыларын көрсетеді).

Ойын: «Ненің дыбысы, ненің жүрісі?».

Ойынның шарты бойыша балалар шеңбер құрып тұрады. Таратылған дидактикалық карточкадағы жануарлардың жүрісін, немесе дыбысын салады. Қалған балалар оның қай жануар екенін табады. (Ата үй жануарлары туралы жұмбақ жасырады. Балалар шешуін табады)

Ойын: «Ханталапай».

Әже: Мен сендерге бақшамдағы жеміс-жидектер, көкөністерді көрсетейін. (Балалар бақшадағы жемістер мен көкөністердің атауларын атайды).

Ойын: «Кім тез жеміс-жидектер, көкөністерді жинайды».

Ойынның шарты бойынша әр бала өз себетіне неше алма, неше алмұрт, неше сәбіз, неше қияр жинағанын санап, айтып береді.

– Балалар, ауылда қонақта біз жақсы демалдық, ойнадық. Ал енді балабақшамызға қайтатын уақыт болды. Жиналайық.

Әже: Құлыншақтарым, мен бауырсақ, құрт әзірлеп қойдым, алыңдар.

Балалар: Рахмет ата, әже! Дендеріңіз сау болсын. Жастарыңыз ұзақ болсын, ауырманыңдар! Сау болыңыздар!

Ата мен әже: Қонаққа келіп тұрыңдар. Сау болыңдар!

*Қарағанды облысы
Саран қаласы*

«КӨҢІЛДІ НОТАЛАР»

Роза ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы №108 балабақшаның
музыка жетекшісі

Шаттық шеңбері.

– Балалар, мен сендерді әуен залында көргеніме қуаныштымын! Сендердің көңілдерің көтерілуі үшін «Жұбынды тап» ойынын ойнайық. Бұл ойын сендерге таныс. Қане, есімізге түсірейік.

Әуенді мен қосқанда,

Көңілді жүгір шаттана.

Әсем әуен тоқтаса,

Жұбынды берме басқаға.



Ойын шарты естеріңе түсті ме? (Иә).

– Енді аяқ ұшымен жеңіл жүгірейік. Тізе бүге билейік. Бір-бірімізге карама-қарсы тұрып қол соғайық. Қол ұстаса айналайық. Вальс ырғағымен билейік. (Балалар әуен ырғағымен ілесе жеңіл қозғалуға талпынады).

– Сендер өз жұптарыңды шатаспай таптыңдар, жарайсыңдар!

Музыка тыңдау. (Құстың үні).

– Балалар, тыңдайықшы, бұл ненің дыбысы? (Құстың).

– Қандай құстың үні? (Бұлбұлдың).

– Дұрыс айтасыңдар, үні қандай керемет! Нәзік, таза. Сендер де ән айтқанда осындай таза, анық айтыңдар. Ал енді қолымызға жаттығуға арналған айнамызды алып, ернімізге, жағымызға жаттығу жасайық.

Ти десе тимейді, тиме десе тиеді. Ол не балалар? (Ерін).

– Дұрыс. Қане, енді әуен арқылы қайталайық.

– Ти десе тимейді, тиме десе тиеді. Енді тақпақ айта отырып, жағымызға арналған жаттығу жасаймыз.

Доп, доп, домалақ,

Кете барды домалап... (Балалар тақпақты қайталайды).

– Міне, біздің даусымыз ән айтуға дайын болды. Ал қандай ән айтатынымызды білу үшін әннің әуенінен үзінді ойнап берейін. Ал сендер оның қандай ән екенін табасыңдар, жарай ма? («Достық» әні).

– Дұрыс таптыңдар, бұл әннің музыкасын жазған композитор И. Нүсіпбаев. Осы әнді орнымыздан тұрып айтып берейік. (Балалар қуана келіседі).

– Өнді өте жақсы айттыңдар, бәрекелді, жарайсыңдар!
Музыкада неше дыбыс бар? (7-дыбыс бар).

– Олар қалай аталады? (До, ре, ми, фа, соль ля, си).

– Бұл дыбыстарды не деп атаймыз? (Нота дейміз).

– Нота қандай болады? (Дөңгелек, түстері ақ, қара).

– Өте дұрыс, бірақ біздің бүгінгі ноталарымыз түрлі-түсті екен. Сондықтан бүгінгі оқу-қызметіміздің тақырыбы «Көңілді ноталар» деп аталады. Өйткені олар өте көңілді. Сендер мына жерден не көріп тұрсыңдар? (Сызықтар).

– Қанша сызық? (5 сызық).

– Бұл не сызық деп ойлайсыңдар? (Нота сызығы).

– Нота сызығы не үшін керек? (Ноталарды жазу үшін).

– Бұл сызықтан сендер нота көріп тұрсыңдар ма? (Жоқ).

– Сонда ноталар қайда кетті екен? (Музыка ойналып Ноталар кіреді).

– Ноталар, сендерге не болды?

Ноталар: Біз орнымыздан адасып қалдық.

– Сендер мұңаймаңдар, балалар сендерге көмектеседі. Қане, балалар, ноталардың орындарын табуына көмек-

тесейік. До нотасын кім орнына қойып береді? Балалар кезекпен шығып, ноталарды орындарына, яғни, сызықтарға қойып шығады.

– Ноталар, сендер орындарыңды таптыңдар ма? Оны қалай дәлелдейсіңдер? (Әр нота өз тақпақтарын айтып береді).

– Енді бізге көңілді би билеп беріңдер!

Би. «До-ре-ми».

– Жарайсыңдар Ноталар! Сендер бізбен бірге болыңдар! Ой, балалар, мына үйшіктің ішінде бір сандықша тұр ғой. Ішінде не бар екен, көрейікші. Мұнда түрлі аспаптар бар сияқты. Осы аспаптардың аттарын ән арқылы айтайық! (Балалар қуана домбыра, сазсырнай, тұяқтас, даңғыра, асатаяқ, шаңқобыз аспаптарын қолдарына алады).

Ән. «Аспаптар әні».

– Рахмет, балалар орындарыңа отыра қойыңдар! Сендер бүгінгі оқу-қызметіне жақсы, белсенді қатыстыңдар, жарайсыңдар! Сол үшін менің сендерге дайындаған сыйлығым бар. Қабыл алыңдар!

Балаларға сыйлық беріледі. (Балалар жақсы көңіл-күймен қол бұлғап залдан шығады).

«САУСАҚ ТЕАТРЫ»

ОСПАНОВА

Ментай Зарыпханқызы,
«Болашақ» балалар бақшасының
II-санатты тәрбиешісі

Білім саласы: Коммуникация.

Оқу қызмет түрі: Драма.

Мақсаты: Саусақ театры арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын жақсарту, жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру; қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту; қиялын, логикалық ойлауын, көру және есту, қабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін арттыру; ұғымталдыққа, икемділікке тәрбиелеу.

Алдын-ала жұмыс: Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау; қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау; ойын-жаттығулар қарастыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Ертегілер суреттері, театр түрлері туралы слайд, саусақ театры.

Сөздік жұмыс: Саусақ театры.

Билингвальды компонент: Саусақ театры – пальчиковый театр.

Шаттық шеңбері.

Ашық менің жүрегім,

Ылғи күліп жүремін.

Бірге ойнап бір жүрер,

Достарым көп, білемін!

«Ертегілер еліне» саяхат. Өткен ертегілердің мазмұнын еске түсіріп, кейіпкерлерге мінездеме беру.



– Жарайсындар, сендер көп ертегі біледі екенсіңдер. Біз бұл ертегілерді біліп қана қоймай, рөлдерге бөліп ойнай да аламыз. Қуыршақ театры деген қуыршақтарды ойнату арқылы ертегіні сомдау. Театрларда қуыршақтарды әртістер ойнатады.

(Балалардың назарын үстел үстінде тұрған қуыршақ театрына аудару).

– Бұл біздің тобымыздағы қуыршақ театрымыз. Бұл жерде әртүрлі қуыршақтар тұр. Олар өте мейірімді, ойнағанды жақсы көреді. Қуыршақ театрында қуыршақтарды қолға кию арқылы жан бітіріп, сөйлетіп, ойнатады. Мынау – көлеңке театры. (Слайдпен жұмыс).

– Бұл театрда қуыршақтар көлеңкелері арқылы қимылдап, қозғалып ертегіні сомдайды. Мынау – үстел үсті театры. Қуыршақтар үстел үстінде өнер көрсетеді. (Конус және қораптар театры қуыршақтары туралы әңгімелесу).

– Балалар, мына театрға қараңдаршы. Бұл – саусақ театры деп аталады. Қуыршақтарды ойнату үшін қолымыз, саусақтарымыз өте қажет. Ендеше, қолымызды, саусақтарымызды дайындап ойын-жаттығу жасап алайық.

Ойын-жаттығу:

Бас бармақты балақай,
Қайда болдың?

Мынау үлкен ініммен,
Орманда болдым бүгін мен.
Мына бір ініммен,
Ас пісірдім бүгін мен.
Одан кейінгі ініммен,
Ботқа жедім мен енді.
Ал, мына ініммен,
Би биледім, ән салып.

– Саусақ театрында тек саусақты қозғап қана қоймай, мәнерлі сөйлей білу керек. Кейіпкеріміздің көңіл-күйін білдіріп және сөйлеп тұрған қуыршақты дауыс ырғағына қарай қозғап, қимылдату керек.

«Үйшік» ертегісін саусақ театры арқылы ойнату.

Сергіту сәті.

– Балалар, бүгін театр әлеміне саяхат жасадық. Қуыршақ театрының түрлерімен таныстық. Соның ішінде саусақ театрымен жақынырақ танысып, ертегі желісімен ойнап бердік. Тапсырманы орындауда саусақтарды қимылдату қиындық тудырмады ма? Саусақ театрын ойнау несімен ұнады? (Балалардың жауабы).

Балаларды мадақтау, бағалау.

*Шығыс Қазақстан облысы
Күршім ауылы*

«4 САНЫ ЖӘНЕ ЦИФРЫ»

ҮЙДИЕВА С.Н.,

«Еркемай» бөбекжайының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Бөлімі: Қарапайым математика.

Мақсаты: Балаларды 4 санымен таныстыру. Оны өзге сандар ішінен таба білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, ғажайып сәт, ойындар, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: 1-ден 4-ке дейінгі сандар, суреттер, тақшалар.

Билингвальды компонент: Бір-один, екі-два, үш-три, төрт-четыре.

Шаттық шеңбері:

Қолды көкке созайық,
Азайтайық, қосайық.
Сан есептің сарайын,
Бірге кәне ашайық.

– Балалар, біз бүгінгі оқу-қызметімізде 4 санымен танысамыз.

Ғажайып сәт: Есік қағылады, топқа Ханша Төрт кіреді.

Ханша: Сәлеметсіңдер ме, достар. Мен Ханша Төртпін, менің мекендейтін жерім Математика елі. Маған менің достарым 1, 2, 3 сандары «Еркемай» бөбекжайының балаларымен танысып келгенін айтты. Олар өте ақылды, тәртіпті, білгіш бүлдіршіндер екен – деп, сендерді мақтады. Мен де сендермен жақынырақ танысқым келді. Мен сендерге тапсырмалар алып келдім. Оларды орындасандар дос боламыз.

1. Экраннан төрт жыл мезгілінің суреті көрсетіледі. Бір жылда неше мезгіл бар? (Бір жылда төрт мезгіл бар: күз, қыс, көктем, жаз).

2. Экраннан төрт тәулік мезгілі көрсетіледі. Балалар, сендер тәуліктің төрт мезгілін білесіңдер ме? (Таңертең, күндіз, кеш, түн).

Ойын: «Күн және түн» .

Шарты: Айтқан сөздерді мұқият тыңдап «күн» дегенде ойнап, «түн» дегенде ұйықтап қалу керек.

– Ханша, сіз отырып демалыңыз, балалардың жауаптарын тыңдаңыз.

– Балалар, біз қай елде тұрамыз? (Қазақстанда тұрамыз).

– Қазақстанның астанасы қай қала? (Нұр-Сұлтан қаласы).

– Біздің кең байтақ жеріміз, көптеген ірі-ірі қалаларымыз бар. Кең даламызда төрт түлік мал өседі. (Экраннан төрт түлік малдың суреттері көрсетіледі).

– Төрт түлікке не жатады? (Төрт түлікке қой, сиыр, жылқы, түйе жатады. Қой жүнін, етін береді, оның төлі қошақан. Сиыр сүт, ет береді, төлі бұзау деп аталады. Жылқы қымыз, ет береді, төлі құлыншак. Түйе түбіт, шұбат береді, төлі ботақан деп аталады).

Ханша: Қандай ақылды балаларсыңдар, көп біледі екенсіңдер.

Сергіту сәті:

Қәне, балалар тұрайық,
Алақанымызды соғайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз тынығып алайық.
Қарлығашқа ұқсайық,
Қанатымызды жазайық.
Ұшып, ұшып алайық,
Орнымызды табайық.

Дидактикалық ойын: «Көршісін тап».

Шарты: Төртке дейінгі сандардың көршісін айтып, тура және кері санау.

– Ханша алып келген тапсырмалардың арасындағы мына есепті шығарып көрейікші:

Төрт алманың біреуін,

Досың сұрап алады.

Айтшы, сонда нешеуі,

Өз қолыңда қалады? (3 алма қалады).

– Балалар, Ханша бізге ғажайып дорба алып келген екен, оның ішінде не бар екен көреміз бе? Мынау не? (Төртбұрыш, ол қызыл түсті).

– Төртбұрыштың үстіне үшбұрыш қондырсақ, не болып шығады? (Үй).

– Мынау қандай түсті төртбұрыш? (Сары түсті төртбұрыш).

– Астына төрт кішкентай домалақ қондырсақ, не болып шығады? (Вагон).

Ойын: «Түймелерді жина».

Шарты: Балалар түймелерді төрт-төрттен топтастырып, жылдам жинап, санайды. Сонан соң Ханша балаларға 4 санын таяқшадан қалай құрастыруға болатынын көрсетеді.

Ханша: Сендер өте ақылды екенсіңдер. Менімен дос боласыңдар ма? (Иә).

Ханша: Мен өте қуаныштымын. Ал енді мен басқа балабақшаға барып, ондағы балалармен танысайын. Сау болыңдар.

Тәрбиеші оқу қызметін қорытындылап, ризалығын білдіріп, балаларға сыйлықтар ұсынады.

Қорытынды

«ТҮСТЕР»

ЖИЕНБАЕВА Г.С.,
«Еркемай» бөбекжайының
II-санатты тәрбиешісі



Мақсаты: Балаларды негізгі түстерді танып, атай білуге үйрету. Түстер туралы білімдерін, ұғымдарын бекіту. Зейінді, есте сақтауды дамыту.

Көрнекіліктер: Әртүрлі ойыншықтар, түрлі-түсті пішіндер.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, ойындар, сергіту сәті, ұнтаспа тыңдату.

Шаттық шеңбері.

Ғажайып сәт: Есік қағылып, топқа Қоян келеді. Балалар сәлемдеседі.

Қоян: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Міне, қандай керемет! Сендердің топтарыңда ойыншықтар көп екен. Менің де осы ойыншықтармен танысып, ойнағым келеді.

– Балалар, қане, Қоянға әуелі ойыншықтардың атын, олардың түсін айтып берейік. Мынау не? (Машина, түсі қызыл).

– Мына доптың түсі қандай? (Көк).

– Мына балапанның түсі ше? (Сары).

– Қане, қайталап айтайықшы, са-ры, қы-зыл, көк, жа-сыл.

Осы кезде музыка ойналып, түрлі-түсті пішіндер артына жасырынған Қошақан, Ботақан, Лақ шығады. Балалармен амандасады.

– Балалар, осы үй жануарларының дыбысын тыңдайық. Қайсысы қалай дыбыстайды екен? (Ұнтаспадан әр жануарға сәйкес дыбыстар тыңдалады. Әрқайсысы

өздері жасырынған пішіндер атауын, түсін айтып, балаларға қайталады).

Д/о: «Түстерді ата».

Шарты: «Ақылды қаламды» пайдалану арқылы балалармен түстерді атау.

– Қоян, біздің балалар осы ойыншықтар туралы тақпақтар біледі. Қане, балалар, тақпақтарды еске түсірейік?

Рахим:

Үлкенмін ғой, міне, мен,
Ойыншықтарды жинаймын.
Машинаға мінер ем,
Кабинаға сыймаймын!

Асыл:

Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Әмір беріп бұйырсақ.

Қоян: Ой, балалар, қандай керемет, рахмет сендерге!

Сергіту сәті: «Бала, бала, балақан». Музыка әуенімен қимылдар жасау.

Д/ойын: «Түстеріне қарай топтастыр».

Шарты: Үстел үстінде жатқан түрлі-түсті пішіндерді түсіне қарай ыдысқа салып, жинау. Әр пішіннің түсін айту.

Қоян: Рахмет, балалар. Сендермен өткізген бүгінгі күнім өте тамаша болды. Мен енді орманға қайтайын. Өйткені, мені анам іздеп жатқан болар. Сау болындар!

– Сау бол, қоян.

*Батыс Қазақстан облысы
Ақжайық ауданы
Лбишін ауылы*

«САНДАР», «ЦИФРЫ», «NUMBERS»

АБДИЕВА Азиза Ерикқызы,
«Құлыншақ» бөбекжайының
ағылшын тілі жетекшісі

Білім саласы: Қатынас.

Білім бөлімі: Ағылшын тілі.

Мақсаты: Балаларға заттарды, ойыншықтарды үш тілде 1 ден 10 ға дейін санауға үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың санауға деген қызығушылығын арттыру.

Полингвальды компонент: Неше? Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он сандар.

Сколько? Один, два, три, четыре, пять, шесть, семь, восемь, девять, десять цифры.

How many? One, two, three, four, five, six, seven, eight, nine, ten numbers.

Көрнекіліктер: Сикырлы сандықша, түрлі-түсті ойыншықтар, жұмыс дәптері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап, қайталау.

Инклюзивті әлеумет: Сөйлеуі баяу балалармен жеке жұмыс.

Шаттық шеңбері:

One, two, three
I can see
One, two, three
You are free

– Сәлеметсіндер ме балалар! Здравствуйте дети!

Hello children!

(Балалар мұғаліммен амандасады).

– Ал балалар, өткен тақырыптар бойынша сөздік жұмыс жасап өтейік.

Балабақша-Kindergarten.

Отбасы-Family.

Ойыншықтар-Toys.

Көкөністер-Vegetables.

Жемістер-Fruits.

Азық-түлік-Food.

– Жарайсындар балалар! Бүгінгі біздің оқу қызметіміздің тақырыбы «Сандар», ағылшын тілінде «Numbers», орыс тілінде «Цифры» деп аталады.

(Мұғалім сикырлы сандықшаны ашып, ішіндегі ойыншықтарды көрсетеді).

– Балалар, сандықшаның ішінде неше ойыншық бар, қане, санайықшы? (Балалар қазақша, орысша санайды).

– Ал енді балалар, ағылшын тілінде санап үйренейік.

– One, two, three, four, five, six, seven, eight, nine, ten. (Балалар мұғаліммен бірге қайталайды).

Сергіту сәті: A.B.C song.

Дидактикалық ойын. «Бірден онға дейін санау».

Мақсаты: Ойын арқылы бірден онға дейін санап, түстерді ажырата білуге үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту.

Қорытынды.

*Жамбыл облысы
Тұрар Рысқұлов ауданы
Жаңатұрмыс ауылы*

«СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ»

СЕЙЛЖАНОВА
Бақыт Дүйсенбіқызы,
«Нұрлы таң» бөбекжай -
балабақшасының
II-санатты тәрбиешісі



Білім беру саласы: Әлеуметтік орта.

Білім көздері: Экология негіздері.

Мақсаты: Танымдық қызметтің тәсілдерін пайдалана отырып, судың ерекшелігін әңгімелеп, бала бойындағы экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру. Сумен тәжірибе жасау арқылы баланың бақылап-байқау әрекетін жетілдіріп, ойлаудың қарапайым нысандарын дамыту. Табиғаттың баға жетпес байлығы – суды қорғап, сақтай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Слайд, зерттеуге арналған құралдар, су, мұз, қар, сүт, тұз, қант.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, тыйым сөздер.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, қазір, жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс айларын атап беріңдерші? Ерекшеліктері қандай? Ауа райы қандай болады?

(Балалар сұрақтарға жауап береді).

Тәжірибе: Үш стаканға су құйып, біреуіне тұз, екіншісіне қант, үшіншісіне су құямыз. Қай суды ішуге болады? (Стакандағы суды ішуге болады).

– Сүтке қасық салып көрейікші, қасық көрінеді ме? (Көрінбейді).

– Суға қасық салып көрейікші, қасық көріне ме? (Көрінеді).

– Яғни, судың түсі мөлдір, дәмі жоқ. Су мұзға, қарға айналады. Су адам өміріне, жан-жануардың, құстардың тіршілігіне аса қажет.

– Сусыз өмір сүре аламыз ба? (Жоқ).

– Енді осы «су» сөзін орыс, ағылшын тілінде қалай айтамыз? (Орыс тілінде «вода», ағылшын тілінде «water»).

– Балалар, ішетін су қандай болу керек? (Слайд арқылы көрсету).

Су туралы тақпақтар.

Сергіту сәті.

Тәжірибе: Үстел үстіне суды төгеміз. Балалар, суда пішін болмайды. Енді осыған жаңбырдың суретін салайық. Шүберек пен суды сүртеміз. Енді судың қандай қасиетін білдіңдер? (Судың сіңу қасиеті бар).

Жұмбақ:

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады. (*Қар*)

Өзі судан жаралған,

Бірақ судан қорқады. (*Мұз*)



Монтессори әдісінің элементі бойынша саусақ қимылдары арқылы тәжірибе жасау.

Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Қай суды ішуге болады? Ішуге болатын суды көк, ішуге болмайтын суды қызыл түспен белгілеу.

Дидактикалық ойын: «Жер, су, ауа».

Ойын шарты: Ақ шарды көтергенде құстарды атайды, жасыл шарды көтергенде жан-жануар, жеміс-жидектерді атайды. Көк шар көтерілгенде балықтар аталады.

Қорытынды.

Алматы облысы
Алакөл ауданы

«ҚОНЖЫҚ БІЗДЕ ҚОНАҚТА»

КЕЛГЕНБАЕВА А.Ж.,
Талдықорған қаласындағы
Құрама үлгідегі
№1 ясли-бақшасының
тәрбиешісі



Білім беру саласы: Шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Дәстүрден тыс сурет салу.

Мақсаты: Балалардың жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттау арқылы сөздік қорын байыту. Дәстүрден тыс паролон губкамен суретті бастырып салуды үйрету. Саусақтардың қимыл-қозғалысын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қажетті көрнекі-құралдар: Жануарлардың суреттері, губка, сулық, гуашь бояуы, ақ қағаз қонжықтың суретімен.

Әдіс-тәсілдері: Ғажайып сәт, әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру.

Билингвальды компонент: Аю-медведь, қонжық-медвежонок.

Шаттық шеңбері:

Бақшамызға барамыз,

Досымызды табамыз.

Сәлемет пе, міне мен,

Доспын енді сенімен.

Ғажайып сәт: Қонжықтың келуі.

– Қонжық, сен қайдан келе жатырсың?

Қонжық: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен орманнан

келдім. Күнде мен жаңғақ теріп, үйіме апарамын. Анама үнемі көмектесіп жүремін. Орманнан шығып қарасам, бір жасыл үйшік тұр екен. Осылайша сендерге тап болдым. Сендер кімсіңдер?

– Сен суретшілер әлеміне келдің. Мұнда отырған бүлдіршіндер суретшілер. Олар саған сенің суретіңді салып береді.

Қонжық: О, алақай, керемет!

(Балалар тақтадағы үлгі суретке қарап, губканы бояуға батырып толықтай қонжықтың суретін бастырып, қоңыр түспен салады. Тәрбиеші сурет салудың әдіс-тәсілдерін көрсетеді).

1. Саусақтарды қимыл-қозғалысқа келтіру.

2. Қоңыр түсті бояуды бойына сіңіріп тұрған губканы алып қонжықтың бетіне бастыру арқылы түсіру.

3. Бояу түсін ажырата білу.

4. Сыртына шығармай бояу.

5. Майлыққа колдарын сүртіп, орындарын ретке келтіру.

Қонжық: Салған суреттерің маған ұнады, енді мен сендермен қоштасайын. Сау болыңдар! (Сау бол, қонжық).

Сергіту сәті.

Ал, балалар келіңдер,

Бой жазайық бәріміз.

Мойнымызды бұрамыз,

Қолымызды созамыз.

Топ-топ басып аяқпен,

Орнымызға барамыз.

Дидактикалық ойын: «Не артық».

Ойынның шарты бойынша балалар берілген суреттерді қарап, онда не бейнеленгенін айтады. Олардың ішінен, қай жануар артық екенін табады.

Қорытынды.

«КӨҢІЛДІ ҚЫС»

ТУРАЛИЕВА

Гүлшара Далабайқызы,
Атырау қаласындағы
№54 «Айгүл» бөбекжай -
бақшасының II-санатты
тәрбиешісі



Білім беру саласы: «Коммуникация».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту.

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Қыс мезгіліне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізуге, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Санамақ тіл ұстарту жаттығулары арқылы тілдерін дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: Слайд.

Билингвальды компонент: Аққала-снеговик, қар-снег, қыс-зима.

Шаттық шеңбері.

Жұмбақ:

Шанамен зырғып желетін,

Коньки, шаңғы тебетін,

Аққала жасап ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс мезгілі).

– Жарайсындар, қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? (Қар жауады, жер тайғақ болады, аяз болып, боран соғады).

– Балалар, боран соққанын қимылмен қалай көрсетеміз? (Балалар қолдарын жоғары көтеріп, гуілдейді).

– Қатты аяз болып, тоңғанда не істейміз? (Аяқтарын топылдатады).

– Ал, боран басылып күн шыққанда ше? (Алақай, деп қолдарын көтереді).

– Біз қыс мезгілінде тоңбас үшін үстімізге қандай киімдер киеміз? Қане, іс-қимылмен көрсетейікші (Балалар іс-қимылмен көрсетеді).

– Балалар қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсындар? (Қар лақтырып, аққала жасап, шанамен сырғаймыз. Шаңғы, коньки тебеміз).

– Қыста ауа таза болады. Сондықтан да сендер денсаулықтарың мықты болу үшін таза ауада ойнауларың керек. Ойын арқылы денелерің шынығады. Балалар, мынау ненің суреті? (Аққала).

– Аққала неден жасалады? (Қардан).

– Қардың түсі қандай? (Ақ).

– Аққала неше бөліктен тұрады? (Үш бөліктен тұрады).

– Оның бөліктерінің пішіндері қандай? (Дөңгелек).

Ғажайып сәт. (Аққала ұнтаспадан сөйлейді).

Аққала: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендердің мен туралы айтқандарыңды естідім. Мен балабақшаларыңа барайын десем, ол жерде ыстық. Сондықтан, еріп кетем бе деп қорқамын. Менің сендерге берер тапсырмам бар. Оларды орындай аласыңдар ма? (Иә, орындаймыз).

1-тапсырма: Тіл ұстарту жаттығуы.

Бс-ыс-ыс,

Келіп жетті қыс.

Ар-ар-ар,

Жауады қар.

Яз-яз-яз,

Сақылдаған сары аяз,

Ран-ран-ран,

Соғады боран.

Сергіту сәті.

Шынығамыз бәріміз,

Иіліп, бүгіліп денеміз.

Хоккейді де ойнаймыз,

Шаңғыны да тебеміз.

Әрлі-берлі жол салып,

Қар лақтырып ойнаймыз.

Қорықпаймыз аяздан,

Спортшы болмай қоймаймыз.

2-тапсырма: Суретпен жұмыс. (Сурет бойынша әңгіме құрау).

3-тапсырма: Қыс мезгілінің ұнайтын және ұнамайтын жақтарын атаңдар? (Жаңа жыл келеді, шаңғы, коньки тебеміз, шанамен сырғаймыз, қар жауады, қар лақтырып ойнаймыз, аққала жасаймыз. Бұл бізге ұнайды. Қатты аяз болады, суық жел тұрады, боран соғады. Біз суықта тоңамыз).

4-тапсырма: Санамақ. «Менің киімдерім». Авторы Ө.Ақыпбекұлы.

«1» дегенім – бөрік,

Кисең бойға көрік.

«2» дегенім – етік,

Киер сәнді етіп.

«3» дегенім – ішік,

Теріден тігер пішіп.

«4» дегенім – тымақ,

Қыста кисең жылы-ақ.

«5» дегенім – байпақ,

Іші жылы тайпақ.

5-тапсырма: «Суретші баланың қателігін тап».

Аққала: Жарайсындар балалар, менің тапсырмаларымды орындадыңдар! Рахмет! Сендер өте ақылды, бі-

лімді, тапқыр екенсіңдер! Мен сендермен қоштасамын, келесі жылы кездескенше сау болыңдар!

Қорытынды.

«ҰЛПА ҚАРЛАР»

**ОРЫНБАЕВА Ұлбосын Батыржанқызы,
«Құлыншақ» бөбекжайының бейнелеу пәні
оқытушысы**

Білім беру саласы: Қатынас. Шығармашылық.

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту. Сурет салу.

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін тиянақтау. Қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін әңгімелеп айту арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Эстетикалық талғамға сай тәрбиелеу. Қысқы табиғаттың әсемдігін тамашалап, шығармашылық жұмыстарды орындау дағдысын қалыптастыру. Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Балаларға дәстүрден тыс сурет салғызу.

Көрнекіліктер: Қыс көрінісі.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ-жауап.

Құрал-жабдықтар: Ақ қағаз, қылқалам, тұғырық, майшам, субояқ, дымқыл сүлгі.

Билингвальды компонент: Қыс – зима, ұлпа қар – снежинка, аққала – снеговик.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар. Ол жылдың қай мезгіліне байланысты айтылғанын табыңдар.

Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды.

Қар омбығып, бет домбығып,

Балдырғандар ойнайды.

Бүлдіршіндер айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады? (Қыс мезгілі).

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс мезгілі).

– Қыс мезгілінде ауа райында қандай өзгерістер болады? Бұл мезгіл сендерге ұнайды ма? Мына суреттен нені байқадыңдар? Қардың түсі қандай? Қар суық па, жылы ма? (Балалардың жауабы).

Суретпен жұмыс.

– Балалар, мына суретке қарап, сөйлем құрайықшы. Қыста қандай ойындар ойнаймыз? Қандай киімдер киіміз? (Балалардың жауабы).

– Жарайсындар балалар! Енді өнер орталығына барып, ұлпа қардың суретін салайық. (Балалардың жұмысы).

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ,

Қала салсақ, жол салсақ.

Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау. Балалармен бірге көрме ұйымдастыру. Балаларды мақтап, мадақтау.

Жамбыл облысы



«РАЗВИТИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ ЧЕРЕЗ РАЗВИТИЕ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ»

ТЕЛЕГЕНОВА Гульмира Онгарбаевна,
воспитатель ясли-сада №9 «Наурыз»

Цель: Формировать интеллектуальные способности детей через различные игры и упражнения. Развивать мелкую моторику рук, координацию движения и навыки логического мышления. Повышать творческую способность и находчивость детей. Развивать тактильную чувствительность.

Свою работу по этой теме я начала с детьми раннего возраста и с I младшей группы. У детей этого возраста еще не сформированы навыки самообслуживания. Но все мы знаем что эти навыки имеют огромное влияние на развитие мелкой моторики рук при обучении и воспитании детей.

Мелкая моторика-координированный набор мышечной, костной и нервной систем, когда мелкие и точные действия пальцев рук и пальцев конечностей и кистей рук часто сопряжены со зрительной системой. Наряду с навыками моторики рук и пальцев часто используется термин «гибкость». К области мелкой моторики относится много разнообразных движений: от примитивных жестов, таких как захват объектов, до очень мелких движений, от которых, например, зависит почерк человека. Пассивная тренировка – это первый этап развития мелкой моторики. Целевое использование упражнений предполагает следующие методы: поглаживание, обычный массаж и вибрация. Массажные действия начинаются с кончика пальца и продолжаются в суставах. При этом массажные действия проводятся в зависимости от индивидуального развития ребенка и оно не должно раздражать ребенка. Только после этого рекомендуется переходить к активным упражнениям. Упражнения выбираются в зависимости от уровня развития мелкой моторики ребенка. Во время массажа можно просто поставить лирическую мелодию и сопровождать различными короткими ритмическими стихами. Все упражнения делятся на 3 группы:

1-группа – упражнения для кистей рук: развивают способность подражать; развивает умение удерживать мышцы в течение нескольких лет. Учит переходить от одного движения к другому.

2-группа – условные статические упражнения для пальцев: Осуществляет полученные ранее навыки на высоком уровне и требует более четкого движения.

3-группа – динамические упражнения для пальцев: развивает четкую координацию движения; учит сгибать и писать пальцы рук; ставить главный палец напротив других пальцев.

Уровень развития мелкой моторики – один из показателей интеллектуальной готовности ребенка к школьному обучению. Ребенок, имеющий высокий уровень развития мелкой моторики научится говорить без особого труда. Он умеет логический рассуждать, у него развиты память, внимание, связная речь. Ребенок с низким уровнем развития моторики быстро утомляется. Его внимание быстро рассеивается, появляется чувство тревоги. Ему трудно выполнить задания, связанные с письмом, например при обведении какой-либо фигуры. В дальнейшем это может привести к отставанию в учебе. Поэтому правильное и методическое развитие движений пальцев и кисти рук, стимулирует речевое развитие ребенка в целом благоприятно влияет на исправление речевых дефектов. Поэтому эту работу нужно начинать с раннего возраста.

Учитывая важность проблемы по развитию мелкой моторики, решила работать в этом направлении, в контакте с родителями и специалистами. И чтобы достичь своей цели я разработала долгосрочный проект.

I-этап – Подготовительный. На этом этапе в начале года, провела с детьми диагностику в игровой форме, с целью – выявить уровень развития мелкой моторики у детей по следующим критериям:

- Сжимание и разжимание кулачков
- Потирание кулачков
- Сминание бумаги в кулачке

Критерии делятся на три категории: Точное воспроизведение движения. Элементы движения выполнены, но присутствуют неточности выполнения.

Отсутствует основные элементы в структуре движения. И в результате диагностики показала что мелкая моторика рук у детей плохо развита. То что и следовало ожидать учитывая возраст детей и то что они только пришли в детский сад. Продолжила свою работу тем что дополнила предметно-развивающую среду, сделала картотеку пальчиковых игр, систематизировала игры.

II-этап – Организационный. На втором этапе я разработала перспективный план и так как у меня проект долгосрочный, учитывая возраст детей составила на каждый возраст от I младшей до старшей группы. «Волшебные игрушки» для I младшей группы (к таким играм относятся игры с массажными мячами «ежик», пальчиковый бассейн, пальчиковая гимнастика и т.д. В этом возрасте у детей интенсивно развиваются все способности, что в конечном итоге формирует уровень его интеллекта на всю жизнь Например: концентрация внимания, координация движения и усидчивости, развития речевых центров.

«Интересные игры» для II младшей группы (материалы для таких игр можно найти в любом доме. Например: крупы, пуговицы, палочки. Задания: «Разноцветные бабочки», «Домик для кукол», «Ярко светит солнце» и т.д. Выполнение таких видов заданий способствуют творческому и интеллектуальному развитию детей.

«Пальчиковые игры» для средней группы. Выполняя пальчиками различные упражнения, ребенок достигает хорошего развития мелкой моторики кистей рук, которая не только оказывает благоприятное влияние на развитие речи, но и подготавливает ребенка к рисованию и письму. Многие игры требуют участия обеих рук, что дает возможность детям ориентироваться в понятиях «право», «лево», «верх», «вниз».

«Пальчиковый театр» для старшей группы. Дети дошкольного возраста очень любят сказки, но особенно им понравилось процесс изготовления кукол. Они с большим интересом и удовольствием клеили глазки и завязывали шнурки. Что тоже влияет на развитие мелкой моторики и повышает интеллектуальные способности детей.

3-этап – Итоговая. На этом этапе я обобщила опыт и выпустила брошюру, которую сейчас успешно применяют молодые специалисты нашего сада.

Но я решила на этом не останавливаться и усовершенствовала свою работу на развитие мелкой моторики с помощью вязания. Чтобы способствовать успешной адаптации молодого педагога в педагогической деятельности, укрепить веру в себя, повысить профессиональ-

ные компетентности и творческого мастерства проводила консультации, семинар-практикумы, мастер-классы. С творчеством связаны инновационные технологии. Это: ТРИЗ, Дары Фребеля, Монтессори, интерактивные столы и т.д. Вязание, как и любое рукоделие, это не только творчество, но и полезное для психики занятие. Именно выполнение одних и тех же монотонных действий помогает успокоиться, расслабиться. Как вы сами знаете спокойствие в нашей профессии является одним из необходимых качеств. Вязание лучше чего-либо помогает справиться с тревогой и внутренним напряжением и выйти из состояния стресса. При вязании снижается уровень адреналина, гормона страха. Вязание включает правое полушарие и развивает творчество, а также художественный вкус. Вы учитесь сочетать цвета, фактуры и материалы, поддерживать свой мозг в постоянном тонусе и защищаете себя от болезни Альцгеймера. Вязание помогает поднять настроение. После начала вязания уже через несколько минут уровень эндорфина в крови начинает повышаться. Именно этот гормон отвечает за чувство удовольствия и счастья. А также объединенные работы приводят к сплоченности коллектива. Они становятся ближе и учатся поддерживать друг друга в трудную минуту. Вот наше творчество, вот наши руки, и они создают все что красиво.

*Западно-Казахстанская область
Бурлинский район
город Аксай*

«СВЯЗЬ ИГР ДЕТЕЙ С ТРУДОМ»

**БАЙБОЛОВА Г. К.,
воспитатель «Ясли-сада
комбинированного
типа №1»
г. Талдыкорган»**



Всестороннее воспитание личности ребенка осуществляется в разных видах деятельности: в игре, в труде, на занятиях. И все они, самым тесным образом взаимосвязаны и взаимозависимы. Развитие одного вида деятельности обуславливает развитие другого. В наи-

